

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

**«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы**

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**10/2012 ҚАЗАН**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ**

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

***Басшылыққа алар тірегіңіз***

<b>Күләш ШАЙДАЗЫМҚЫЗЫ.</b>	Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 9, 11-сыныптарына арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспардың үлгілері.....	3
----------------------------	---	---

***Тәлім-тәрбие қырлары***

<b>Рашад БАЛАБЕКОВ.</b>	Патриоттық сезім - басты мәселе.....	10
<b>Назира КЕКІЛБЕКОВА.</b>	Әл Фараби және Иассауи ілімдеріндегі адам мәселесі.....	15
<b>Гүлматаң ТЕРЕКБАЕВА.</b>	Адамгершілік - адамның рухани арқауы.....	20

***Тиімді әдіс - баришаға ортақ***

<b>Бақытхан ЖАҚЫПОВА.</b>	Сұрақ қойдыра отырып оқытудың тиімділігі.....	26
---------------------------	---	----

***Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті***

<b>Күлсін ҚАРАБАЛИЕВА.</b>	Төле бидің нақыл сөздері.....	47
<b>Айжан МЕЙІРМАНҚЫЗЫ.</b>	Ғабит Мүсірепов туралы викторина.....	52

***Әдістеме әлемінде: қазақ тілі***

<b>Жанат МЕЙІРХАНОВА.</b>	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі.....	55
<b>Гүлжанат АХАНЖАНОВА.</b>	Дара және күрделі сөздер.....	60
<b>Уалия ӨМІРБАЕВА.</b>	Септіктер әлемінде.....	65
<b>Маржан МҰХТАРҚЫЗЫ.</b>	Септетіл үйреткен Шәкен Айманов.....	69
<b>Назгүл АМАНБОЛҒАНҚЫЗЫ.</b>	Дыбыстардың үндесуі.....	78
<b>Данагүл АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.</b>	Сауатты сөйлеу бастауы - отаншылдық.....	86
<b>Ғалия ОСПАНОВА.</b>	«Туған жерім» модулін қорытындылау.....	91
<b>Дария ДӘУІТҚАНҚЫЗЫ.</b>	Жануарлар әлемінде - есімдік.....	97
<b>Бибігүл АЙКЕШҚЫЗЫ.</b>	Қалау рай.....	101

***Колледж кеңістігінде***

<b>Шынар ҚАЛИАХМЕТОВА.</b>	Сын есімнің жасалуы.....	108
----------------------------	--------------------------	-----

***Сыныптан тыс сабақ***

<b>Алима КУБЕНОВА.</b>	Кітап - алтын қазына.....	113
<b>Гүлмира МОЛДЫБАЕВА.</b>	Ойы кемел, қаламы шебер.....	120
<b>Ж.КҮЛЕНОВА,</b> <b>А.НҰРҒАЛИЕВА.</b>	Тіл білгірі.....	126

***Тәрбие сағаты - Классный час***

<b>Ботагөз СӘРСЕКЕЕВА.</b>	Салтын сүйген - халқын сүйер.....	129
<b>Шолпан ТАБЫНБАЕВА.</b>	Культура и быт казахского народа.....	134

Күләш ШАЙДАЗЫМҚЫЗЫ,  
Астана қаласындағы  
№36 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ОҚУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 9,10-СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ**

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуға қойылатын талаптар оқыту жүйесін жаңа типті оқу-әдістемелік кешендермен, жаңа тұрпатты оқу құралдарымен, оқушының өз бетімен білім іздену әдістерін бір арнаға тоғыстыра алатын әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне енгізу қажеттігін айқындайды.

Кез келген қоғам өмірінде оқулық пен оқыту әдістемесінің орны бөлек. Өйткені қоғамның қандай қоғам болып қалыптасуы білім тәрбиесіне арналған оқулықтар мен оқыту әдістемесіне тікелей байланысты.

Қазір республикамыздағы орыс тілінде оқытатын мектептердің барлығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.07.2010 жылғы № 367 Бұйрығымен бекітілген «Қазақ тілі» оқу бағдарламасы бойынша өз білгенінше жұмыс жасауда. Жаңа бағдарлама қолымызға тигенімен, бұл бағдарламаға сай оқытатын оқулықтардың жоқтығынан бүгінгі таңда мұғалімдер де, оқушылар да қазақ

тілін оқыту барысында айтарлықтай қиындықтарға кездесіп отыр. Бүгінде қолданыста жүрген оқулықтарымыздың бірі де бұл бағдарламаға сәйкес келмейтіні ешкімге жасырын емес.

Осы мұқтаждықтарды ескере келіп, жаңа оқу жылында әріптестерімізге көмек болсын деген ниетпен, төменде оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 9,10-сыныптарына арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспардың үлгісін ұсынып отырмыз.

**9-сынып**  
**Барлығы – 136 сағат**

Тарау	Тақырып	Сағат саны	Мерзімі	
<b>I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 42 сағат</b>				
<b>I тоқсан – 35 сағат</b>				
<b>Отбасы тәрбиесі – 19 сағат</b>	1. Қайталау. I қыркүйек – Білім күні. Қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы. Сөйлеу әдебі.	2		
	2. Менің отбасым.	2		
	3. Ағамның отбасы.	3		
	<b>4. Диктант.</b>	<b>1</b>		
	5. Отбасы – тәрбие бастауы.	3		
	6. Отбасылық дәстүрлер.	3		
	<b>7. Мазмұндама.</b>	<b>2</b>		
	8. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы.	3		
<b>Қазақ отбасында тұру - 23 сағат</b>	1. Жадында жүрсін жақсы әдет.	3		
	2. Әке.	3		
	<b>3. Диктант.</b>	<b>1</b>		
	4. Ана.	3		
	5. Қыздары жақсы қандай-ды ...	3		
	<b>6. Шығарма.</b>	<b>2</b>		
	<b>7. Тоқсандық қайталау.</b>	<b>1</b>		
	<b>II тоқсан – 29 сағат</b>			
	8. Ата-ананың қарызын өтеу – сенің парызың.	3		
	9. Таным. Тыйым – тәлім-тәрбие көзі Қасиетті қара шаңырақ.	2		
<b>10. Әлеуметтік-тұрмыстық ая бойынша қорытынды тест.</b>	<b>1</b>			
<b>II. Диктант.</b>	<b>1</b>			
<b>II. Әлеуметтік-мәдени ая – 56 сағат</b>				

<b>1. Қазақстан суретшілері. Сурет галереясына саяхат – 16 сағат</b>	1. Кескіндеме.	1	
	2. Әбілхан Қастеев.	2	
	3. Хлудов Николай Гаврилович.	1	
	<b>4. Мазмұндама.</b>	<b>2</b>	
	5. Гүлфайрус Исмаилова.	2	
	6. Қанапия Телжанов.	2	
	<b>7. Шығарма.</b>	<b>2</b>	
	6. Шәкен Ниязбеков.	<b>2</b>	
	8. Қазақстан суретшілері әлем назарында.	2	
<b>2. Мұражайға саяхат – 21 сағат</b>	1. Мұражайлар.	2	
	2. ҚР Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы.	2	
	3. Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайы.	2	
	<b>4. Диктант.</b>	<b>1</b>	
	<b>5. Тоқсандық қайталау.</b>	<b>1</b>	
	<b>ІІІ тоқсан – 42 сағат</b>		
	6. Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы.	2	
	7. Сәкен Сейфуллин мұражайы.	2	
	8. «АЛЖИР» мұражай-мемориалдық кешені.	2	
	<b>9. Диктант.</b>	<b>1</b>	
	10. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мұражайы.	2	
	11. «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені.	1	
	12. Халықтық музыкалық аспаптар мұражайы.	2	
<b>10. Әлеуметтік-мәдени аяның I, II бөлімдері бойынша қорытынды тест.</b>	<b>1</b>		

<b>3. Радио тыңдаймын, теледидар көремін - 19 сағат</b>	1. Отандық радиостанциялар. Қазақ радиосы. «Шалқар» радиосы.	3		
	2. «Астана» радиосы.	2		
	<b>3. Мазмұндама.</b>	<b>2</b>		
	4. Қазақ телевизиясының тарихы. «Caspionet» телеарнасы.	2		
	5. Баспасөз материалдарынан.	2		
	6. «Балапан» телеарнасы.	2		
	7. “Қазақстан” телеарнасының танымдық бағдарламалары. «Еркетай» бағдарламасы. «Халық таңдауы» бағдарламасы.	3		
	<b>8. Әлеуметтік-мәдени аяның III бөлімі бойынша қорытынды тест.</b>	<b>1</b>		
	<b>9. Шығарма.</b>	<b>2</b>		
<b>III. Оқу-еңбек аясы – 38 сағат</b>				
<b>1. Біздің елде орта мектепте білім алу. Қандай емтихандар тапсырамын? – 20 сағат</b>	1. Менің мектебім.	2		
	2. Астаналық мектептер.	2		
	3. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы.	2		
	<b>5. Диктант.</b>	<b>1</b>		
	<b>6. Тоқсандық қайталау.</b>	<b>1</b>		
	<b>4 тоқсан – 30 сағат</b>			
	7. Қазақ даласындағы мектептер.	3		
	8. Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі.	3		
	9. Қазақ тілі сабағында.	2		
	<b>10. Диктант.</b>	<b>1</b>		
	11. Қандай емтихандар тапсырамын?	3		
<b>Менің арман мектебім – 18 сағат</b>	1. Елбасы және ел білімі.	2		
	<b>2. Мазмұндама.</b>	<b>2</b>		
	2. Білім – таусылмайтын кен.	2		
	3. Үштұғырлы тіл саясаты.	2		
	4. Көптілді білім беру жобасы.	2		
	5. Менің арман мектебім.	2		
	<b>6. Шығарма .</b>	<b>2</b>		
	7. Оқу-еңбек аясы бойынша қорытынды тест.	<b>1</b>		
	8. Қорытынды сабақ.	1		
	<b>9. Диктант.</b>	<b>1</b>		
7. Тоқсандық қайталау.	1			

**10-сынып**  
**(жаратылыстану-математикалық бағыт)**

**Барлығы – 136 сағат**

Тарау	Тақырып	Сағат саны	Мерзімі	
<b>I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 46 сағат</b>				
<b>I тоқсан – 34 сағат</b>				
<b>Менің отбасым: отбасы бюджеті – 16 сағат</b>	1. Қайталау. Конституция күні. Сөзжасам. Сөйлеу әдебі.	2		
	2. Отбасылық бюджет дегеніміз не?	3		
	3. Отбасылық бюджетті басқару.	3		
	4. <b>Диктант.</b>	<b>1</b>		
	5. Қаржы нарығында сауатты болу – өмір талабы.	3		
	6. Еңбектің наны тәтті.	4		
<b>Біз қонақ күтеміз – 14 сағат</b>	1. Қонақжайлылық – қазақтың қанына сіңген асыл қасиет.	2		
	2. <b>Мазмұндама.</b>	<b>1</b>		
	3. Қонақ.	2		
	4. Қазақ тағамдары.	2		
	5. <b>Шығарма.</b>	<b>2</b>		
	6. Даланың дарқан дастарқаны.	2		
	7. Бал татыған барқыт қымыз.	3		
<b>Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы – 16 сағат</b>	1. Атадан бала туса игі, ата жолын куса игі.	2		
	2. <b>Диктант.</b>	<b>1</b>		
	3. <b>Тоқсандық қайталау.</b>	<b>1</b>		
	<b>II тоқсан – 30 сағат</b>			
	3. Әке – асқар тау.	2		
	4. Әке – құдірет... әке – әлем... әке – өмір!	2		
	5. Әкеге қарап бой түзеген ұл.	2		
	6. <b>Диктант.</b>	<b>1</b>		
	7. Сағындым әке иісінді...	2		
	8. Әке тәрбиесі.	2		
6. Әлеуметтік-тұрмыстық ая бойынша қорытынды тест.	1			
<b>II. Әлеуметтік-мәдени ая – 64 сағат</b>				

<b>Қазақстанның белгілі ғалымдары – 16 сағат</b>	<b>1. Мазмұндама.</b>	<b>1</b>	
	2. Ғылым жолы – ауыр жол. <i>Ғылым шырағын жаққандар:</i> Қаныш Сәтбаев.	2	
	3. Ғылым кереметтері.	1	
	4. Нанотехнология. <i>Ғылым шырағын жаққандар:</i> Орымбек Жәутіков.	2	
	5. Өнертабыс деген не? <i>Ғылым шырағын жаққандар:</i> Әбікен Бектұров.	2	
	<b>6. Диктант.</b>	<b>1</b>	
	6. Отандық автомобиль өндірісінің тұңғышы. <i>Ғылым шырағын жаққандар:</i> Евней Бөкетов.	2	
	7. Қазақстанның ғарыш саласындағы үлесі. <i>Ғылым шырағын жаққандар:</i> Әлкей Марғұлан.	2	
	Қазақ даласындағы тұңғыш планетарий. <i>Ғылым шырағын жаққандар:</i> Манаш Қозыбаев.	2	
	<b>Қазақстан мемлекеті, оның құрылымы – 16 сағат</b>	<b>1. Шығарма.</b>	<b>2</b>
<b>2. Тоқсандық қайталау.</b>		<b>1</b>	
<b>III тоқсан – 41 сағат</b>			
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы.		2	
4. Парламент.		2	
5. Үкімет.		2	
<b>6. Диктант.</b>		<b>1</b>	
6. Қазақтың бұрынғы ел басқару құрылымы.		3	
7. Бұрынғы ел басқару ісінің жүйесі немесе билер қызметі.		3	



<b>Шілдеhana</b> (ат қою, тұсау кесу) – 16 сағат	1. «Халқым қандай десең, салтымнан сұрап біл».	3	
	2. Шілдеhana рәсімінің әдептілік мәні.	2	
	3. Бесік – киелі мүлік.	2	
	<b>Мазмұндама.</b>	<b>1</b>	
	4. Бесік жыры – балаға берілетін алғашқы тәрбие.	2	
	5. Балаға ат қою – жауапты іс.	2	
	6. Тұсаукесер.	2	
	<b>7. Шығарма.</b>	<b>2</b>	
<b>Мен оқитын газет- журналдар – 16 сағат</b>	1. Баспасөз – өмір айнасы.	2	
	2. Рухани дос, сенімді сырлас – «Ұлан».	2	
	3. Менің сүйікті журналым.	2	
	4. «Балдырған» журналы.	3	
	<b>5. Диктант.</b>	<b>1</b>	
	<b>Токсандық қайталау.</b>	<b>2</b>	
	<b>IV тоқсан – 31 сағат</b>		
	5. «Бала Би» журналы.	3	
6. Әлеуметтік-мәдени ая бойынша қорытынды тест.	1		
<b>III. Оқу-еңбек аясы</b>			
<b>Мен мамандық таңдаймын – 14 сағат</b>	1. Мамандық таңдау – маңызды қадам!	3	
	2. Мамандық таңдай білесіз бе?	3	
	<b>3. Диктант.</b>	<b>1</b>	
	4. Заманына сай маманы.	3	
	5. Бағдарлама жасаушы.	3	
	<b>9. Мазмұндама.</b>	<b>1</b>	
<b>Мен болашақта қандай жұмыс істеймін? – 12 сағат</b>	1. Әке арманын алға қойған қыз.	2	
	2. Біздің сүйікті дәрігер.	2	
	<b>3. Шығарма.</b>	<b>2</b>	
	4. Кинолог – сыр мен құпияға толы мамандық.	1	
	5. Қыздар таңдаған ерлер мамандығы.	1	
	6. Сұңқардың самғауы.	2	
	7. Оқу-еңбек аясы бойынша қорытынды тест.	1	
	<b>8. Диктант.</b>	<b>1</b>	
	<b>9. Токсандық қайталау.</b>	<b>1</b>	

Рашад БАЛАБЕКОВ,  
Қарағанды облысының  
Теміртау қаласындағы  
№13 кәсіптік лицейінің  
директоры.

## ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

*«Патриот болу – өз Отаныңды шын жүректен сүю, өзіңе және өз халқыңа сеніп, қоғамға қызмет ету. Бірақ өзіңнің тарихыңды, ана тіліңді, шығу тегіңді білмей нағыз патриот бола алмайсың».*

***Н.Ә.Назарбаев.***

«Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегіннен-тегін айтыла салмаған. Өйткені Отан, туған жер, туған ел деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Отансүйгіштік пен патриотизм – бір-бірімен егіз ұғымдар.

«Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі шаңырағы! Қазақстан – әлемдегі барша қазақтың құтты қарашаңырағы! Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де тұтас қазақ халқының бір бөлшегі екенін біз еш уақытта ұмытпауымыз керек», – деді Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінде. Мемлекет басшысы патриотизмнің жер бетіндегі кез келген ұлттың жетістіктерінің бірі екенін қадап айтты. Яғни, бұл – кез келген қазақстандықтың табысын мақтаныш тұту, сондай табысқа қол жеткізуге өзінді де тәрбиелеу деген сөз. Әрбір қазақстандық өзінің жетістіктерін туған Отанына,

еліне арнауы керек. Сонда әлгі адамның да, елдің де меймандостығы тасып, әлемдік деңгейдегі беделі өседі.

Отанды сүю отбасынан басталады емес пе?! Патриотизм – Отанды сүю, туған еліңді, туған жеріңді құрметтеу деген ұғымды білдіреді. Мұндай сезім жас өскін жеткіншектердің, жалынды жастардың жүрегіне көбірек ұялауы керек. Мәселен, мемлекеттік рәміздерімізді қадірлеу – нағыз патриоттықтың үлгісі! Бұған ешкім дау айта алмас. Өйткені Елтаңбамыз, Туымыз, Әнұранымыз – бұл мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің нышандары. Әрине, оларға деген қадір-құрмет әр адамның туып-өскен отбасынан басталады. Яғни, өз еліңнің нағыз патриоты болуың үшін мемлекеттік тілді игеріп, әнұранды жатқа айта білуің керек!

Теміртау қаласындағы №13 кәсіптік лицей ұжымы жас жеткіншектерге өміріне серік боларлық мамандық беру ісін дәл осы Отаншылдық, патриотизм рухын бойға дарыту қасиеттерімен қоса жүргізіп келеді. Оған бірнеше мысалдар келтіруге болады. Биылғы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына байланысты өткен арнайы кештер, кездесулер, ашық сабақтар – бәрі де ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап келген еркіндік, егемендік рухын асқақтатуға арналды. Төл теңгеміздің өмірге келген күні қарсаңында БТА банк қызметкерлерімен кездесу өтіп, қазақ теңгесінің тарихы туралы тамаша сыр-шежіре айтылды. Жергілікті ақын-жазушылар еңбегімен де лицей оқушылары етене жақын танысып жүр. Қаланың танымал ақыны Қасым Ботанов оқу орнында жиі қонақ болып тұрады, ақынның ел Тәуелсіздігіне арнаған толғауын аса бір шабытпен жырлауы ешбір жасөспірімді бейжай қалдырған жоқ, бәрі де аса ыждаһатпен тыңдап, «Тәуелсіздік, қандай тәтті едің!» деп тамсанысты. Патриоттық тәрбие беру көзі рухани құндылықтар, сонымен бірге жастарды денешынықтыру, спорт ісіне баулу да қатар жүргізіліп келеді. Бізде тоғызқұмалақ, қазақша күрес

тұрлерінен арнайы секциялар жұмыс істейді. Кәсіптік лицейлер арасындағы жарыстарда біздің түлектеріміз үнемі жоғары деңгейден көрініп жүр.

Кәсіпқой болу деген сөз – өзің шынымен де айналысқың келген өмірлік істі таңдай білу және оның өзін жақсы тұрғыда жүзеге асыру деген сөз. Кәсіп дегеніміз – табысты өмірдің негізі. Осы тұрғыда кәсіптік лицейде мамандық бойынша «Менің болашақ мамандығым», «Менің таңдаған кәсібім», «Әкеден балаға мұра болған кәсіп», т.б. кездесулер, кештер өтуде.

Біздің мұғалімдер ұжымы осы бағытта Ауған соғысына, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлермен, қала қарттарымен, өндірісте қажымай еңбек еткен ардагерлермен кештер, кездесулер өткізуде. Биылғы қазан айында тойланған қала күнінде бірнеше қарттың үйлеріне барып, шаруашылықтарына көмектесіп, шағын концерт қойып, көңілдерін көтерді. Бұл кездесулер алдағы уақытта елді басқаратын жастар сауатты ғана емес, сондай-ақ нағыз патриоттар болатынына нақты сенім бере алады. Жастарға құқықтық тәрбие беру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, салауатты өмір сүру салтын насихаттау да – патриоттық тәрбиенің бір көзі.

«Қазақстан- біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің өмірімізді сынауды білер болсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір талшыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақты осы бастан Отанына, атамекеніне шын берілгендік рухында тәрбиелеуден артық борыш жоқ екендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған

дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның ішінде бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесіне талдау жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы осындай ойдан тұрады.

Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін – Абай туындылары. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына, жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Жастарды өнер-білімге шақырды. Абай өз өлеңдерін еріккеннің ермегі еткісі келмей, жастарға үлгі-өнеге көрсету үшін жазатындығын алдын ала ескертіп өтеді. Білімді ұрпақ туған ұлт – халық үшін қызмет етсін дегенді басты міндет етіп қояды. Өйткені, патриотизм – қашанда, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым. Сонымен қатар қазіргі таңда патриотизм ұғымына енетіндер:

- Адамның туған жерін сүйіп, өз халқының тілін құрметтеуі;
- Отанның мүддесін қорғау, азаматтық көрсету және Отанға адалдықты сақтау болып табылады;
- Елінің әлеуметтік және мәдени салаларда жеткен жетістіктеріне мақтану, оның ар-намысын, еркіндігі мен тәуелсіздігін қорғау;
- Өткен тарихын, халқының әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін құрметтеу, Отан игілігі үшін еңбек ету.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев 1992 жылы қыркүйекте, Алматы қаласында өткен дүниежүзілік I құрылтайда «Қазақ

халқы – тамырын тереңге жіберген бәйтерек» деді. Ол қиыншылықтың барлығын да жеңіп, қазіргі егемендікке қол жеткізген батыр да бай, ұлы халық. Олай болса, қазақ халқының тарихы, Отансүйгіштік үлгісі қазіргі ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор рухани құрал болып табылады.

Қазіргі таңда жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін іс-әрекет ұйымдастыру, тәрбие беру қажеттілігі туындап отыр. Олай болса, жастарға патриоттық тәрбие бергенде өткені мен бүгінгі күнді және болашағын байланыстыру қажет.

Ұлттық тәрбие жүйесінің негізі ретінде М.Шахановтың мына бір өлең жолдары алынғаны ұтымды:

**Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,**

**Әр адамның өз анасынан басқа**

**Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада**

**Болу керек құдіретті төрт ана:**

**Туған жері – түп қазығы, айбыны,**

**Туған тілі – сатылмайтын байлығы,**

**Қадамына шуақ шашар үнемі**

**Және туған тарихы еске алуға қаншама.....**

Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың ақындары мен ұлы ойшылдарының кемеңгерлік ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінде орынды пайдалана отырып, батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін насихаттау, билер мен шешендердің өнегелі тәлім-тәрбиесіне негізделген жан-жақты тәрбие жүйесін құру қажеттілігін қазақстандық білім саласының маңызды мәселелерінің бірі және әрбір тәрбиеші-ұстаздардың басты парызы болып табылады.

Әрине, айта берсек, патриотизмнің міндеттері өте көп. Мысалы, өзіңнің Отаның үшін үлкен жетістіктерге жету. Шынайы патриоттық сезім өзіңнің отбасыңа, еліңе, Отаныңа деген кішкентай махаббаттан бастау алады. Мақаламыздың басында Отан отбасынан басталатынын айттық. Яғни,

Әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді үйренуі арқылы оны меңгермегендерге жақсы үлгі көрсетуі керек. Мемлекет басшысы, әсіресе, жасөспірімдер мен жастарға мемлекеттік тілде тәлім-тәрбие, білім беру жөніндегі ой-пікірлерін жиі-жиі айтып жүр.

Мақаланың соңын Б.Момышұлының өсиетті сөзімен қорытқым келіп отыр. Б.Момышұлы «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзіңнің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, ол жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді» деп терең, жан-жақты анықтама берген.



**Назира КЕКІЛБЕКОВА,**

**Оңтүстік Қазақстан облысының**

**Шымкент қаласындағы**

**Хамза атындағы**

**№42 мектептің мұғалімі.**

## **ӘЛ ФАРАБИ ЖӘНЕ ИАССАУИ ІЛІМДЕРІНДЕГІ АДАМ МӘСЕЛЕСІ**

Бір ойшылдың ойлау жүйесі мен мирасын, өскен мәдени ортасын танып-білу үшін оның сол мәдени негіздегі рухани-әлеуметтік және психологиялық құндылықтарды, сонымен қатар тарихи алғышарттарды тану керектігі сияқты «ислам өркениетінің ұлы ұстазы»- Фараби мен «түркі елінің пірі

(пір-и Түркістан) – Иассауи ілімінің мәнін тану үшін де олардың өскен мәдени және тарихи дүниетанымдық кеңістігі дәстүрлі түркілік дүниетанымды, сонымен қатар, исламдық діни мәдениетті танып, пайымдай білу керек. Бұған қоса Фарабидің ойлау жүйесіндегі тұтастық пен үйлесімділікті де толық көре білу үшін оның ілімінің формалық негізін қалаудағы Антикалық Батыс мәдениеті мен философиясының да орны ерекше екендігін айтып өткен жөн.

Фарабидің ең алғаш сусындаған дәстүрлі түркілік дүниетаным негізінде космологиялық түсініктермен қоса, Орхон-Енисей құлпытастарындағы Білге қағанның түрік ұлысына қалдырған өсиетнамасында бар терең философиялық, моральдық-этикалық, ұлттық құндылықтардың негізгі элементтерін көруге болады. Осы дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізгі арқаулары – аңыз, әпсана, миф, жыр- дастандарда адамның қайрат-жігері, еркі мен жауапкершілігі, абсолюттік Құдірет иесі – Тәңірі және оның билігі арасында жан-жақты тұтастық пен үйлесімділік айқын. Бұған қоса, түркі мәдени мұхитында тәңірлік, буддизм, христиандық, яхудейлік, манихеизм және тағы да басқа көптеген діни наным-сенімдер мен жүйелердің де маңызды үлесі бар. Атап айтқанда, дін ретінде немесе жалпы дүниетаным ретінде қаралатын жан-жақтылық – Батыс – Грек философиясы мен дүниетаным, исламнан бұрынғы түркілік мұхитта орын алған діни-философиялық ағым ретінде көрініп отыр. Түркілік жан-жақтылық дүниетанымның ең негізгі құбылысы – «тұтастық». Бүкіл жанды-жансыз болмыстар – жер, көк, тау, тас, күн, жұлдыз сияқты элементтер жиылып, осы тұтастықтың, бүтіннің бөлігі ретінде біртұтас космостық жүйе құрайды. Міне, дін, философия және саясат объектілерінде адамдар арасындағы бірлік пен ынтымақтастықтың нығаюына ықпал ететін түркілік дүниетанымдағы элементтер мен құбылыстарды



Фараби исламдық дүниетаным нысандары ішінде қорытып, осы тұрғыдан оларды пайдалана білді.

Фараби көзқарасы бойынша, адамның шын мәнінде кемелдікке жетуі оның теориялық және практикалық танымы тұрғысында тең қарулануына байланысты. Өйткені Фарабидің философиялық көзқарасы – адамзаттың игілігіне қызмет етіп келе жатқан дін және ғылымдардың тұтастығы мен бірлігін сақтау болатын.

Фарабидің адам мәселесін қозғағанда оның дүниетанымдық мәселелерді зерттеу әдісі жағынан психологиялық пайым төңірегінде қарастырғанын көруге болады. Фарабидің гносеологиялық танымында адам санасы – «фаал ақыл», - яғни, белсенді сана тарапынан берілген абстрактылы категорияларды қабылдай алады. Бұл – адам санасының ең жоғарғы дәрежесі. Міне, адам ақылымен ғайып әлемінде өтуі мүмкін болып, адам ғайып әлемін тани алады екен. Адам «белсенді санаға» қауышқанда ақиқаттың бүкіл сыры мен құпиясының мәніне жете алады. Фараби өзінің «Саясат – ул Мадания» атты еңбегінде «... адам адамдық сана шыңына көтерілгенде, адамдық сана мен белсенді сана қосылғанда ең ұлы бақытқа кенеледі. Ең дұрыс танымға жету арқылы шынайы мәліметпен бақытқа қолы жетеді», - дейді.

Иассауи ілімінде Тәңір бұл дүниені махаббатпен жаратты. Яғни, бұл дүние – Тәңір махаббатының көрінісі. Адам үшін осы игіліктерге, әсемдіктерге махаббатпен қарап, оқи білуі керек. Адам егер оқи алса, бұл дүние, яғни, макрокосмосты, Тәңірінің құдіреті мен ұлы сипаттарын біліп, танып, оның «әр жерде және әрбір нәрседе» екендігін сезінеді. Ал егер оны оқи алмай, дүниенің мәніне үңілмей, сыртқы әсемдіктеріне алданып қалатын болса, онда ол дүниеге табынушыға айналып, ең негізгі Тәңірі махаббатынан хабарсыз, макрұм қалады деген сөз. Иассауи ілімінде барлық

Әлем тек ғашықтық арқылы мән, мазмұнға ие бола алады. Иассауи ілімінде адамның кемелдікке жетуі теориялық және практикалық таныммен қаруланып қана қоймай, оның өзінің халі арқылы рухында сезініп орындауы, жүзеге асыруы шарт. Яғни, таным «суық теория» мен «құрғақ практика» шеңберінде қалып қоймауы керек. Иассауи ілімінде теория «қал (сөз) практикада «хал (іс)» өзара тұтастықта болғанда ғана толық мәнге ие болады. Ол үшін де тәңірге ғашықтық – махаббат арқылы ұмтылу шарт. Иассауи иманды Фараби сияқты рационализациялау арқылы емес, хал ілімінің табиғатына сай «өз рухында сомдау» арқылы күшейтуге болатындығын айтады. Иассауиде қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың бұзылуы иманның әлсіздігі мен нәпсінің үстемдігінің көрінісі болса, оны қалпына келтірудің негізгі жолы – махаббат. «Ғашықсыздың иманы да, жаны да жоқ, хайуан», - деген Иассауи, Фараби сияқты иманды философиялық жолмен түсіндіру арқылы емес, тікелей сопылық құндылықтармен рухты тәрбиелеу арқылы иман нұрымен ақиқатқа жетелеу керектігін уағыздайды. Иассауидың дүниетанымдық концепциясының теориялық негізін шариғат пен мағрифат құраса, ал практикалық негізін тарихат белгілейді.

Фарабидің ойлау жүйесінде адам – ғаламның орталығы ретінде қарастырылады. Бір жағынан, физикалық әлемге, екінші жағынан, жаны, нәпсісі, рухы және санасымен метафизикалық әлемнің екі арасында көпір қызметін атқарады. Тәнімен физикалық әлемге қатысты болып отырған адам рухымен метафизикалық әлемге де қатысты. Физикалық және метафизикалық әлемнің ортасында, екі әлемнің арасын байланыстыратын көпір қызметін атқаратын адамның негізгі мақсаты – «ұлы бақытқа» қауышу. Ұлы бақытқа қауышу адамның «фаал ақыл», яғни, белсенді сана мәртебесіне жетуі арқылы жүзеге асады. «Адамның рухы

өздігінен жоғары рухқа» ұмтылғанда ғана игілікке беттейді. Игілікке ұмтылудың өзі, оған тек игілік үшін ғана ұмтылу — ең ұлы бақыт», - дейді Фараби. Бұл мәртебеге жетудің жолы — Фарабидің көзқарасы бойынша, дүниелік, материалдық тәуелділіктен арылу. Өйткені «... ағаштың кемелділігі — оның жемісі болса, бақыттың кемелділігі де моральдық құндылықтармен өлшенеді. Бұл жерде Фарабидің ойлау жүйесінің толық және кемел тұтастықта екенін көруге болады. Яғни, физикалық әлеммен метафизикалық әлем адам арқылы тұтастықта, тығыз байланыста болады. Бұл туралы Де Ласи Олери, «Фарабидің ілімі бақытқа жету жолында рухтың тәннен, материядан ажырауын өзіне басты мақсат етіп қояды. Оның осы жол арқылы Тәңірге қауышуға болатындығын көрсетуі Фараби ілімінің неоплатонизм мен суфизмнің қосындысы екендігін көрсетеді. Жалпы алғанда, вахтад-и-вужуд теориясына қарай ойысқан үйлестіру әдісі екендігін көруге болады», - дейді. Осы ойды Жабит Сунар да құптайды. Оның пікірінше, Фараби неоплатонизмнің әсерімен өзіне дейін тек қана хал ілімі, қалб ілімі ретінде танылған суфизмге философиялық форма берген ең алғашқы философ еді».

Фараби мен Иассауи іліміндегі адам туралы түсініктер бүгінгі қоғамымыз үшін теориялық әрі практикалық жаңаша ойлауымызға, санадағы серпілістің жаңғыруына ықпал ететін қордалы ойдың көзі болуы себепті әрі осы бабалар мұраларының дүниетанымдық арнамызды қалпына келтірудегі маңызы, сыры мен сыны тұрғысынан жаңаша, жан-жақты ғылыми зерделеуді қажет ететін сияқты.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Материалы международного конгресса, «Наследие Аль-Фараби и мировая культура». А., 2001.
2. Ауданбек Көбесов. «Әбу Насыр әл Фараби». А., «Қазақ ұлттық университеті», 2004.

3. Е.Жәнібеков. «Әл Фарабидің көзқарасы». А., «Рауан», 1993.

4. Академия наук Казахской ССР. «О логическом учении Аль-Фараби». А., 1982.



Гүлматан ТЕРЕКБАЕВА,  
Қарағанды облысының  
Теміртау қаласындағы  
№13 кәсіптік лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АДАМГЕРШІЛІК — АДАМНЫҢ РУХАНИ АРҚАУЫ

*Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.*

***Ыбырай Алтынсарин.***

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білім берудегі педагогикалық қызметінің мақсаты – көркем шығармаларды оқыта отырып, оқушылардың бойындағы адамгершілік, сұлулық, отансүйгіштік сезімдерін ояту. Сөз өнерінің қыр-сырымен, күдіретімен, шешендігімен таныстыру. Халық өнерінен, әдебиетінен, мәдениетінен нәр алғызу.

Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және

жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен мұғалімдер үлкен міндет атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие – екі жақты үдеріс.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру үдерісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Оның тәртібі, іс-қимылы, балалар және үлкендермен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра, педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұяты мол, еңбекқор, іскер, жауапты, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Руханилық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа...» «Жаман дос жолдасын қалдырар жауға»

деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер – адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау – адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі көркем шығармаларды оқығанда, іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға қатысқанда қалыптасады. Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі – адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік – қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік – әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Атап айтар болсақ, Мұқағали Мақатаевтың 100 жылдығына арналған «Жырлайды жүрек», Олжас Сүлейменовтың 75 жылдығына арналған «Патриот ақын», Қасым Аманжоловтың 100 жылдығына арналған «Шындықтың шырақшысы, ақындардың Апостолы», Қазақстан Республикасының тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың 65 жылдығына арналған «Туады ерлер ел үшін» атты әдеби кездесу, үлкен кештер өткізіп отырамыз.

«Әл Фараби – ұлы ғалым», «Абай жолы – ұлы шығарма» атты ашық сабақ өтті. Бұл сабақта балалардың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсаты қойылды.

Абай әлемі шексіз. Абай заман ағымын қатты сезінді. Болашақты болжады. Абай қазақ халқын тәрбиеледі. Сөйтіп ұлтының ұстазына айналды. Абайдың кез келген сөзі – өнеге, әр сөзі – өсиет. “Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстықтың өзі адамды бұзады”, “Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың”, “Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың”; “Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол”; “Бағың өскенше тілеуінді ел тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің” дейтін Абайдың дана сөздері – мәңгі-бақи адам баласына қызмет ететін сөздер. Осы сөздерінен өсер ұрпақ ғибрат ала білсе болғаны.

Сөз қадірін Абайша түсініп, Абайша сезіну үшін үлкен жүрек, терең ой, кемел ақыл, ыстық сезім керек еді. Өлеңді – сөз патшасына теңеген Абай өзі де сөз патшасына, өлең күдіретіне айналарын сезген болуы керек.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Абай, ең алдымен, ел болуды, қазақтың қатардан қалмауын аңсады. Иә, Абай арманы орындалды. Тәуелсіздік алдық. Егеменді ел болдық. Ел қатарына қосылдық. Іргелі мемлекет құрудамыз. Әлем қауымдастығына мүше болдық. Дамыған елу елдің қатарына қосыламыз деген мақсатымыз да Абай арманымен ұштасып жатыр.

Абай поэзиясымен қоса қара сөздері де – әр заманға бағасы жоғалмайтын бір үлкен қымбат қазына. Ол- Абайдың қарасөзбен жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қара сөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді. Бұл қатарға қосылатындар Он алтыншы, Он сегізінші, Он тоғызыншы, Жиырманшы, Жиырма төртінші, Отыз бірінші, Қырық бесінші сөздері.

Абайды адам-қоғам мәселесі қатты ойландырғанын байқаймыз. Қырық үшінші нақыл сөзінде: тән азығы – ішіп-жеу болмаса ол өсіп қуаттанбайды, ал, адамның жан азығы – білуге құмарлығы, бұл болмаса оның малдан айырмашылығы жоқ. Білмекке құмарлықты қанағаттандыру – дүниенің көзге көрінген және көрінбеген қасиеттерін танып білуі, іздену, сұрап білу, ғылымға ұмтылу, дүние сырын білу – бұлар көкірекке сәуле, көңілге сенім береді деп толғанды Абай.

«Ғылым таппай мақтанба».

Абайдың ойынша, елдің жақсы, жаман болуы оның ынтымақ-берекесіне байланысты. Ол ел берекелі болса – жақсы жайлау, ол бір – көл дейді. Абайдың байқауынша, ел еңбекпен көркейді, елдің шырқын бұзатындар еңбек етпейтін еріншектер, еңбексіз жатып ішу адам баласын аздырады: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ойлары адамды толғандырады.

Абайдың айтуынша, күллі (38-қара сөзінде) адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек. Әуелі надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық дейді. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды.



Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған. Мысалы: “Өнер алды – қызыл тіл”, “Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады”, “Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар” сөздері халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. Абайдың даналығына, Махамбеттің батылдығына, Бұқардың ақылгөйлігі мен халқына деген жанашырлығына, Абылайдың данышпандығына, Бөгенбай мен Қабанбайдың, Қарасай мен Наурызбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өмірімізге азық етеміз.

Абайдың өзі өлгенмен сөзі өлген жоқ. “Өлді деуге сыяма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған”, – деп кемеңгердің өзі айтқандай, Абай – артына өлмейтұғын сөз, өнеге, өсиет қалдырған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға асып, туған халқымен бірге жасаса беретін кемеңгер.

Абай – қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеймін деген ұрпаққа таңғажайып тұлға. Ол – тамырын тереңге жайған алып Бәйтерек. Біз сол биік Бәйтеректі саялай да, байтақ мұрасын аялай да, сөзін бағалай да білуіміз керек.

Мұғалімнің алға қойған мақсаты – баланың бойында ұлттық саналылық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, халықтың тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру.

Басынан кешкендерін мәңгі өшпестей етіп жүрегінің қанымен, көзінің жасымен бабаларымыз жазып кеткен. Абайдың да айтып, Алладан тілегені – сол халықтың достығы, бірлігі, ауызбіршілігі, ынтымағы еді. Қазақстан жеріне, еліне ынтымақ, береке берсін!

Бақытхан ЖАҚЫПОВА,

Алматы қаласындағы

№46 гимназияның қазақ тілі  
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## СҰРАҚ ҚОЙДЫРА ОТЫРЫП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тіл үйрету – күрделі іс болғандықтан, әр сабақта ең тиімді деген тәсілді таңдай білу, баланың тіл үйренуге талпынысын оятып, қызығушылығын тудыра білу – әркімнің қолынан келе беретін шаруа емес. Ол тіл үйретуші мұғалімнен өмір бойы талмай ізденуді, өз ісіне адал болып, тынбай еңбектенуді қажет етеді. Сондықтан тіл үйретуші мұғалім талмай ізденіп, әр сабағында инновациялық технологияларды қолдана отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуы керек. Білім беру де – білім алу сияқты «инемең құдық қазғандай» аса қиын да жауапты іс. Ол, ұлы данышпанымыз Абай айтқандай, жалықпастан «ақырын жүріп, анық басуды» талап етеді. Ол бір сәтке де өз ісіне немқұрайды қарауды көтермейді. Әсіресе, өзге тілді шәкірттерге ана тілімізді үйретуде тер төгіп жүрген мұғалімдерге мұны үнемі естен шығармаған абзал. Бір сөзбен айтқанда, «ізденісін тоқтатқан» мұғалімнің сапалы білім беруі мүмкін емес. Бұл жөнінде әдіскер-ғалым Қ.Қадашева мынандай тұжырым жасайды: «Оқытушы сабақта үйренушінің үнемі іздену қабілетін арттыратын ең қажетті сабақ үлгілерін ұсынып, уәждеме тудыратын әдістерді ұтымды қолдануға әрекет жасауы керек (1. Қ.Қадашева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., «Мұрагер», 2005).

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, тіліміз мемлекеттік мәртебе алған алғашқы жылдардағыдай емес, қазір тіл үйретуге байланысты жазылған әдістемелік құралдар баршылық. Өз еліміздегі тәжірибелі ұстаздардың тіл үйретудегі жинаған көпжылдық тәжірибесінен бастап, шетелдік ұстаздардың тіл үйрету әдіс-тәсілдері, сол жолдағы түрлі еңбектер жарық көруде. Мұнымен қоса жыл сайын осы салада жемісті еңбек етіп жүрген педагогтар арасында түрлі істер атқарылып, әркім осы саладағы нәтижелі еңбегін көрсетуге жасына қарамастан атсалысуға, тәжірибе алмасуға мүмкіндіктер жасалуда. Бір сөзбен айтқанда, жұмыс істеймін деген адамға мол мүмкіндіктер туғызылып отыр.

Әр сабақ айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым сияқты әрекеттерден тұратындығы белгілі. Қазіргі кезде тіл үйретуде жаңа технологияларды қолданбай сабақ өткізу мүмкін емес. Мұғалім әр сабақта тиімді деп санаған тәсілдерін әр түрлі көрнекі құралдар көмегімен жүзеге асырады. Соның ішінде соңғы жылдары қолданысқа кеңінен енгізіліп келе жатқан интерактивті тақтаның тіл үйретуде мұғалімге көмегі зор. Тіл үйретуші әр мұғалім қолданатын тәсілдердің ішінде бастауыш сынып оқушыларына түрлі ойындар ойнату, суретпен жұмыс, интерактивті тақтаны, магнитофонды, диктофонды пайдалану, сурет арқылы жұмыс, ауызша, жазбаша түрдегі бақылау жұмыстары, тест алу, жарыстар ұйымдастыру, т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Тіл үйрену бір немесе бірнеше айдың немесе жылдың еншісіндегі нәрсе емес, ол баланың өсу, даму жолдары сияқты бірте-бірте жүзеге асырылатын үдеріс. Тіл үйрену сол тілді білуге, күнделікті тірлікте басқа адамдармен қатынас жасауда, өз ойын басқаға жеткізуде құрал ретінде пайдалана алу үшін жетік меңгеруге қол жеткізуде тіл

үйренушіден де, үйретуші мұғалімнен де ыждағаттылықты талап етеді. Тілді үйренемін деген адамның сол тілді үйренуге деген қызығушылығы мен табандылығы, ал үйретуші ұстаз тарапынан тіл үйретудің бала ұғымына қолайлы жолдары мен тәсілдерін жете меңгерумен қатар оны тиімді пайдалана білу шеберлігі қалыптасуы қажет. Тілді меңгертемін, өз ісімнің жақсы нәтижесін көремін деген адамға қойылар талап та күшті. Ол үшін тіл үйретуші мұғалім мыналарды үнемі есте ұстағаны жөн болады:

1. Баланың жас ерекшелігіне сай таңдалып алынған бағдарламамен жұмыс істеу.

2. Берілген бағдарлама аясынан шықпай, тар шеңберде қалмау, әр сабақты өзінше ізденіспен өткізу;

3. Әр баланың тіл меңгеруге деген қабілетін, ерекшелігі мен ынтасын ескере отырып, олардың әрқайсысына қолайлы әдіс-тәсілді таңдай білу;

4. Өтілетін материалдың бала меңгеруіне тым ауыр немесе жеңіл болмауын қадағалай отырып, соған лайықты жұмыс түрлерін таңдай білу;

5. Шығармашылық іс-әрекеттерді іске асыру арқылы баланың жеке, дербес дамуына көмектесу, өз бетінше шешім қабылдай білуіне мүмкіндік жасау;

6. Баланың тіл үйренуге деген қызығушылығын оята білу, баланы жалықтырып жіберетін бірыңғай бірін-бірі қайталайтын сабақ өткізу тәсілдерінен аулақ болу;

7. Бала қызығушылығын арттырып отыру үшін жан-жақты ізденісте болу, әр сабаққа лайықты әдіс-тәсілдер жолдарын қарастырып отыру;

8. Өзі қолданған тәсілдердің ең тиімді екендігін бала білімін таразылай отырып анықтау, сөйтіп өзін-өзі жетілдіріп отыру;

9. Сабақта жаңа технологияны, көрнекі құралдарды, бала қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді тандай білу;

10. Баланы жеке тұлға деп танып, оған тек тіл үйретуді мақсат етпей, сабақтың тәрбиелік мәніне назар аударып отыру;

11. Жас бала – өсіп келе жатқан жас шыбық сияқты екендігін естен шығармай, сөз сөйлеу мәнерімен, киім киіс, жүріс-тұрысымен үлгі болуға тырысу, яғни, бір сөзбен айтқанда, ұстаз деген атқа барлық жағынан лайықты бола білу;

12. Бала көңілі кір шалмаған айна, жазылмаған ақ парақ беті сияқты, таза мөлдір бұлақтай болатындықтан, оған үлкен құрметпен қарай отырып, әр балаға қалай қатынас жасау керектігін жете қадағалау, соған лайықты әрәкет ету. Өйткені алдыда отырған әр бала – бір әлем. Біреуі қатаң талапты қажетсінсе, екіншісі мақтау арқылы ілгері басады, сол мақтауға лайықты болу үшін барын салады, ал, үшіншісі мұғалім қадағалауынсыз өз бетімен бір де іс тындырмайды дегендей.

Әр тарауды аяқтаған соң, қорытынды бақылау жұмыстары арқылы, мейлі ол тест немесе диктант немесе нәтиже сабақ болсын, бала білімі тексеріледі. Алайда, бұл жеткіліксіз. Мұнымен қоса ауызша әр баланың қанша сөз меңгергендігі, ол сөздерді тақырып аясында қолдану мүмкіндігі қадағаланып, жеке дәптерде әр оқушының материалды меңгеру деңгейі көрсетіліп отырса, жыл аяғында немесе әр тоқсан соңында тіл үйренушінің тілді меңгеруге байланысты өсу немесе құлдылау деңгейін анықтап, салыстырып отыру керек.


Тіл үйрету асығыстықты көтермейді. Алайда ол тіл үйретушіден үнемі ізденісті, сергектікті, жинақылықты, кезең-кезеңмен ілгері басып отыруды талап етеді.

Алдындағы тіл үйренуші шәкірттің де бірте-бірте сөздік қорын молайта отырып, сол сөздерді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануына мүмкіндік туғызуына жағдай жасайды. Тіл үйретудің сан түрлі әдіс-тәсілдері бар екендігін тілге тиек ете отырып, тиімді деп санаған және күнделікті сабақта қолдану арқылы оң нәтижеге жетуге болатындығына көз жеткізген кейбір әдіс-тәсілдерді ортаға салмақшымын. Солардың ішінде бүгінгі сөз болатыны – сұрақ қойдыра отырып оқытудың тиімділігі. Бастауыш сыныпта тақырып бойынша сөздерді өткеннен кейін заттың атын білдіретін сөздерге «не?», ал адамға және мамандық атауларына «кім?» деп сұрақ қоя білуді үйретеміз. Алайда, тек зат атауларын үйрету жеткіліксіз болғандықтан, ол заттың санына, түсі мен көлеміне, т.б. сапалық ерекшелігіне бала назарын аударта отырып, неше? қанша? қандай? деген қарапайым сұрақтарды игертуге көңіл бөлеміз. Сөйтіп оқушыларға сөз тіркесін қалай құрау керектігін меңгерте бастаймыз. Міне, осыларды меңгерді-ау деген кезде сөз тіркесі, сөйлем құрай білуге талпындырамыз. Осылайша бала үйреніп отырған тілдегі сөздерді дұрыс дыбыстай білуге, ойын жеткізе білу үшін ол сөздерді басқалармен ауызекі тілде қатынас жасаудың құралы ретінде пайдалана білуге мұғалімнің көмегі арқылы алғашқы қадамын жасайды.

Кім? не? кімнің? ненің? қандай? неше? қанша? қашан? қалай? не істейді? сияқты қарапайым сұрақтарды қоя білуді балаға бірте-бірте меңгертуді алдыға мақсат етіп қоямыз. Сондықтан осы сұрақтар әр сабақты өткен сайын қолданылып отырады. Мысалы, «Отбасы» тақырыбын өткенде, алдымен отбасы мүшелерінің атауы таныстырылады. Мынау кім? деген сұрақ арқылы оқушы бұл ата, әже, аға, әпке, іні, сіңлі, қарындас деген сөздерді меңгереді. Бұл сөздерді жалаң меңгертпей, сұрақты мынау кімнің атасы, әжесі,

ағасы, т.с.с. сұрақтарды қоя отырып, бұл менің атам, менің әжем, менің әкем, менің шешем, т.с.с. жауаптар алуға тырысамыз. Бұл ретте топпен де, жеке оқушымен де жұмыс жүргізіледі. Сабақты өткенде көрнекілік ретінде отбасы мүшелерінің суреттері ілініп тұрады. Сонымен қоса мына тірек-сызбаларды пайдаланамыз:

№1 кесте.



№2 кесте.

Мынау кімнің отбасы?			
(Это чья семья?)			
Бұл	менің	ата	-М; -ЫМ;
		әже	
		әке	
		шеше	
		аға	
		әпке	
		іні	
		қарындас (сіңлі)	

№3 кесте.

Мынау кімнің отбасы?

(Это чья семья?)

<b>Бұл</b>	<b>сенің</b>	ата	<b>-ң; -ың;</b>
		әже	
		әке	
		шеше	
		аға	
		әпке	
		іні	
		қарындас (сіңлі)	

№4 кесте.

Мынау кімнің отбасы?

(Это чья семья?)

<b>Бұл</b>	<b>сіздің</b>	ата	<b>-ңыз/-іңіз; -ыңыз/-іңіз;</b>
		әже	
		әке	
		шеше	
		аға	
		әпке	
		іні	
		қарындас (сіңлі)	



№5 кесте.

Мынау кімнің отбасы?

(Это чья семья?)

<b>Бұл</b>	<b>оның</b> <b>олардың</b>	ата	<b>-сы/-сі;</b> <b>-ы/-і.</b>
		әже	
		әке	
		шеше	
		аға	
		әпке	
		іні	
		қарындас (сіңлі)	

№6 кесте.

Мынау кімнің отбасы?

Это чья семья?

№7 кесте.

<b>Бұл</b>	<b>менің</b>	<i>(бұл жерге суретті ауыстырып қойып отырамыз)</i>	<b>-м/-ім/-ым</b>
	<b>сенің</b>		<b>-ң/-ің/-ың</b>
	<b>сіздің</b>		<b>-ңыз/-іңіз;-ыңыз/-іңіз</b>
	<b>оның</b>		<b>-сы/-сі;-ы/-і</b>

Отбасы мүшелерін I жақта *менің* есімдігі арқылы қалай айтатынымызды (I жақ, есімдік терминдерін қолданбай-ақ) түсіндіріп болған соң, №2 кестені (тірек-сызба) пайдалана отырып, отбасы мүшелері атаулары жазылған тұсқа отбасы мүшелерінің суреттерін кезек-кезек қою арқылы

оқушыларды тәуелдік жалғауларын (тәуелдік жалғаулары деген сөзді қолданбастан) **менің** деп өз отбасы мүшелері туралы айтқанда отбасы мүшелері атауларына -м/-ым/-ім жалғауларының бірін қолдану керектігін ұғындыруды мақсат ете отырып, жұмыс жүргіземіз. Келесі кестелер бойынша да осындай жұмыстар жүргіземіз: Кестелер арқылы сабақ түсіндіргенде, *менің* деп өз отбасы туралы айтқанда -ым/-ім/-м жалғаулары жалғанса, екінші адамға қарата *сенің* деп айтқанда ол өзгеріп, -ың/-ің/-ң болып айтылатынын, ал үшінші адамға бағытталғанда дауысты дыбыстан соң сөздің жуан не жіңішке дыбысталуына қарай -сы/-сі жалғауы жалғанса, дауыссыз дыбысқа аяқталғанда -ы/-і жалғаулары жалғанатынын түсіндіре отырып, алдағы уақытта осы жағдайды есте ұстауларын қадағалаймыз. Отбасы мүшелері жазылған тұсқа жеке-жеке суреттер қоя отырып, топпен және жеке жұмыс жүргіземіз. Сұрақты да үнемі мұғалім қоймай, балалар топқа бөлініп, топтағы балалар кезектесіп қояды. Осы кестелер арқылы және сұрақ қойылатын отбасы мүшелерінің суретіне сүйене отырып, балалардың өз отбасылары туралы сөйлей білуіне жағдай жасаймыз. Бір ескеретін нәрсе қазақ тілінде кім? деген сұрақтың адамға, оның мамандығына байланысты қойылатындығын түсіндіріп өтеміз. Оларға өз отбасы мүшелерінің суретін салуды немесе отбасы мүшелерінің дайын суреттерін (фотосын) алып келіп, тақта алдында басқаларға таныстыруды тапсырамыз. Олар суреттерді №7 кестедегі бос орынға кезектестіріп қойып отырады. Бастауыш сынып оқушылары мұндай жұмыстарды зор қызығушылықпен орындайды.

Осылайша отбасы мүшелерін 3 жақта айтқызып үйреткен соң, неше? деген сұрақты қолданысқа енгіземіз. Балалар ақырындап бір-біріне сұрақ қоюға дағдылана бастайды. Кез келген суретті көрсетіп, мынау

кім? немесе не? деп сұраймыз. Бұл – атам, әжем, т.с.с. немесе мынау не? деп сұрағанда, Бұл – сынып, парта, тақта деп жауап береді. Ал бұл кімнің атасы, әжесі? деген сұраққа Бұл – Сашаның атасы, Вераның әжесі деп жауап беріп дағдыланады (Біреудің аты аталғанда -сы/-сі ; -ы/-і жалғаулары қолданатындығы түсіндіріледі).

Келесі кезекте қандай? деген сұрақты меңгертуге байланысты жұмыстар істейміз. Мысалы:

- Мынау кім?

- Бұл ата.

- Кімнің атасы?

- Әсеттің атасы.

- Ол қандай?

- Ол жақсы, кәрі, мейірімді, т.с.с.

- Мынау не?

- Бұл тақта?

- Тақта қандай?

- Тақта үлкен, жасыл, кішкентай, әдемі, т.с.с.

Сұрақ қоя отырып, бір сұраққа бірнеше баладан жауап алуға тырысамыз. Келесі кезекте неше деген сұрақ тұр.

Сұрақты әрі қарай жалғастыртамыз.

- Әсеттің атасы неше жаста? немесе Сыныпта неше тақта бар? деген сияқты. Әр тақырыпты өткенде, осындай қарапайым сұрақтар арқылы баланың тілін жаттықтырып, ауызша, жазбаша түрде қисынды ойлау қабілетін дамытуға күш саламыз. Сұрақ қоя отырып, сабақ өтуде суретті немесе тақырыпқа сай ойыншықтарды пайдалана отырып, сабақтың жеңіл, қарапайым өтуіне көңіл бөлу керек. Сонда ғана балалар тілді үйренуге белсене кіріседі әрі ұяң, жасқаншақ деген баланың өзі ешқандай қорқынышсыз жұмыс істеуге дағдыланады. Әдетте мұғалім тек белсенді оқушыларға көңіл бөлмей, әр баланың жауабын алуға тырысып, оларды қолпаштап, жақсы сөздерді аямау керек.

Бұл жұмыстарды тек ауызша жүргізбей, тілді меңгерту барлық әрекет арқылы жүзеге асатын болса, солардың барлығын дерлік қамти отырып, жан-жақты түсіндіруі тиіс. Алдымен жаңа сөздермен таныстырамыз. Ол сөздерді оқушыларға хормен, жекеше айтқызамыз. Осы жердің өзінде шебер мұғалім жеке сөздерге сұрақ қоя білуге көңіл бөле кетуіне болады. Сұрақты өзі емес, балалардан сұрау арқылы еске түсіре кеткен артық болмайды. Ал сабақты түсіндірген соң, осы қарапайым сұрақтар арқылы сөз тіркесі, сөйлем құратып, оны дәптерге, тақтаға жаздырып отырамыз. Біз тілге тиек етіп отырған сұрақтар үнемі тақта алдында ілулі тұрады немесе интерактивті тақтада қажетті кезде көрсетіліп отырады. Олар мыналар:

**Сұрақтар:**

**кім?-кто?**

**не?-что?**

**қандай? қай? –какой? какая? какое? какие?**

**неше? (қанша?) -сколько?**

**қалай?-как?**

**не істейді?-что делает?**

**қайда? - где? куда?**

Бұл сұрақтарды қарапайым сұрақтар деп неге ерекше бөліп алдық? Осы сұрақтарды әбден меңгермейінше, оқушылар септік сұрақтарын тез, ұтымды меңгеруге қол жеткізе алмайды. Тіпті оларды жаттап алған күннің өзінде оларды күнделікті өмірде жатық пайдалана отырып, ауызша басқалармен тілдік қатынас, яғни, күнделікті тілдік қолданысқа енгізу арқылы қазақ тілінде жатық сөйлеуде қиындықтарға тап болады. Бір сөзбен айтқанда бала сұрақ қоя алмайтын болса, жауап беруде де қателіктерге ұрынып отырады. Сұрақ қоя білу деген сөз – ол айтылған ойды түсініп, оған өз бетінше қазақ тілінде жауап бере алады деген сөз. Ендеше, сұрақ қоя білу үшін қалай жұмыс

істейміз? Ойымызды әрі қарай жалғастырайық.

Мысалы, «Жемістер» деген тақырыпты өттік дейік. Тақырыпты түсіндіріп жазбаша жаттығуларды тақтаға орындауда біз өткен жаңа сөздер арқылы сөйлемдер құратамыз. Бұл жұмыс өрбіту арқылы жүзеге асады. Мен көбінесе етістікті алуға тырысамын. Өйткені етістік сөйлем құрауда негіз болады. Ойдың барлығы да, байқап отырсақ, белгілі бір әрекетке байланысты жүзеге асады. Алдымен жеке сөз береміз. Ол сөзден бала сөз тіркесін, одан соң сөйлем құрастырады. Әрі қарай сөйлем аясын кеңейтіп отырады. Бұл жұмысты балалар кезектесіп тақтада орындайды. Қалғандары тақтадағы оқушының орфографиялық қате жібермеуін қадағалай отырып, дәптерде орындап отырады. Әдетте топтағы оқушыларды екіге бөліп жұмыс жүргізу ыңғайлы. Ондайда тақтаға екі топ оқушылары қатар шығып жұмыс істейді. Әр топ келесі топтың жұмысын қадағалап отырады. Кейде бір топтағы балалар етістіктің болымды түрі арқылы жұмыс істесе, екінші топтан тақтаға шыққан бала сол етістікті болымсыз түрде өрбіте отырып, жұмыс жасайды.

Алғашында әбден дағдыланып үйренгенше тек үш немесе төрт сатыға дейін ғана өрбіту жұмысын жүргіздіртіп үйретеміз. Ұғымы төмен немесе жай қабылдайтын балалар үшін осы жеткілікті. Яғни, қабілеті әр түрлі балалармен жұмыс істеуде қандай әдіс-тәсілді таңдасақ та алдымен жеңілден бастап бірте-бірте ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай кадам жасаймыз. Осылайша әр оқушының сабаққа белсенділігін арттырып, қызығушылығын оятамыз. Бұл жөнінде Л.Л.Выготскийдің тұжырымын басшылыққа аламыз: «Әр баланың өзінің деңгейі болатындай, әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріледі. Әр баланы өзінің деңгейінде жетілдіру керек».

Алғыр, тіл үйренуге қабілетті балалар тақтадағы сұраққа қарай отырып, жұмысты өздері әрі алып кетеді. Ондай балаларға да мүмкіндік жасап, тек тақтада емес, жеке өз дәптерінде жұмыс істеуге рұқсат етеміз.

I топ.

1. *Өседі.*

2. *Алма өседі.*

1 2 3

3. *Алма бақта өседі.*

II топ.

1. *Өспейді.*

2. *Шие өспейді.*

1 2 3

3. *Шие бақшада өспейді.*

Міне, осыдан соң төменге астын сыза отырып жоғарыдағы 1,2,3 сандарын жазамыз және бала шатыспас үшін сөйлемдегі сөздердің үстіне де жазғызамыз.

1. Не бақта өседі?

1. Не бақшада өспейді?

2. Алма қайда өседі?

2. Шие қайда өспейді?

3. Алма бақта не істейді? 3. Шие бақта не істемейді?

Кейде тақтада дайын сөйлемді жазғызып барып, сұрақ қойдырамыз. Ондайда сұрақ қоятын сөздің астын сыздырып, қай сөзге 1-ші сұрақ қою керек болса, сол сөздің астын сызып, үстіне асты сызылған 1 санын жазамыз. Әрі қарай осы тәсілмен жұмыс жалғасады.

1. Әйгерім жақсы оқиды.

*Кім жақсы оқиды?*

2. Самат мұражайға барды.

*Самат қайда барды?*

Кейде сөйлемдегі сөздердің үстіне ретіне қарай 1, 2, 3, деп астын сызып жазғызамыз немесе осы сандардың орнын ауыстырып та жазғызуға болады. Ондайда бала 1 саны жазылған сөзге бірінші, 2 саны жазылған сөзге екінші, т.с.с. сұрақ қояды. Көбінесе осы тәсіл ыңғайлы. Мұндайда балалар кезектесіп тақтаға шығып, берілген хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырады.

1

2

3

*Жазда балалар демалады.*

1. *Жазда балалар не істейді?*

2. *Жазда кімдер демалады?*

3. **Қашан** балалар демалады?

Міне, осылайша қарапайым тек 3 сөзден тұратын сөйлемге сұрақ қойғызып үйреткен соң, топтағы баланың барлығы мұндай жұмысты меңгергеніне көз жеткізген соң ғана сөйлем аясын кеңейттіреміз. Алайда жіктік жалғауды меңгермеген оқушыларға сөйлем құраттырғанда, балаларға ауыр тимеу жағын ескере отырып, етістігі I, II жақта жіктеліп тұрған сөйлем емес, етістігі тек үшінші жақта тұрған сөйлемдер арқылы жұмыс істеген дұрыс. Осы тәсіл арқылы балалар сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін де, етістіктің болымсыз түрін де, тіпті бірте-бірте жіктік жалғаулы етістік арқылы аяқталған сөйлемдерге де дұрыс сұрақ қоя алатын болады. Осылайша олар ауызша да, жазбаша да сауатты сөйлеуге үйренеді. Сөйлем аясын кеңейте отырып, жайылма сөйлемдер құрауға қол жеткізе алады. Біз үнемі етістіктің болымды түрін беремізде, болымсыз түрін қасына жазып қоюды талап етеміз. Кейде етістіктің бір түрі арқылы осындай сөйлемдер құрап жазса, екінші түрі арқылы ауызша мысалдар айтқызамыз.

I 1. *Шомылады-шомылмайды.*

2. *Балалар шомылады.*

3. *Балалар өзенге шомылады.*

4. *Жазда балалар өзенге шомылады.*

5. *Жазда кішкентай балалар өзенге шомылады.*

1.2.3.

4.

5.6.

6. *Жазда кішкентай балалар тайыз өзенге шомылады.*

Енді сұрақ қойғызамыз.

1. *Қашан кішкентай балалар тайыз өзенде шомылады?*

2. *Жазда қандай балалар тайыз өзенде шомылады?*

3. *Жазда кімдер тайыз өзенде шомылады?*

4. *Жазда кішкентай балалар қандай өзенде шомылады?*

5. Жазда кішкентай балалар **қайда** шомылады?

6. Жазда кішкентай балалар тайыз өзенде **не істейді?**

II 1. Шомылмайды.

2. Аю шомылмайды.

3. Қоңыр аю шомылмайды.

4. Қоңыр аю теңізде шомылмайды.

5. Қоңыр аю терең теңізде шомылмайды.

1.            2.            3.            4.            5.            6.

6. Қыста қоңыр аю терең теңізде шомылмайды.

1. **Қашан** қоңыр аю терең теңізде шомылмайды?

2. Қыста **қандай** аю терең теңізде шомылмайды?

3. Қыста **не** терең теңізде шомылмайды?

4. Қыста қоңыр аю **қандай** теңізде шомылмайды?

5. Қыста қоңыр аю **қайда** шомылмайды?

6. Қыста қоңыр аю терең теңізде **не істемейді?**

Міне, осылайша сөйлем аясын бірте-бірте кеңейттіре отырып, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай қадам жасатамыз, яғни дамыта отырып оқытамыз, тіл үйренуде әр бала өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызамыз. Әдетте әр бала тек тақтадағы дайын сөйлемдерді көшірмей, өз қалауынша сөйлем құрап үйренуге дағдыланады. Ондайда тақтадағы сөйлемдердің жасалу жолдары үлгі ретінде алынады. Балаларға сатылап сөйлемдер құрау үшін әрқайсысына әр түрлі сөздер беріледі. Ондайда өрбітетін сөзіміз тек етістік болуы міндетті емес. Кейде мұндайда өтіліп отырған тақырып бойынша берілген жаңа сөздер басшылыққа алынады.

Оқулықта дайын сөйлесулер беріліп отырады. Ол сыныпта жұппен жұмыс ретінде оқытылады және аударма жасатылады. Осы сөйлесулер арқылы жіктік жалғауының I немесе II жағында тұрған етістіктер балаға бұрыннан таныс болғандықтан, сөйлем құратуда көп қиындық келтіре қоймайды.



Өрбіту арқылы жұмыс жасағанда бірте-бірте біз етістікті I жақта тұрған қалпында ала отырып жұмыс түрін өзгертеміз. Алайда, тіл үйретуші мұғалім мұндайда сөйлем ішінде кейбір сөзге септік жалғауы жалғанатынын ескеріп, ондай сөздердегі септік жалғаулы сөзден жалғауды белгілетіп отыруына болады. Бұл септік жалғауларын өткенде жеңіл болуы үшін қажет. Мысалы, біз ілік септігі жалғаулы сөзге жиі кездесеміз. Ал, ол сөзбен тіркесіп келетін сөз міндетті түрде тәуелдік жалғауда тұрады. Мұндайда жалғау жалғанған сөзді таптырып, оны шартты белгімен белгілетіп отыру артықтық етпейді. Мұндайда септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары туралы кесте тақтада ілулі тұрғаны жөн. Сабақ барысында осы кестелер арқылы көз жеткізе отырып жұмыс істетеміз.

Жұмыс түрін түрлендіріп отыруға тырысамыз. Сонымен қоса жіктік жалғауларын дұрыс қолдана білуіне ерекше мән береміз. Өйткені, кейбір оқушылар тіпті жоғары сыныптың өзінде жіктік жалғауын дұрыс жалғауда қателіктерге жол береді. Ондайда өрбітетін сөзіміз етістік болғанда, ол етістікті жіктік жалғауы жалғанған түрде береміз. Оқушыдан алдын-ала жіктік жалғауы бар болса, оны шартты белгімен бөліп көрсету талап етіледі және оның қай жақта, қай түрде тұрғандығы ауызша сұралады, жауап дұрыс болмаған жағдайда басқа бала жауап береді.

Мысалы, «Менің күн тәртібім» атты тақырыпты өткенде, іс-әрекет көбінесе I жақта беріледі. Ал сұрақ қойғанда етістік II, III жақта айтылады. Міне, осы жағдайды есте сақтауды қадағалау керек. Осы тақырыпқа байланысты өтілген сөздердің ішінен «бару» етістігін алайық.

1. *Барамын-бармаймын.*
2. *Мен барамын.*
3. *Мен мектепке барамын.*

4. Таңертең мен мектепке барамын.

5. Таңертең мен мектепке автобуспен барамын.

1. **Қашан** сен мектепке автобуспен барасың?

2. Таңертең **кім** мектепке автобуспен барады?

3. Таңертең сен **қайда** автобуспен барасың?

4. Таңертең сен мектепке **немен** барасың?

5. Таңертең сен мектепке автобуспен **барасың ба?**

Мұғалім сөйлем құратуда оқушылардың сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне және II, III жақта сұрақ қойдырғанда жіктік жалғауларының өзгеріп отыратындығын орыс тілімен салыстырта отырып, көңіл аудартады. Сұраулық шылау арқылы да сұрақ қоюға болатынын балаға түсіндіре отырып, ең соңғы сұраулы сөйлемді ма?/ме? па?/пе? ба?/бе? сұраулық шылауларының сәйкес келетінін қолдандыру арқылы да сұраулы сөйлемге айналдыртамыз. Бұл жұмысты жазбаша да, ауызша да жүзеге асыртуға болады. Сөйлем құрауға негіз болатын сөздер міндетті түрде тақырыпқа байланысты алынады. Сөйлем аясын кеңейтуде сөздердің қайталанбауы жөнінде қатаң талап қойылады. Бұл жерде қазақ тілінің бай тілдер қатарына жататындығы туралы айта отырып, әр сөздің синонимін, антонимін, омонимін, т.б. қолдану керек екендігін ескертіп отырамыз. Бұл балалардың сөздік қорының молаюына, түрлі сөздіктер арқылы жұмыс істеуіне жол ашады. Кейде сыныпта етістіктің болымды түрі алынса, үйге осы етістіктің болымсыз түрі арқылы сатылап сөйлем құрау тапсырылады. Кейде өтілген тақырыпқа байланысты кез келген 2 немесе 3 сөз арқылы осындай тапсырмалар беріледі.

Сұрақ қойдыра отырып тіл үйретуде біз әр түрлі тәсілдер арқылы жұмысты түрлендіріп отырамыз. Оқушылар сұрақ қоюды толық меңгерді—ау деген кезде жұмыс түрін дайын

сөйлемдерге сұрақ қойдыра отырып өзгертуге болады. Тақырыпты өткен кезде жаңа сөздер арқылы оқушылар өздері сөйлем құрайды. I топтағы балалар сөйлем айтады. Ал II топтағы балалар осы сөйлем бойынша сұрақ қояды. Кейде мұғалім интерактивті тақтада мынандай тапсырма береді:

1. ....-сың ?

*Демалыс күні мен досымның үйіне туған күнге барамын.*

Сөйлемдегі кез келген толық мағыналы сөздің орнына сұрау есімдігін қою арқылы немесе сұраулық шылаулар арқылы сұраулы сөйлем жасау жолын меңгерген кез келген оқушы берілген хабарлы сөйлемді өз бетінше сұраулы сөйлемге айналдыра бастайды. Мұғалім олардың жіктік жалғауын қолдануда қате жібермеуін қадағалайды, жіктік жалғауларын шартты белгімен белгілеп отыруларын талап ете отырып, дағдыға айналдыртады.

1. **Қашан** сен досыңның үйіне туған күнге барасың?

2. Демалыс күні **кім** досының үйіне туған күнге барады?

3. Демалыс күні сен **кімнің** үйіне туған күнге барасың?

4. Демалыс күні сен **қайда** туған күнге барасың?

5. Демалыс күні сен досыңның үйіне **неге** барасың?

6. Демалыс күні сен досыңның үйіне туған күнге **не істейсің?**

7. Демалыс күні сен досыңның үйіне туған күнге **барасың ба?**

Кейде дайын сөйлесуді сұрақтар арқылы толықтыру жөнінде де тапсырма беруге болады.

- ..... ?

- Менің атым - Мағрипа.

- .....-сың?

- Мен он бір жастамын.

- .....-сың?

- Мен үшінші сыныпта оқимын.

- .....-сың?

- Мен жақсы оқимын

- .....-сың?

- Мен Абай көшесінде тұрамын.

- .....?

- Абай көшесінде цирк, кітапхана, спорт кешені бар.

Мұндай тапсырмаларда жіктік жалғауларын кейде көрсетіп, кейде көрсетпейміз. Мұндайда бала сұрақтың екінші адамға қойылып тұрғанын, ол адамның өзімен қатарлас немесе кіші екендігін жіктік жалғауына қарай отырып, аңғара алады. Балаларға сұраулық шылау арқылы сұрақ қоя ма, әлде сұраулы есімдіктер арқылы сұрақ қоя ма, қалау өз еркіне беріледі. Міне, осындай жұмыс түрлерін меңгерген оқушылар мәтін арқылы сөйлесу кұрауда қиналмайды.

Кейде мәтінді меңгертуде «Даналық ағашы» ойынын ойнатуға болады. Сабақ түсіндіріліп болған соң, балаларға мәтінді өз беттерінше тез бір рет оқып, содан соң әр оқушы мәтін бойынша бір-бір сұрақ жазып, сандықшаға салады. Ең соңынан ойынды жүргізуші немесе мұғалім сандықшадағы сұрақты араластырып, ішіндегі сұрақтарды бір-бірлеп оқиды. Жауап барлық баладан алыну көзделеді. Соңынан 1 не 2 бала тақтаға шығып, мәтінді әңгімелейді.

Тіл дамыту сабақтарында оқушылар екі топқа бөлініп, әр топтан бір баладан шығып, бір-біріне өтілген материалдар бойынша сұрақ қояды. Осылайша олар өзара сөйлесе білуге дағдыланады.

Мұғалім өтілген тақырыптарға байланысты интерактивті тақтадан суреттер көрсетеді. Осы суреттер бойынша бір топ сұрақ кұрайды, екінші топ жауап береді. Келесі жолы керісінше, жауап берген топ – сұрақ қоюшылар болады.

Сұрақ қойдыра отырып тіл үйретудің пайдасы:

1. Әр бала өздігінен ізденеді, бұл жерде мұғалім тек бағыт-бағдар беруші болады;
2. Қарапайым сұрақ қоя білуді меңгере отырып, бала осы жұмыс түрін ешкімнің көмегінсіз жүзеге асыруға ұмтылады;
3. Тіл үйренуді жай қабылдайтын баланың өзі аз дегенде 3, 4 сатыдан тұратын сөйлем құрауға шамасы келетін болады;
4. Тіпті тақтада орындалып жатқан дайын сөйлемдерді көшіріп отырған оқушының өзі сөздерді бірнеше рет жазу арқылы сауатты жазуға қол жеткізеді әрі бір сөз болсын есінде қалады;
5. Сұрақ қоя білген бала оқулықтағы дайын сөйлесуді жаттап келіп айтумен шектелмей, өз бетінше сөйлесу (диалог) құрайды немесе сол сөйлесудегі ойды әрі қарай жалғастыра алатын болады;
6. Топтағы балалар сауатты жазуға дағдыланады, сөздік қоры молаяды;
7. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін еске сақтайды әрі сөйлем ішіндегі сөздерді дұрыс байланыстыратын болады;
8. Сауатты жазуға үйрене отырып, дұрыс сөйлей білуге дағдыланады әрі өз бетімен жұмыс істеу барысында оқушының қисынды ойлау қабілеті дамиды;
9. Топтағы әр бала жеке және топпен жұмыс істей білуге дағдыланады;
10. Сұрақ қоя білуге үйрете отырып, біз әр оқушының септік жалғаулы сөздерге қиналмай сұрақ қоя білуіне жол ашамыз, жіктік, септік жалғауларын оңай меңгеруіне жағдай жасаймыз.

Қорыта келе айтарымыз, тіл үйретудің әдіс-тәсілдері сан алуан. Қазіргі кезде тіл үйретуде жақсы нәтижеге

қол жеткіземін, үйрете отырып өзім де үйренемін деушілерге тіл үйретудің түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеруіне мүмкіндік мол. Өйткені бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі инновациялық технологиялар тәжірибеге еніп, жақсы нәтижелер беруде. Түрлі әдіс-тәсілдерді оңтайлы пайдалану тіл үйренушілердің бір-бірімен және тіл үйретуші мұғаліммен тура және кері байланыс арқылы үнемі қарым-қатынаста болуына мүмкіндік береді. Осылайша тіл үйренуде оқушылардың белсенді оқу әрекеті туындайды. Оқу үрдісінде әрбір тіл үйренуші «мен білмеймін», «тіл үйрену қолымнан келмейді» деудің орнына «білемін», «білгім келеді», «мен істей аламын» дейтін дәрежеге саналы түрде жетеді.

Тіл үйретуде оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін жете біліп, әр баланың тіл үйрену қабілетін ескере отырып, жұмыс жүргізген жөн. Сабаққа қызығушылығын арттырудың жолдарын іздестіру, ой-өрісін, дүниетанымдық қасиетін, қисынды ойлау қабілетін ұштай білу үшін түрлі әдістердің ішінен ең тиімдісін таңдай білу, әр сабақты өзіндік ізденіспен өткізу, бұл жолда талмай еңбек ету әр ұстаздың адамгершілік міндеті болып табылады. Белгілі орыс педагогі К.Д. Ушинскийдің сөзімен айтар болсақ: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденісті тоқтатса, оның мұғалімдігі де жойылады».

Орыс тілінде оқитын мектептердегі бастауыш сынып оқушыларына мемлекеттік тілді оқытуда ауызекі сөйлеу тілін дамытуды ойын арқылы жүзеге асыру.

Әдетте, «Білім негізі – бастауышта» деп жатамыз. Өйткені бастауыш сынып – білім алудағы алғашқы баспалдақ. Олар тіл үйренуде де бастауыш сыныпта алған білімдері арқылы ілгері қадам басады.

Күлсін ҚАРАБАЛИЕВА,  
Орал қаласындағы  
№39 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ТӨЛЕ БИДІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ


**Сабақтың мақсаты: білімділік** – Төле би туралы білімдерін кеңейту; өз бетінше жұмыс істеуге, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өзіндік қорытынды жасауға, ауызекі тілде сөйлеу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік:** билердің есімдерін қастерлеу, олардың өнегесі арқылы Отансүйгіштікке, туған елінің тарихын, әдеби мұрасын құрметтеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, ой толғау, рөлдік ойын. **Көрнекіліктері:** билердің суреттері, нақыл сөздері, слайд, үлестірмелі мәтіндер, афоризм энциклопедиясы 5-том. **Оқыту формасы:** топпен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Қандай тақырыпты өтіп жатырмыз? (Шешендік сөздер)
- Шешендік сөздер дегенді қалай түсінесіңдер?
- Қандай мақалмен қорытындылауға болады? (Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні)
- Шешен деп қандай адамды атаймыз? (**тірек-сызба**)



- Иә, дұрыс. Қазір Бала би шешен өмірінен көрініс көрейік:

(Үй тапсырмасы – Жерден ауыр не? Диалог құрастыру)

Мысалы: Бала би: - Уа, халқым, **жерден ауыр не?**

Халық (1-топ оқушылары): - Шешен, бұл сұраққа біз жауап таба алмадық.

2-топқа: - Онда судан **терең не** екенің білесіңдер ме?

- Біле алмай отырмыз, шешен.

3-топқа: - Олай болса, **оттан ыстық, көктен биік не** екенін тауып көріңдер?

- Уа, тақсыр, сұрақтарыңыз қиын екен, білмейміз.

- Ал, олай болса, бұл сұрақтардың жауабын өзім айтып берейін:

- Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім.

- Судан терең дегенім – оқу, ғылым.

- Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі.

- Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.

- Қандай қорытынды жасаймыз? Бала бидің жауабы ұнады ма?



- Қандай шешендерді білесіңдер? Біздің жерлесіміз –

Сырым Датұлы шешен болған, ол туралы не білесіңдер?

Сөз шеберлері шешендікпен қоса, билік жасаған. Ол адамдарды билер деп атаған.

- Би деген сөзді қалай түсінесіңдер? (Әділ шешім айта-тын, ойға ұста, тілге шешен адамды ел «би» деп атады).

### **3. Сабақтың мақсатын айту:**

- Біз қандай атақты билерді білеміз? (**билер суреттері**)

- Бүгін сабақта біз Төле би өмірімен, оның атқарған қызметімен танысамыз. Дәптерлеріңді ашыңдар.

А) топтық жұмыс.

- Төле би туралы не білесіңдер?

### **Ә) Мәтіндерді үлестіру.**

**Сөздік жұмысы :**

*ел азасы – старейшина;*

*мәмілегер – дипломат;*

*дау – спор;*

*жесір дауы – спор вдов;*

*нығайту – усилить.*

(Синонимдерін табу)

Б) Мәтінмен жұмыс:

Мәтін бойынша тапсырмалар:

1-топ: Мәтінді түсініп оқы, сұрақтар дайында;

2-топ: Тірек-сызба дайындап, мазмұнын айт;

3-топ: Жоспар құрастыр, мазмұнын айт.

(8минут уақыт беріледі.)

1. Бір сөйлемге синтаксистік талдау жаса;

2. Мәтіннен сөз бен қосымшаның арасындағы дыбыс үндестігі бар сөздерді тауып түсіндір.

3. Әділ, ел, нығайту, шабуыл сөздерінің синонимдерін тап. (7 мин)

Тапсырмаларды орындайды. Бір-біріне көмектеседі. Әр топтағы оқушы бір-бірін толықтырады, қатесі болса,


түзетеді.

- Қай топтың жауабы жақсы болады екен?

В) - Сонымен, Төле би туралы не білдік?

-Төле биді «Сегіз қырлы бір сырлы» деп айта аламыз ба?

Сан қырлы қасиеттеріне топтайық:



- Төле би қай заңды жасауға қатысқан?

- Билер халықтың әдеп-ғұрпына сүйеніп, әділ шешім айтып, нақыл сөздер арқылы үкім шығарған. Билер ұзақ сөзбен ұтпай, ұрымтал оймен ұтқан. (Қазіргі кезде үкім қалай шығарылады?-заң баптарына сүйене)

- Нақыл сөздер дегеніміз не?

Нақыл сөздер (афоризм) – мағынасы терең, ойды қысқаша бейнелейтін, мақал-мәтелге ұқсас, айтуға оңай көркем сөз тіркесі. Авторы белгілі, тұжырымды ережелер.

- Төле би – келер ұрпаққа көп аталы сөздер қалдырған шешен.

3. Бидің сөздеріне көңіл аударайық:

А) Бірлік болмай – тірлік болмас.

Ә) Жаңбыр жаумаса, жер – жетім,

Ұқпасқа айтқан сөз – жетім,

Басшысы жоқ ел – жетім.

Б) Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,  
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.

- Қалай түсінесіңдер?

- Нақыл сөздер бізге не үшін керек?

**4. Бекіту. Тест жұмысы:**

**1) Шешендік сөздер бізге қалай жетті?**

А) ескерткіш;

Ә) дастан;

Б) мұра.

**2) Нақыл сөзді табыңыз:**

А) Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір;

Ә) Асыл – тастан, ақыл – жастан;

Б) Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға.

**3) Афоризмді табыңыз:**

А) Оқу-білімсіз өнер де жоқ, өнерпаз болу үшін де, ең алдымен, білім керек.

Ә) Оқу-білім бұлағы, білім-өмір шырағы.

Б) Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

**5. Қорытынды.**

- Осы билер, батырлар арқасында біз неге жеттік?

Мына өлең жолдарымен сабақты аяқтаймыз:

Басқа тілге ден қойғандай жалпы жас,

Ауыр күнге соқтырады арты, рас.

Мемлекеттік тілдің бағын жандырмай,

Тәуелсіздік туы көкте шалқымас.

**6. Үйге:** нақыл сөздер, Төле би туралы мәлімет, оның нақыл сөзін тауып, жазып келу.

**7. Бағалау.**

Айжан МЕЙІРМАНҚЫЗЫ,  
«Гаршин орта мектебі»  
мемлекеттік мекемесінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан,  
Гаршин ауылы.

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ТУРАЛЫ ВИКТОРИНА

(7-сынып)

**Мақсаты:** білімділік – жерлес жазушымыз, ауданымыздың құрметті азаматы, елінің қалаулысы Ғабит Мүсірепов туралы айту; дамытушылық – шығармашылығы жайындағы, халқына сіңірген еңбегі туралы оқушылардың түсініктерін тереңдету; тәрбиелік – білімге, көркем әдебиетке деген көзқарастарын жаңарту, рухани жан байлықтарын арттыра білуге баулу. **Көрнекіліктер:** жазушы портреті, кітаптарының көрмесі, Ғабең туралы асыл ойлар (тақтада), Ғабит Мүсірепов стенді.

1. Біздің ауданның аты.  
(Ғабит Мүсірепов атындағы аудан)
2. Ғабит Мүсірепов кім?  
(академик, жазушы, сыншы, драматург, қоғам қайраткері, киносценарист, редактор, публицист)
3. Ол қай жылы туды? (1902 жылы)
4. Туған жерін айт (Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылы)
5. Әкесінің аты кім? (Махмұт)
6. Анасының аты кім? (Дина)
7. Ғабиттің қандай бауырлары бар?  
(Хамит, Гүлсім, Баязит, Сәбит, Қажым, Әшім)

8. Қарындасы Гүлсім кімнің мұғалімі болды? (Сәбит Мұқанов)
9. Биыл неше жасқа толды? (110 жасқа)
10. 100 жылдығын ненің көлемінде атады? (Юнеско көлемінде аталды)
11. Аудан қашаннан бері «Ғабит Мүсірепов атындағы аудан» аталуда? (Биыл он жыл болды)
12. Ғабит Махмұтұлының қандай шығармалары бар? («Қазақ солдаты», «Ұлпан», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ақлима», «Әмина», «Ананың арашасы», т.б.)
13. «Қазақ батыры» кейін қалай аталды? («Қазақ солдаты»)
14. «Қазақ солдатының» басты кейіпкері кім? (Қайрош)
15. Оның өмірде прототипі бар ма? (Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Сұлтанғалиев)
16. Роман қай жылдардағы оқиғаларды суреттейді? (ҰОС)
17. Қайрош Сарталиев алғашында кім болып жұмыс істейді? (Шаштараз)
18. Оның әскери мамандығы кім? (Ұшқыш)
19. Роман қалай басталады? («Зытып келем, зытып келем, артыма қарай-қарай зытып келем. Артыма қарайтыным – қорқып келем...»)
20. Кейін «Қара мұртпен» кездесе ме? (Кездеседі, бұл кездесу сатира тілімен жазылады)
21. Осы романдағы достары кімдер? (әнші Бораш, әртіс Шеген)
22. «Ұлпан» романының негізгі кейіпкерлері кім? (Ұлпан, Есеней болыс, түрікпен Мүсіреп, аңшы Мүсіреп, Шынар – Ұлпанның досы, Артықпай батыр – Ұлпанның әкесі, т.б.)
23. Ұлпан қандай адам болды? (Ел анасы, қазақ әйелдерінің жиынтық образы)
24. Қызының аты кім? (Біжікен-Бибіжаһан)
25. Қандай жігітке тұрмысқа шығады? (Торсан)

26. Қай жерде станция бар? (Орынбор-Ташкент темір жолы, Шалқарда)
27. Ғабит Мүсірепов қандай орыс жазушысының шығармаларын аударды? (М.Горький, т.б.)
28. «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана» кімнің шығармалары? (М.Горькийдің)
29. Өзі қай тақырыпта көптеген әңгімелер жазды? (Ана тақырыбында көптеген әңгімелері бар)
30. Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы «Ананың арашасы» әңгімесіндегі ана (Нағима)
31. «Ер ана» әңгімесінің кейіпкері кім? (Наталья)
32. «Ақлима» әңгімесіндегі оқиға не туралы? (Ана мен баланың сағынышы, ана мен баланың бір-біріне бауыр басуы)
33. Қасымнан басқа баласы бар ма еді? (жоқ)
34. Сапарды Нүрилә біле ме? (біледі)
35. Ақлима ана неше жаста еді? (44 жаста)
36. Сапар қандай көлікте немістермен шайқасты? (Танкіде)
37. «Қара қағаз» деген не? (Солдаттың өлгені туралы хабарлама қағаз)
38. Ол қайда жатты? (Сандықтың түбінде)
39. Ақлима қай қалада болды? (Қарағанды)
40. Олар Сапарға не жіберді? (Телеграмма)
41. Сапар қандай жарақаттар алды? (көздерінен, аяқтарынан айырылды)
42. «Талпақ танау» әңгімесі не туралы? (шошқа)
- Балалар, осымен викторина сұрақтары аяқталды. Өте жақсы жауап бердіңдер. Сендерге тілейтінім: талаптарыңа нұр жаусын. Не нәрсе болса да, Ыбырай атамыз айтқандай – тек қана еңбекпен келеді. Әдеби шығармаларды оқуға көңіл бөліңіздер дегім келеді.

Жанат МЕЙІРХАНОВА,  
Семей қаласындағы  
«Дарынды балаларға арналған  
Ш.Уәлиханов атындағы  
«Жас ұлан» арнайы ерлер  
мектеп-лицей-интернатының»  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың игерілген білімдерін еске түсіру, пысықтау, толықтыру, күз туралы лексикалық және сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі туралы грамматикалық тақырыпты меңгерту; **дамытушылық** – сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру, өз бетінше жұмыс түрлерін орындай отырып, сөз тіркестерін, сөйлемдерді құра білу дағдысын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, табиғатты сүюге, оның қамқоршысы бола білуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, талдау, түсіндіру, ойландыру, пікір алмасу, топтастыру, іздендіру, топтық және жеке жұмыстар, жаңа технология элементтері. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, суреттер, сызбалар, кеспе қағаздар.

## Сабақтың барысы:

### I. Ұйымдастыру кезеңі.

### II. Модульдің құрамын түсіндіру.

### III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

### IV. Грамматикалық тақырыпты меңгерту.

Мұғалім тақтада берілген сызбалар бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіреді. Оқушылар тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Бастауыш

Толықтауыш  
Анықтауыш  
Пысықтауыш

Баяндауыш

Ережемен жұмыс, мысалдар арқылы бекіту.

Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады. Сол байланыстың негізінде сөйлемдегі сөздердің белгілі орын тәртібі болады. Сөздердің орын тәртібі сөйлем мүшелері ыңғайында былай болады:

1. Бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады.

2. Толықтауыш өзінің толықтайтын сөзінен, анықтауыш өзінің анықтайтын сөзінен, пысықтауыш өзінің пысықтайтын сөзінен бұрын тұрады.

Мысалы: Жаңбыр жиі-жиі жауады.

### V. Сөздік жұмысын жүргізу.

*Қаптау – скучиваться, собираться;*

*Топ-топ – группой;*

*Ерекше – особенный;*

*Егін даласы – посевное поле;*

*Қайнау – кипящий;*

*Үздіксіз – непрерывно.*

1. Осы сөздердің мағыналарын түсіндіру, аудару.

2. Дұрыс айтуға дағдыландыру:

- мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды;



- оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді дауыстап оқиды;

- тізбекпен оқиды.


3. Жаңа сөздерден сөз тіркестерін құрау.

Ерекше күн, ... .

4. Сөйлемдер құрау.

5. Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазу.

**VI. Лексикалық тақырып. Тақтада берілген сызба бойынша жаңа тақырыпты түсіндіру.**



а) Оқушылар тақтадағы сызбаға қарап, күз туралы сөздерді таңдап, сөз тіркестерін құрап, сөйлемдер құрап, сөздік дәптерлеріне көшіріп жазады.

ә) «Мәтін құра» оқыта үйрету ойыны.

**Ойынның шарты:**

Мұғалім интерактивті тақтаға «Күз» мәтінін жазып, оқушыларға оқыта үйрету ойынын дайындап қояды.

Оқушылар мәтінді іштей оқып, суреттердің орнына тиісті сөздерді қояды. Қағазға мәтін бойынша бір сұрақтан бастап, жүргізушіге береді. Оқушылар мәтінді тағы бір рет оқып, жылдам оқып шыққаннан кейін, тақтадағы мәтін өшіріледі. Сосын жүргізушіден кез келген сұрақты алып, оған жауап береді.

береді. Оқушылар жауаптарын өзара талдап, мәтіндегі тәртібі бойынша түзетеді. Осы түзетілген тәртіппен мәтінді әңгімелеуге кіріседі, сосын тақтадағы жауап үлгісімен салыстырады. Жүргізуші ең белсенді ойыншыны анықтайды.

## Күз

Күз келді. Күн суыта бастады, аспанды ... қаптады. Жиі-жиі ... жауады. ... сарғайып жерге түсіп жатыр. Олардың түстері әр түрлі: сары, қызыл, жасыл. Олар жерге жайылған ... ұқсайды. ... топ-топ болып, жылы жаққа ұшты. ... да жылы киіне бастады. Адамдардың күзгі еңбектері де ерекше. Егін даласында – қайнаған қызу еңбек. ... мен тракторлардың гүрілдеген үні үздіксіз естіліп тұр.

### VII. 1) Сергіту жаттығуы.

Мұзафар Әлімбаевтың «Алтын күз» өлеңін мәнерлеп оқу.

Сары алтындай сары күз,

Қамбадағы дәніміз.

Шелек-шелек балымыз,

Ағыл-тегіл ағымыз.

Жаздай күткен бәріміз

Сары алтындай сары күз.

Алтын ұя – мектепте

Сабақ бастар шағымыз.

2) **Сергіту сәті.** Интерактивті тақтадан көрсетілген дене шынықтыру жаттығуларын қайталап, музыканың сүйемелдеуімен сергіту сәтін орындайды.

### VIII. Сабақты бекіту. Тапсырмалар орындау.

3-тапсырманы орындау. Сөйлемдерді дұрыс құрау. Дайындыққа 5 минут уақыт беріледі. Жауап үлгісі бойынша оқушылар бір-бірлерін тексереді.

1. Күн, ұзарады, күзде, қысқарады, түн.
2. Жылы, ұшады, құстар, күзде, жаққа.
3. Егін, күздігүні, жинайды, диқаншылар.
4. Жеміс, піседі, бақта, бақшада, көкөніс.

5. Жиі-жиі, жауады, жаңбыр.

6. Ғажайып, ең, күз, айлары, бір, жылдың, айлары.

Жауап үлгісі:

1. Күзде күн қысқарады, түн ұзарады.

2. Күзде құстар жылы жаққа ұшады.

3. Күздігүні диқаншылар егін жинайды.

4. Бақта жеміс, бақшада көкөніс піседі.

5. Жаңбыр жиі-жиі жауады.

6. Күз айлары жылдың ең бір ғажайып айлары.

### **IX. «Кім жылдам?» ойыны.**

Интерактивті тақтадан жемістер мен көкөністердің суреттері көрсетіледі. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ көкөністерді, екінші топ жеміс-жидектерді теріп жазады. Қай топ қатесіз әрі жылдам жазса, сол топ жеңімпаз атанады.

<b>Көкөністер</b>	<b>Жеміс-жидектер</b>

### **X. Интерактивті тақтамен жұмыс (флипчарт).**

#### **1. Берілген сөздерге антонимдер жаз.**

Келді –

күн суытты –

жиі – жиі –

түсу –

жылы жаққа –

жылы киіну –

естіледі –

#### **2. Тақтада берілген сұрақтарға жауап жаз.**

1. Қазір жылдың қай мезгілі?

Қазір ....

2. Күз айларын атаңдар.

Күз айлары: ..., ..., ....

3. Күзде ауа райы қандай болады?

Күзде күн ..., ... жауады, ... жел соғады.

4. Күзде нелер піседі?

Күзде ..., ..., ... піседі.

5. Құстар қайда ұшып кетеді?

Құстар ... ұшып кетеді.

**XI. Сабақты қорытындылау. Рефлексия.**

**XII. Үйге тапсырма:** Мұзафар Әлімбаевтың «Алтын күз» өлеңін жаттау.

«Күз мезгілі маған несімен ұнайды?» тақырыбына ойтолғау жазу, сурет салу.

**XIII. Бағалау.**



**Гүлжанат АХАНЖАНОВА,**

**№2 Ақсуат орта мектебінің**

**қазақ тілі мен әдебиеті**

**пәнінің мұғалімі.**

Шығыс Қазақстан облысы,

Тарбағатай ауданы,

Ақсуат ауылы.

## **ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР**

*(6-сынып)*

Қазақ тілі – ұлттық әдеби тіл, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тілдің беделін көтеруіміз жас жеткіншектерімізге тіліміздің ұлттық қасиеттерін, қоғамдық-әлеуметтік рөлі мен қызметін дұрыс түсіндіріп, қалыптастыра білуімізге байланысты.

Мектептің әр түрлі сатысы бойынша мемлекетіміздің ана тілін оқытуда оқушылар міндетті дайындық деңгейіне қойылатын талаптарын оқып, білім алады. Қазіргі уақыт талаптарына сай, оқытуда жаңа технологияларды сабақта қолданысқа енгізіп, жұмыс жүргізу тиімді. Мен өз сабақтарымда «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» жобасының әдіс-тәсілдерімен жұмыс жүргізіп келемін.

Қазақ тілінің «Сөзжасам» тарауы бойынша 6-сыныпта оқушыларға сөздердің жасалу тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарына қарай түрлерін, түбір сөз бен туынды сөздің белгісін, тіркесті сөздің ерекшелігін меңгерту үшін жобаның сабағыма тиімді тәсілдерін таңдап алдым. 6-сыныпта «Дара және күрделі сөздер» тақырыбында өткізген сабағыммен таныстырып, тәжірибеммен бөліссем деймін.


**Сабақтың мақсаты:** дара және күрделі сөздер туралы түсінік алады.

**Міндеттері:** дара сөздер мен күрделі сөздердің құрамы туралы оқып біледі. Түсінгендерін айтады. Оқушы дара және күрделі сөздердің мәнін түсінеді; дара сөздерді күрделі сөздерден ажырату дағдыларын арттырады. Топта жұмыс істеуге үйренеді.

**Қолданылған стратегиялар:** «Ассоциация», «Түртіп алу», «Семантикалық кесте», «Шеңберлі шолу», «Бес жолды өлең». **Көрнекілігі:** ақ қағаз, маркер, кесте, тірек-сызба.

**Сабақтың барысы:**

**I.** Қызығушылығын ояту кезеңінде оқушылар «дара», «күрделі» сөздерінің мағынасын анықтап, «Ассоциация» жасады. Сонда мынандай синонимдер тауып жазыпты.



Келесі тапсырманы мен оқушылардың осы тақырыпқа сәйкес не білетіндерін анықтап алу мақсатымен ұсындым. Берілген кестенің I «Білемін» бағанын оқушылар өткен сыныптардағы білім негізінде толтырды.

Әркім өз жұбымен бөлісті, бірнеше жұп презентация жасады. Медет пен Балғын жұбының жауабы:

- Дара сөздер – бір түбірден тұратын сөздер, күрделі сөздер екі немесе одан да көп сөздерден тұрады,- деп жауап берді. Басқа жұптардың берген жауаптары осыған ұқсас болды.

II. Мағынаны ажырату кезеңінде оқушыларға дара сөздер мен күрделі сөздер туралы мәтінді оқуға тапсырдым. Оқушылар жаңа тақырыппен танысып алған соң, «Түртіп алу» стратегиясының II, III, IV бағандарына өздерінің түсінгендерін жазды, жаңа сабақта алған білімдерімен топта бөлісті. Әр топ презентация жасады. I топтың жауабы:

- Бізге жаңалық болғаны: бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді дара сөз дейді. Мысалы: жол, жолдас. Екі немесе одан көп түбірден құралған сөзді күрделі сөз дейді. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай төрт түрлі болады: біріккен сөздер (тасбақа, қосаяқ), қос сөздер (әкешеше, жолдас-жора), қысқарған сөздер (ҚР, АҚШ), тіркестірілген сөздер (қара торы, он бес),

Келесі жауаптар да осыған ұқсас болды, әр топ өзінше мысалдар арқылы жауаптарын толықтырды.

Білемін	Жаңалық	Түсініксіз	Сәйкес емес
Дара сөздер - бір түбірден тұратын сөздер, күрделі сөздер екі немесе одан да көп сөздерден тұрады.	Бізге жаңалық болғаны: бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді дара сөз дейді. Мысалы: жол, жол-дас. Екі немесе одан көп түбірден құралған сөзді күрделі сөз дейді. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай төрт түрлі болады: біріккен сөздер(тасбақа, қосаяқ), қос сөздер (әке-шеше, жолдас-жора), қысқарған сөздер (ҚР, АҚШ), тіркесті сөздер (қара торы, он бес), күрделі түбір-түбірдің өзінше бір түрі.	Түсініксіз сөздер, сөйлемдер болған жоқ.	Сәйкессіздік жоқ.

75-жаттығуды «Семантикалық кесте» арқылы жазғыздым. Берілген сөздерді пайдаланып, кестені дара, күрделі сөздердің түріне ажыратып толтырды.

Керекті сөздер: *Арқар, аспаз, асқазан, көркемөнерпаз, арқан, дәнекер, асығып-аптығу, арқар мүйіз, аспан көк, жолсерік, қойбүлдірген, жол сілтеуші, жылы ұшырау, жылы шырай, көркем фильм, қарақалпақтар, жақсыатты, қара торы, қара күрең, жомарт, астаң-кестең.*

Негізгі түбір	Арқар, арқан
Туынды түбір	аспаз
Біріккен сөз	Асқазан, көркемөнерпаз
Қос сөз	Асығып- аптығу
Тіркесті сөз	Қара торы, қара күрең

Оқушылар тапсырманы топпен орындады, берілген уақыт аяқталған соң, толтырған кестелерін тақтаға ілді. Барлық топ презентация жасады. Кей топта жіберілген қатені тауып, өзге топтардың көмегімен түзеді.

77- жаттығуды «Шеңберлі шолу» стратегиясын қолданып орындаттым. Әр топқа плакаттарға арнайы тапсырма жазып, қабырғаларға ілдім. Тапсырма:

I топ: Құнанбай, Ақтөбе;

II топ: ата-ана, он екі;

III топ: кара торы, біраздан соң;

IV топ: еңбекақы, өнертапқыш сөздерін қатыстырып, сөйлем құрайды.

Оқушылар берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрады, жұмыстары бойынша әр топ презентация жасады.

III. Ой-толғаныс кезеңінде сабақты «Бес жолды өлең» стратегиясымен қорытындылады. Оқушылар өте жақсы жауаптар жазыпты. Мысалы, Тимурдың жазғаны:

- |                      |  |
|----------------------|--|
| 1. Түбір сөз.        | Дос.                                       |
| 2. Екі туынды түбір. | Достық, байлық.                            |
| 3. Үш күрделі сөз.   | Туған- туыс, кемпірқосақ,<br>шортан балық. |
| 4. Сөйлем.           | Күрделі сөздердің төрт түрі бар.           |
| 5. Түбір сөз.        | Құрдас.                                    |

Соңында «Кері байланыс» парағы арқылы оқушылардың сабақ туралы пікірлерін білдім.

1. Сабақта маңыздысы не болды?

2. Мұғалімге сұрағың.

3. Ұсыныс-тілегің дегенге оқушылардың ұқсас пікірлері бойынша оларға сабақтың өте ұнағанын білдім, сабақта топпен жұмыс орындаған қызықты, келесі сабақтарда да топтық жұмыстар орындағылары келеді екен. Мен олардың жауаптарына рақмет айтып, үйге 76-жаттығуды орындауға және дара, күрделі сөздерді оқуға бердім. Сабақ соңында оқушылардың білімі бағаланды.



# СЕПТІКТЕР ӘЛЕМІНДЕ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** септіктер тақырыбы бойынша шолу жасау. Бекіту сабағы. **Міндеттері:** білімділік – септіктерді ажырата білу. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді түсіне оқи тұрып, мазмұнын өз сөздерімен байланыстыра білуге дағдыландыру. Сұрақтар қою арқылы өз ойларын жеткізе білу; **тәрбиелік** – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеуге дағдыландыру. Таза әрі сауатты сөйлеуге үйрету. Оқушыларды мейірімділікке, ізгілікке баулу, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ой-өрістерін дамыту, дүниетанымын кеңейту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

**Түрі:** бекіту сабағы. **Көрнекілігі:** кесте, сызба, суреттер, көртішкелер, сөзжұмбақ, төрт түлік ойыншықтар. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелеу, топтық және ұжымдық жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі:** психологиялық сәт.

а) оқушылармен сәлемдесу. Кезекшінің қызметін және топтың сабаққа дайындығын қадағалау.

ә) үй тапсырмасын тексеру.

б) сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.

Сабақтың басында оқушылар тақырыпты қабылдау үшін ассоциация стратегиясын қолдану. Бұл әдіс балалардың

сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Тақтада әр түрлі суреттер (гүл, күннің көзі, қоян, т.б.) ілулі тұр. Әр оқушы өзіне ұнаған суретті таңдап алады. Бұл оқушының көңіл-күйін танытады.

- Ал, балалар, бүгін біз септіктер тақырыбы бойынша шолу жасаймыз. Бұл сабақты «септіктер әлемінде» деп атағанымыз да сондықтан. Тақтада септіктер әлемінің суреті ілулі тұр. Сол әлемге жету үшін біз бірнеше тосқауылдардан өтуіміз керек. Қорғандарға жету үшін бақшада бірнеше ағаштардың арасымен өту керек, ал әр ағаштың арғы бетінде сұрақтар мен тапсырмалар жазылған. Әр тапсырманы орындаған сайын, оқушылар тиісті белгілерін алып отырады.

**1-тапсырма.** Оқушы септіктерді атайды және әрқайсысына мысал келтіреді.

**2-тапсырма.** Отан, мектеп сөздерін септе.

**А.с.** Отан, мектеп

**І.с.** Отанның, мектептің

**Б.с.** Отанға, мектепке

**Т.с.** Отанды, мектепті

**Ж.с.** Отанда, мектепте

**Ш.с.** Отаннан, мектептен

**К.с.** Отанмен, мектеппен

**3-тапсырма.** «Азық-түлік дүкенінде» тақырыбына диалог құру. Осы тапсырмалардан кейін оқушылармен сергіту сәтін жүргізу.

Боран соғар оң жақтан,  
Боран соғар сол жақтан,  
Қар лақтырып ойнасақ,  
Су да өтер қолғаптан.

Биік болып өсеміз  
Жапырақтай жайқалып.  
Табиғатты сүйеміз  
Денемізді тік ұстап,  
Билеп, билеп аламыз!

**4-тапсырма.** «Сикырлы қоржын» ойыны (бұл жерде оқушылар қоржынның ішіндегі заттарды бір-бірден алып шығып, онда жазылған тапсырмаларды орындайды). Қоржынның ішінде қазақтың төрт түлік малы жасырынған. (жылқы, түйе, сиыр, қойдың бейнесіндегі ойыншықтар).

Ендеше осы төрт түлікті ата-бабаларымыз қалай атаған?

Жылқы иесі – Қамбар ата.


Сиыр иесі – Зеңгі баба.

Түйе иесі – Ойсыл қара.

Қой иесі – Шопан ата.

**5-тапсырма.** Топтастыру әдісі бойынша оқушылар берілген түймедақтың жапырақтарын септіктердің рет-ретімен орналастырады.

### Сөзжұмбақ



Осы сөзжұмбақты шешу үшін мына сөздерді орыс тіліне аудару керек.

Тігінен бүгінгі сабақтың тақырыбы жасырынған.

- 1. Урок. 2. Школа. 3. Книга. 4. Родина. 5. Знание. 6. Дежурный. 7. Доска. 8. Труд. 9. Тетрадь.**

**6-тапсырма.** Мына сөздер қай септікте тұр? (балаға, оқушыны, мұғалімнің, кітаппен, мектептен) Балалар тақтаға шығып осы сөздердің жалғаулары қай септікте

тұрғанын анықтайды.

**7-тапсырма.** Бұл біздің соңғы тосқауылымыз. Осы ағаштың артында тізбектеліп тұрған жеті адамның бейнелері шығады. Алдымен төмендегі тапсырмаларды орындау керек.

Мына сөйлемдерді аяқтап, септік жалғауларын анықтаңдар.

1. Менің атам мен әжем ауыл... тұрады.
2. Ағам мектеп... кейін үйірге қатысады.
3. Үлкен... сыйла, кіші... қамқор бол.
4. Кітап... дос болсаң, білімді боларсың.
5. Айгүл Марат... қарындасы.

- Ал, балалар, бұлар кімдер екен, қалай ойлайсыңдар? Септіктер әлеміне жеттік. Мұнда кімдер тұрады екен? Дұрыс, жеті ағайындылар тұрады. Ал олардың есімдерін кім атап береді? Дұрыс, бірінші ағайынның аты- Атау, екіншісі- Ілік, үшіншісі – Барыс, төртіншісі – Табыс, бесіншісі - Жатыс, алтыншысы – Шығыс, жетіншісі – Көмектес.

- Сонымен, балалар, біз енді септіктер туралы толық мәлімет алдық деп ойлаймын.

### **Жаңа сабақ бойынша білімдерін бекіту.**

Оқушыларға түрлі-түсті дөңгелек фишкалар таратылады. Кімге қандай түс ұнайды? Фишкалардың артында септіктердің атаулары жазулы тұр.

Оқушылар кім қандай септікті таңдап алды, өз орындарын тауып, сапқа тұрулары керек. Сонда септіктердің атаулары қатар-қатар, рет-ретімен тұра қалады. Әр оқушы өз септігін, оның сұрақтарын атап, бір мысал келтіреді.

Осымен сабағымыз аяқталды, назарларыңызға көп рахмет!

### **Сабақты қорытындылау:**

а) үй тапсырмасын беру. Жаңа сөздерді қайталау. Кез келген 5 сөзді септеу; б) оқушылардың еңбегін бағалау.

# СЕПТІКТІ ҮЙРЕТКЕН ШӘКЕН АЙМАНОВ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды жаңа мәліметпен таныстырып, ой-өрістерін кеңейту, сұрақтар, диалог құрастыру арқылы тіл дамыту.

**Міндеттері:** **білімділік** – Шәкен Айманов туралы мағлұмат беру, өздік жұмысы арқылы жаңа мәліметпен танысып, сұрақтар, диалог құрастыру; септеуліктер тақырыбын қайталау; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, қазақ кино өнерінің тарихын, ұлы тұлғаларын қадірлеуге баулу; **дамытушылық** – жаңа сөздермен танысу арқылы сөздік қорын молайту, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсіндіру, СТО жобасының әдіс-тәсілдерін қолдану.

**Көрнекілігі:** сурет, слайд-презентация, үлестірмелі көртішкелер, «Алдар Көсе» фильмінің үзіндісі.

**Сабақтың барысы.**

## I. Ұйымдастыру кезеңі:

Кіріспе:

1. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.
2. Сұрақ-жауап:
  - Қазір нешінші сабақ?
  - Қазір қай сабақ?

- Сен мектепке нешеде келдің?

- Бүгін аптаның нешінші күні?

- Аптаның үшінші күні қай күн?

(Оқушылар сұрақтарды өздері қояды).

3. Тақтамен жұмыс: Фонетикалық тапсырма орындау. «Кім жылдам?» ойыны бойынша адасқан буындарды дұрыс жазу арқылы белгілі бір ойды анықтау. Мұнда не жазылған? Қазақ тіліне тән дыбыстары бар буындарды оқып беріңдер: көп, а, кі, ке, қыл, жет, зер; ө, көк, кі, нер, жет, ке, зер (Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер).

-Бұл мақалды сабақтың тақырыбымен қалай байланыстыруға болады? Оны сабақтың аяғында айтасыңдар.

## **II. Үй жұмысын тексеру:**

1. Есте сақтау диктанты: кәсіпорын, құрылымы, шежірелік-деректі, ғылыми-көпшілік, жабдықталу, тапсырыс, дерек, өндірістік, ұштастыра, түсірілетін, айырмашылық, кинотану, ерекшеліктері, кино сыны, қосалқы тарау, өнертану, дербес, мақала, мәселелер, қозғау, өркендеу, айналысу, орындау.

(Оқушылардың сөздік қорын тексере отырып, жаңа сабақта қолдану аясын анықтау).

2. «Кинотану» мәтінін әңгімелеу (Өткен сабақпен байланыстыра отырып, өз ойын ортаға салу, әңгімелеу)

3. Жекелеме жұмыс: септеуліктер туралы ережені тақтаға жазу – 1-оқушы, әр септікке екі мысалдан келтіріп жазу – 1-оқушы.

## **III. Жаңа тақырып.**

1. «Ой шақыру» Блумның сұрақ қою өлшемдері арқылы жүргізіледі.

- Шәкен Айманов кім?

- «Қазақфильм» киностудиясы кімнің атымен аталады?

- Киноны түсіру үшін адамда қандай қасиеттер болу керек?

- Шәкен Айманов қандай адам болды?

## 2. Сөздік жұмысы:

а) -Мына сөздердің арасында жаңа сөздерді көрсетіңдер. Олардың аудармасын сөздік арқылы айтыңдар. Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді оқып беріңдер.

жезде	шебер орындау	орындау
шақырылады	көпшілік	өшпес із қалдырды
қабылдану	көзге түседі	айналысу
бірқатар	әсіресе	бейне
сомдады	көркемдік	басқару
өркендеу	үлес қосты	көрермен қауым
ой-талғамы	ізденістер	ерекшеленеді
соңғы қойған	биік шыңы	одақ
ұйымдастыру	одақ басқармасы	шығармашылық
қызметін атқарады	мемлекеттік	жол апаты
қайғылы қазаға	сыйлық	
ұшырады	жерленді	есімімен аталады
мемориалдық тақта орнатылды		өнімді еңбек етті

Жаңа сөздер: сомдады, көрермен қауым, ой-талғамы, ізденістер, биік шыңы, одақ басқармасы, жол апаты, қайғылы қазаға ұшырады, өнімді еңбек етті, жерленді.

ә) Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлемдер құрастыру.

Жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігін арттыруда мына сатылар бойынша жұмыс жүргізіледі:

Оқушыға бағыт-бағдар беру.

Оқушы өз бетінше жұмыс істейді.

Оқушы өздігінен  
ізденеді.

Өз жұмысын  
қорытындылайды,  
талдайды.

### 3. Мәтінмен жұмыс. Танысу.

а) Топтық жұмыс. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Жұмысқа 5 минут уақыт беріледі.

Айманов Шәкен Кенжетайұлы (1914-1970) – қазақтың әйгілі актері, режиссер. 1964 ж. КСРО-ның халық әртісі.

Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданы. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы.

Орта мектеп бітірген соң (1928), Семейдегі педагогикалық техникумға оқуға түскен.

Айманов Шәкен (Шаһкерім) – актер, режиссер, КСРО халық әртісі (1964). Болашақ актер 1914 ж. 15 ақпанда қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Ол кішкентай кезінен жездесі Қали Байжановтың әндерін тыңдап өскен. Ауыл мектебін бітіріп, Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде 1932 ж. Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырылады.

Ш.Айманов 1932-33 жылғы маусымнан театрға жұмысқа қабылданды. Ол алғашында бірқатар рөлдерді ойнады. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер орындауымен көпшілік көзіне түседі. Әсіресе оның орындауындағы Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды. Айманов актерлік өнерімен қатар режиссерлік шығармашылықпен де айналысып, спектакльдер қояды. 1947-51 ж. қазіргі Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болды.



«Абай әндері» (1945), «Жамбыл» (1947) көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. 1953-70 ж. «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Оның қойған көркем фильмдері: «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Алдар көсе» (1965), «Атамекен» (1966), «Найзатас баурайында» (1968). Көрермен қауымның ой-талғамынан шыққан «Біздің сүйікті дәрігер» (1958) мен «Тақиялы періште» (1969) фильмдері ұлттық кино өнерінде комедиялық жанрды дамытудағы соны ізденістерімен ерекшеленді. Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» (1970) фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды.

Айманов Қазақстан Киноматографистер одағын ұйымдастыруға қатысып, одақ басқармасының 1-хатшысы (1958-70) қызметін атқарды. КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1952) және Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының (1968) лауреаты.

1970 ж. 24 желтоқсанда Мәскеу қаласында жол апатынан қайғылы қазаға ұшырады, Алматы қаласында жерленді. Алматы қаласының көшесі (1972) және «Қазақфильм» студиясы (1984) Шәкен Айманов есімімен аталады. Ол тұрған үй мен киностудия ғимаратына мемориалдық тақта орнатылған.

1953 ж. бастап, өмірінің соңына дейін қазақ кино өнері саласында өнімді еңбек етті. Шәкен кино саласында да осы ұстанымдарын шебер пайдалана білді. Оның «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Дала қызы» (1954), «Біздің сүйікті дәрігер» (1958), «Алдар Көсе» (1965), «Туған жер» (1967), «Атаманның ақыры» (1970) фильмдері қазақ кино өнеріне көркемдік төлтумалық өміршең туындылар.

Деңгейлік тапсырма:

III деңгей. Мәтінді аудар. Орыс тілінде айтып бер.

II деңгей. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр. Жұпта диалог ретінде айтып бер.

I деңгей. Мәтін бойынша топта кесте құрастырыңдар.

ә) Жұмыстарын ортаға салу.

III деңгей: қысқаша аудармасын айтады.

II деңгей: Шәкен Айманов кім? Ол қашан, қайда дүниеге келді? Ол қайда оқыды? Ол қай жылы театрға қабылданды? Ол кімдердің рөлдерін ойнады? Ол қай жылы бас режиссер болып тағайындалды? Ол қандай көркем фильмдерде ойнады? Ол қандай фильмдер қойды? Ол қандай қызмет атқарды? Ол немен марапатталды? Ол жайлы қандай естеліктер бар? Немесе ...

Сұхбат: диктор-зерттеуші.

Диктор: - Өткен аптада кино саласында Шәкен Аймановтың 98 жылдығын атап өтті. Бізді осы тұлғамен таныстырсаңыз. Шәкен Айманов кім?

Зерттеуші: - Шәкен Айманов белгілі қазақ актері, режиссер.

- Ол қайда дүниеге келген?

- Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған.

- Ол қайда оқыды?

- Ол Семейдегі педтехникумда оқыды. Онда ол неше түрлі көркемөнер үйірмелерге қатысып, домбыра мен мандолинада ойнаған.

- Оны Алматы қазақ драма театрына кім шақырды?

- Оны Семейге дарынды жастарды жинау үшін келген Ғабит Мүсірепов шақырады.

- Ол сахнада кімнің рөлдерін сомдады?

- Оның орындауындағы Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды.

I деңгей. Бұл топ өз жұмысымен кесте арқылы таныстырылады.



4. Шығармашылық шыңы: «Қазақ киносының саңлағы слайд-презентацияны» (Әйгілі актер. Туған жері. Театр. Сомдаған рөлдері. Режиссері. Кинофильмдері. Сценарийші. Марапаттау мен жүлделер. Шәкен Айманов жайлы естелік), «Алдар көсе» фильмінің үзіндісін тамашалау.

#### IV. Пысықтау:

##### 1. Сұрақтармен жұмыс. Тест.

##### 1. Шәкен Айманов кім?

- а) әнші, биші;
- ә) актер, режиссер;
- б) жазушы, әртіс;
- в) домбырашы, режиссер.

##### 2. Қазақстанның қай өңірінде дүниеге келді?

- а) Қарағанды облысы Қарқаралыда;
- ә) Алматыда;
- б) Павлодар облысы Баянауылда;
- в) Шымкентте.

##### 3. Сомдаған рөлдерін атаңдар.

- а) Ақан сері, Қобыланды;
- ә) Абылай хан, Отелло;
- б) Төле би, Жамбыл;
- в) Төлеген, Сатин.

**4. Қандай еңбегіне сыйлық тағайындалды?**

- а) Отелло рөліне;
- ә) «Дала қызы» фильміне;
- б) «Абай» спектакліне;
- в) «Тақиялы періште» фильміне.

**5. Қандай аспапта ойнады?**

- а) домбыра, баян;
- ә) гитара, пианино;
- б) домбыра, мандолина;
- в) қобыз, скрипка.

**6. Қай жылдары драма театрының бас режиссері болды?**

- а) 1947-51; ә) 1933-45; б) 1958-70; в) 1953-62.

**7. Шәкен Аймановтың есімімен не аталады?**

- а) қала;
- ә) «Қазақфильм» киностудиясы;
- б) Қазақтың академиялық драма театры;
- в) тау.

**8. Шәкен Айманов қай шет елде болды?**

- а) Үндістанда;
- ә) Англияда;
- б) Қытайда;
- г) Францияда.

**9. Шәкен Аймановтың фильмі:**

- а) «Шоқан Уәлиханов»;
- ә) «Атаманның ақыры»;
- б) «Симбад саяхаттары»;
- в) «Капитан қызы».

**10. Нешінші жылы «Қазақфильм» студиясына Шәкен Айманов аты берілді?**

- а) 1970 ж.; ә) 1972 ж.; б) 1962 ж.; в) 1984 ж.

Оқушылар жұпта бір-бірінің жұмысын тексеріп, интербелсенді тақтадағы дұрыс жауаппен салыстырады.

**2. Грамматикалық тапсырма.** Жазбаша жұмыс: көп нүктенің орнына септеуліктерді қойыңдар, сөйлемді салалас құрмалас сөйлемге аударыңдар.

Бүгінгі сабақ ... (арқылы) ұлы тұлғамен таныстық (сондықтан керек сұраққа жауап бердік). Шәкен Айманов ... (туралы) көп мақала оқығанмын (дегенмен сабақта жаңа мәлімет алдым).

Оқушылар мұғаліммен ... (бірге) кино үзінділерін тамашалады (да үйде эссе жазуға тапсырма алды).

### 3. Мақалмен жұмыс:


- Ал, балалар, өнерге байланысты қандай мақал білесіңдер?

«Өнер алды қызыл тіл», «Өнерлінің өрісі ұзақ».

- «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер». Бұл мақалды бүгінгі тақырыппен қалай байланыстыруға болады? Оқушылар өз ойларымен бөліседі.

V.Қорытынды. 1.Актёр болу үшін, кино түсіру үшін адамда қандай қасиеттер болу керек? Шәкен Аймановты қандай адам деп айтуға болады?

«Бес жолды өлең» стратегиясы бойынша түйіндеу:



2. - Сонымен, келесі сұрақтарға жауап берейік.

- Нені білдік? Немен таныстық? Қандай жұмыстар істедік?

**Бағалау. Үйге:** III деңгей сөздерді жаттау, 5 сөйлем құрастыру. II, I деңгей «Қазақ киносының саңлағы» тақырыбына эссе жазу.

## ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСУІ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – дәнекерлеуші мамандығы жөнінде мәлімет бере отырып, білімдерін жинақтау; **дамытушылық** – жаңа сөздермен, мәтінмен таныстыру арқылы сөздік қорларын молайту; **тәрбиелік** – оқушылардың мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру.

**Түрі:** жаңа білім беру сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** әңгімелесу, сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, үлестірмелі қағаз, деңгейлік тапсырмалар, тест құрылғысы, сөзжұмбақ.

**Сабақтың барысы:** Ұйымдастыру кезеңі:

Үй тапсырмасын тексеру.

Жаңа сабақ: Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен оқушыларды таныстыру.

- Сәлеметсіздер бе, құрметті балалар! Бүгін бізге қонақтар келіп отыр, сондықтан қонақтарымызға иіліп сәлем беріңіздер! Рахмет! Енді отыруларыңызға болады.

Назарларыңызды суреттерге аударыңыздар! Бұлар кімдер?



І. Міндетті деңгей.

1-тапсырма. «Қоржын» ойыны.

1. Сенің аты-жөнің, тегің кім?

Менің атым-жөнім – ....., тегім – .....

2. Сендер қайда оқисың?

Мен №1 кәсіптік лицейде оқимын.

3. №1 кәсіптік лицей қандай оқу орны?

Астана қаласының №1 КЛ көне оқу орындарының бірі.

4. №1 КЛ қандай мамандықтарға даярлайды?

Ұсталық, әрлеуші, сылақшы, электр және газбен дәнекерлеуші, электрмонтаждаушы, хатшы-жәрдемші, ағаш ұстасы, автослесарь.

5. Сенің мамандығың қандай?

Менің мамандығым – газэлектрдәнекерлеуші.

Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Менің мамандығым» деп аталады. Бүгінгі күнді және сабақ тақырыбын жазып қойыңыздар. Тапсырмаларды мұқият оқып тыңдап, әрі жылдам орындауға тырысыңыздар. Сіздерге жаңа айттыңыздар, сіздердің мамандықтарыңыз – газэлектрдәнекерлеуші. Сонда дәнекерлеуші дегеніміз кім? Қалай түсінесіңдер?

Бағалау парағын үлестіріп, түсіндіру.

Жаңа кәсіби сөздерді меңгеру:

*еңбек – труд; нарық – рынок;*

*балқыту – плавить, расплавить;*

*жалғау – соединять, удлинять;*

*өнер – искусство;*

*дәнекерлеуші – сварщик;*

*құрал – жабдық – инструмент, приспособление;*

*құрал – сайман – оборудование, инструмент;*

*балға – молоток;*

*тескіш – пробойник, сверло, дрель;*

*түзеткіш – выпрямитель;*

*электрқысқыш – электродержак;*

*сапа – качество;*

*өнімділік – производительность, продуктивность.*

Осы жаңа сөздердің ішінде сіздерге қажетті, көп қолданатын қандай құралдар бар?

2-тапсырма. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыру.  
Мысалы: электрқысқышпен ұстау, балғамен балғалау, сапалы өнім және т.б.

- Жарайсыңдар, балалар! Сабағымызды ары қарай жалғастырмас бұрын мына бағалау парағын үлестіріп алайын. Желімденген қағазға өз есімдеріңізді жазыңыздар, кейін әр тапсырманы орындаған сайын саты бойынша көтеріп отырасыздар. Сабактың соңында мына үлкен плакатқа жабыстырамыз.

3-тапсырма. Мәтінмен жұмыс:

а) мәнерлеп оқу;

ә) мазмұнын айту.

Мамандықтың түрі көп. Соның бірі – дәнекерлеуші. Дәнекерлеуші қазіргі еңбек нарығына қажетті мамандықтардың бірі. Темірді балқытып, бір-біріне жалғап, әр түрлі заттар жасайды.

Дәнекерлеу үрдісіне қажетті құрал-жабдықтар дәнекерлеушінің құрал-сайманы, жұмысқа қажетті аспаптар. Солардың бірі – дәнекерлеу орны. Дәнекерлеу орны деп арнайы жабдықталған пісіру орнын атайды.

Дәнекерлеушінің құрал-саймандары: металл щеткалар, балға, тескіш, түзеткіш, электрқысқыш.

Электрқысқыштар – пісірудің сапасын және өнімділігін арттырады. Электрқысқыш – дәнекерлеуші еңбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрал. Электрқысқыштар электродты және электр тоғын өткізетін дәнекер сымды қысып ұстау үшін қызмет етеді. Электрқысқыштың түрлері: шанышқы, серіппе, қыспа.




4-тапсырма. Сұраулы сөйлемдерге жауап беру.

1. Дәнекерлеуші қандай мамандық?
2. Дәнекерлеуші не істейді?
3. Дәнекерлеушінің қандай құрал-саймандары бар?
4. Электрқысқыш деген не?
5. Электрқысқыштың түрлерін ата.

- Рахмет, балалар, сіздерге шеберханада тәжірибе қай күні болады? Өту барысында шеберханаға барған кезде не істейсіздер? Келесі тапсырма мынадай:

5-тапсырма. Дәнекерлеушінің киімін анықтау. Қажетті киім түрлерін топтастыру.



- Жарайсыңдар, балалар! Енді назарларыңызды фильмге аударыңыздар.

6-тапсырма. Фильм көрсету.

1. Фильм не жөнінде?
2. Қандай киім киген?
3. Дәнекерлеу үшін не қолданды?
4. Лицейдегі тәжірибеден осы фильмнің айырмашылығы бар ма?

Үйге тапсырма: «Менің мамандығым» деген тақырыпта әңгіме жазып келіңіздер. Әңгімені сауатты жазу үшін кез келген адам грамматиканы білуі қажет, сондықтан да, қазір біз грамматикаға көшеміз.

Грамматика.

Үндестік заңы:

Қазақ тілінде сөздерге қосымшалар жуан сөзге – жуан, жіңішке сөзге – жіңішке жалғанады.

Жуан дыбыстар: а, ы, о, ұ

Жіңішке дыбыстар: ә, і, ү, ө

Дәнекерлеу – ші–нің, дәнекерлеу-ші-лер

Дыбыс үндестігі

Сөздегі соңғы әріп қатаң п, қ, к, а аяқталса, қосымша ы, і әріптерінен басталатын болса, онда п-б, қ-ғ, к-г ауысып кетеді. Мысалы: топ+ым/тобым, жабдық+ым/жабдығым, етік+ім/етігім

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар:

Көмектес септік: -нікі, -дікі, -тікі -паз, -қор, -кер, -гер, -мен, -пен, -бен -қой, -хана, -кеш, т.б.

Владимир+мен Владислав+тікі өнер+паз, еңбек+қор,  
жігіт+пен бала+нікі шебер+хана, ас+хана,

**II. Алгоритмдік деңгей.**

7-тапсырма. Сөздерге қосымша жалғап, қалай жасалғанын түсіндіру.

(Балалар қолдарына жалғауларды үлестірмелі қағаз түрінде беремін, олар айтқан сөздерге жалғау түрін көрсетеді. Кейін тақтада дұрыс көрсетемін де, себебін айтамын)

Дәнекерлеуші, электрқысық, қолғап, костюм, мата, киім, дәріхана (лер, тар, дар, лар, дер, тер)

Ас, дәрі, шебер – (хана)

Еңбек, сән, (қор, қой)

**III. Эвристикалық деңгей.**

8-тапсырма. Адасқан әріптер. Дұрыс сөз құрау.

ЫШЖҰМСЫ \_\_\_\_\_

ЫШСЫЛЫРҰҚ \_\_\_\_\_

АНМАДМЫҚ \_\_\_\_\_

9-тапсырма. Сөйлемдерді суретпен сәйкестендіру.

1. Жүргізуші машина жүргізеді.
2. Аспазшы тамақ пісіреді.
3. Наубайшы нан пісіреді.
4. Суретші сурет салады.
5. Мұғалім балаларды оқытады.
6. Дәрігер балалар емдейді.
7. Құрылысшы үй салады.

<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүргізуші</li> <li>2. Аспазшы</li> <li>3. Наубайшы</li> <li>4. Суретші</li> <li>5. Мұғалім</li> <li>6. Дәрігер</li> <li>7. Құрылысшы</li> </ol>	<ul style="list-style-type: none"> <li>үй салады.</li> <li>балаларды оқытады.</li> <li>балалар емдейді.</li> <li>тамақ пісіреді.</li> <li>нан пісіреді.</li> <li>сурет салады.</li> <li>машина жүргізеді.</li> </ul>
---	--

#### IV. Шығармашылық деңгей.

10-тапсырма. Ойнайық та, ойланайық!

«Дәнекерлеуші» сөзіндегі әріптерді қолданып, сөз құрастыру.

Мысалға: дән, әнші, .....

11-тапсырма. Мамандықтар атауларын жазып, торды толтыру.

<b>М</b>							
<b>А</b>							
<b>М</b>							
<b>А</b>							
<b>Н</b>							

12-тапсырма. Тест сауалдарына жауап беру.

**1. «Газоэлектросварщик» сөзінің аудармасы.**

- А) газэлектрдәнекерлеуші;
- Ә) тас қалаушы;
- Б) ағаш ұстасы.

**2. Дәнекерлеушінің киімі .....**

- А) отқа төзімді, брезент матадан;
- Ә) жеңіл, жұқа;
- Б) қалың, сәнді.

**3. Дәнекерлеуші ..... балқытып, бірі-біріне жалғап, әр түрлі заттар жасайды.**

- А) ағашты;
- Ә) темірді;
- Б) тасты.

**4. Металл щетка, шапқы, электрқысқыш, түзеткіш, бұл - дәнекерлеушінің .....**

- А) пісіру заттары;
- Ә) дәнекерлеу орны;
- Б) құрал-саймандары.

**5. Арнайы жабдықталған пісіру орны ..... деп аталады.**

- А) аспаптары;
- Ә) дәнекерлеу орны;
- Б) құрал-сайманы.

**6. .... – электродты және электр тоғын өткізетін дәнекер сымды қысып ұстайтын құрал.**

- А) металл щеткасы;
- Ә) электрқысқыш;
- Б) түзеткіш.

**7. Электрқысқыштың бір түрі.**

- А) түзеткіш;
- Ә) шапқы;
- Б) серіппе.

Тест нәтижесін тақтадан шығару.

### 13. «Шумақ өлең» жаттау.

Дәнекерші мамандығы

Болат пен мысты жалғайды.

Берік қоршау жасап бізге,

Үйімізді қоршайды.

..... мамандығы

Болат пен мысты .....

Берік қоршау жасап .....,

..... қоршайды.

- Балалар, сіздердің мамандықтарыңыз қандай керемет!

Рефлексия.

Әр тұлғаның өз-өзін танудағы үш жолы бар:

1. Өзге адам бағалайды, ой-пікірін айтады.

2. Адам өзін басқа адаммен салыстырады.

3. Адам өзін-өзі бағалайды.

Адам біреумен амандасқанда, танысқанда не істейді? — қолын беріп, танысады, амандасады. Қол адамның ағзасымен тығыз байланысты. Қолдағы саусақтардың өз қызметі бар.

Мысалға:

- кішкентай саусақ – ойлау үрдісімен тығыз байланысты.

- шынашақ саусақ – мақсатқа, мұратқа жету.

- ортаңғы саусақ – ішкі жан-дүние.

- сұқ саусақ – көмек, жәрдем, сілтеме, нұсқау. Қандай да бір нәрсені көрсеткен кезде, сұқ саусағымызбен көрсетеміз ғой.

- бас бармақ – сергектік, денсаулық кепілі.

Осыған орай, балалар өз-өздерінді бағалау үшін осы «Бес саусақ» әдісін қолданайық! Алдарыңыздағы ақ параққа қолдарыңызды қойып, сызып шығыңыздар!

1. Бүгінгі сабақтан не алдың?
2. Бүгінгі сабақта қандай жұмыстар жасадың?
3. Бүгінгі сабақтағы көңіл - күйің қандай?
4. Басқаға қандай көмек көрсеттің?
5. Айтар тілегің?

### **Бағалау.**

«Жеті саты» бойынша барлық тапсырмалар орындалды.

- Ең жоғарғы сатыға жеткен оқушы бар ма? Тақтаға іліп қойыңыз. Сатының ортасына жеткен оқушылар, өз орнына іліп қойыңыздар!

**Үйге тапсырма:** «Менің мамандығым» тақырыбына әңгіме жазу.

Сабақ Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Әр адам өз мамандығының шебері болуы керек» сөздерімен қорытындыланды.



**Данагүл АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,**  
Махамбет атындағы жалпы орта  
білім беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Зеленов ауданы.

## **САУАТТЫ СӨЙЛЕУ БАСТАУЫ – ОТАНШЫЛДЫҚ**

*(8-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** 1) модуль бойынша Отан туралы алған білімдерін жинақтау арқылы өз ойларын, мазмұнын

ашуға үйрету, 2) оқушылардың монологты, диалогты сөйлесе алу, сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғап сөйлеу, жазу сауаттылығын, есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын дамыту; 3) оқушылардың бойындағы отансүйгіштік қасиеттерін, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлей білуге, оны өз қабілетінше қорғай білуге баулу.

**Күтілетін нәтиже:** Отан, туған жер тақырыбына өз ойын еркін жеткізе алатындай сөздік қорының қалыптасуы. **Түрі:** аралас. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, іздендіру, ой қозғау, көрнекілік. **Көрнекілігі:** Қазақстан картасы, слайдтар, «Атамекен» әнінің ұнтаспасы. **Пәнаралық байланысы:** тарих, қазақ әдебиеті, саз, жағрапия.

### **Сабақтың барысы:**

А. Кіріспе бөлімі.

1. Ұйымдастыру кезеңі (оқушылармен амандасу, сабаққа қатысын тексеру).

2. Сабаққа психологиялық дайындық жасау.

Б. Негізгі бөлімі.

1. Үй тапсырмасын тексеру.

2. Жаңа тақырып.

В. Қорытынды бөлімі.

1. Сабақты бекіту.

2. Сабақты бағалау.

«Білім биржасы» ойыны арқылы жүзеге асады. Әр дұрыс емес жауапқа сары түсті «акция», дұрыс, толық емес жауапқа қызыл түсті «акция», толық, дұрыс жауап үшін көк түсті «акция», өте жақсы, дәйекті (дәлел келтіру) жауапқа жасыл түсті «акция» беріледі. Сұрақтарға жауап берілген соң әр оқушы қолындағы «акцияларын» санап, түстеріне қарай сұрыптайды. Қай түсті «акция» көп болса, соған сай бағаланады.

Сары түсті «акция» - 2, қызыл түсті «акция» - 3, көк түсті «акция» - 4, жасыл түсті «акция» - 5 деген бағамен

бағаланады.

Қызығушылығын ояту.

- Балалар, сіздер қайда отырсындар?

- Сіздер мектепке қайдан келдіңіздер?

- Үйлеріңіз қайда орналасқан?

- Ал, ауылымыз қайда орналасқан?

- Батыс Қазақстан облысы қай мемлекетте орналасқан?

- Әрине, Қазақстан Республикасында орналасқан.

- Міне, балалар, Отан қайдан басталады екен?

- Отан туған жерімізден, өз ауылымыздан, өз үйімізден, өз отбасымыздан басталады екен.

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деп аталады. Халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталған отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті білдіретін, біздерді отаншылдыққа тәрбиелейтін мақал – мәтелдермен танысамыз.

- Олай болса, балалар, тақтаға назар аударайық. Дәптерімізді ашып, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын жазып алайық.

Слайд: Қазақстан Республикасының картасынан өз туған жерін тауып, картадағы көрінісіне тоқталу.

Слайд: суретті сөзбен алмастырып, мақал-мәтелді оқы, мағынасын түсіндір.

1. Отан (оттан) да ыстық.

2. Туған жерге (туың) тік.

3. Туған жердің (күні) де ыстық, (түні) де ыстық.

4. Өз елің – алтын (бесік).

5. Отанның алғысы – (жүректің) қуанышы.

6. Отансыз адам – ормансыз (бұлбұл).

Сөздік жұмысы.

Түсініктеме. «Отан» сөзі арабтың «ватан», яғни «өлке» деген сөзінен шыққан.

Грамматикалық тақырып: Қосымша және оның түрлерін



қайталау.

1. Қосымша нешеге бөлінеді?
2. Сөзге жаңа мағына беретін немесе мағынасын өзгертпей-ақ үстеме мағына беретін қосымша қалай аталады?
3. Жалғаудың неше түрі бар және оның атқаратын қызметі қандай?

Мәтінмен жұмыс (оқып, қосымшасы бар сөздерге талдау жаса).

Слайд: жазбаша тапсырмаларды орында.

№1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып жаз.

«Отан» деген сөз...(т.с) күн сайын естиміз. Отан дегеніміз адам...(і.с) туып-өскен жер...(т.ж). Қазақ елі...(ж.с) тұратын адамдар...(і.с) Отаны – Қазақстан Республика...(т.ж).

Адамның жақсы, бақытты өмір сүру...(т.ж) көп жағдайда Отан...(б.с) деген сүйіспеншілігі...(б.с) байланысты.

Отаның...(т.с) сүйе білсе...(ж.ж) – атақ та, жұмыс та, құрмет те болады.

№2. Сандарды әріптермен ауыстырып жаз.

/20.25.1.18/ /28.34.38.18/ /20.25.15.1/ /25.28.24/ - /14.28.13.17.8.13.24.38.19/.

«Отан үшін отқа түс – күймейсің»

/8.16.7.38/, /20.25.1.18.7.37/ /24.28.13.8.25.38.18.7.38.5.38.19.7.38/ /24.21.11.3.8.18/ /8.17.8.24/, /38.24.22.8.18/ /7.2.16.8.16.7.8/.

«Елді, отанды сүйетіндігіңді сөзбен емес, іспен дәлелде» /Б.Момышұлы/.

№4. Мақал-мәтелдердің аудармасын тауып, мазмұнын түсіндіріңдер.

1.	Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы.	Родная земля – золотая колыбель.
2.	Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.	Каждому родная земля – рай.

3.	Ел іші – алтын бесік.	На чужбину попов, поймешь, как дорога Родина.
4.	Әркімнің өз жері – жұмақ.	Родина – мать народу, народ – мать джигиту.
5.	Туған жердің қадірін Шетте жүрсең білерсің.	Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине.

№5. Қате құрастырылған сөйлемдерді дұрыстап жаз. Қосымшалардың түрін ажырат.

Қате сөйлемдер	Дұрыс сөйлемдер
1. Өз сүймейтін елінің адамдар қорғаны халқын бола алмайды.	
2. Азаматтың туы намыс алтын.	
3. Өзінің өскен адам ауылын қадірлеген отаншыл болады.	
4. Ол сыйлайды адамдарды.	

Сабақты бекіту. Қорытынды сөз.

Құс ұясыз, жыртқыш інсіз болмайды.

Отансыз жан өмірінде оңбайды.

Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды,

Тірі адамға – сол қайғы,

Білесің бе, Отанның сен не екенін?

Екі Отан жоқ,

Жалғыз Отан – мекенің!- деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай Отанымыздың жалғыз екенін ұмытпайық.

Сабақты бағалау.

Сабақ соңында жерлес ақын – сазгерлеріміз Қ.Мырза Әли мен Е.Хасанғалиевтің сөзі мен әніне жазылған «Атамекен» әні орындалады.



**Ғалия ОСПАНОВА,**  
**№127 Ш.Уәлиханов атындағы**  
**орта мектеп-лицейінің мұғалімі.**  
Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданы,  
«Көкшоқы» елдімекені.

## **«ТУҒАН ЖЕРІМ» МОДУЛІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ**

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** туған ел туралы білімдерін толықтыру. **Міндеттері:** білімділік – сауатты сөйлеуге дағдыландыру, бүгінгі өмір талабымен байланыстыру, жіктік жалғауды қайталау; **дамытушылық** – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген белсенділігін, ойлау, сөйлеу, танымдық, ізденімпаздық қасиетін арттыру; **тәрбиелік** – туған жерге деген сүйіспеншілікке, ерлікке, Отанын құрметтеуге, сүйюге баулу.

**Тіпі:** дәстүрлі емес сабақ. **Түрі:** қорытынды сабақ. **Әдісі:** ізденіс, проблемалық, сұрақ-жауап, жеке, топтық жұмыс, рөлдік ойындар. **Көрнекілік:** Қазақстан Республикасы картасы, суреттер, слайдтар, кестелер, оқушылардың жеке жұмыстары. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, музыка, география, тарих.

**Сабақ барысы:** 1) Ұйымдастыру кезеңі.  
2) Үй тапсырмасын тексеру.

**Жаңа сабақ:**

Балалар, бұл жол басы даналыққа,  
Келіндер, байқап түсіп қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,

Соларды көре тұра қалалық па?- деп ағартушы ғалым, қазақ зиялысы А.Байтұрсынұлы «Оқуға шақыру» өлеңімен балаларды оқуға тартып, білім нәрімен сусындауға шақырған болатын. Мен де бүгін өздеріңді сапалы білім, саналы тәрбие алуға шақырамын.

- Балалар, бүгін кезекті қазақ тілі сабағымызды бастайық. Бүгін бізге қонаққа ұстаздарымыз келіп отыр. Сондықтан қысылмай, білімдеріңді көрсетулеріңді сұраймын.

- Балалар, өздерің білетіндей Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне санаулы күндер қалды. Мерекеге қандай тарту дайындайтынымызды ақылдаспақ мақсатында, Сарыарқа төсіндегі арман қала – Астанаға жете алмасакта, Сыр елінің «Швейцариясы» атанған киелі мекен Шиеліде үлкен мәжіліс өткізгелі отырмыз. Күннің өзекті мәселесі – «Туған жеріміз». Мәжіліске Республикамыздың экономикалық аймақтарынан өкілдер келіп отыр.

- Ал, енді мәжіліске қайдан келгендеріңді айта отырсаңдар.

- Біз Қазақстанның әр аймағынан жиналдық. Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Орталық Қазақстаннан жиналдық.

- Ендеше, Қазақстан азаматтары жиналған екенбіз, қонақтармен, бір-бірімізбен амандасайық, сәттілік тілеп, отырысымызды бастайық.

«Жүрек жылуы» тренингі.

– Армысың, шапағатты күніміз,  
Армысың, мейірімді күніміз,  
Армысың, ұлы Отан – анамыз,  
Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.

– Мен сізге сәттілік тілеймін.

– Мен сізге әдептілік тілеймін.

– Мен сізге адалдық тілеймін.

- Мен сізге инабаттылық тілеймін.
- Мен сізге сыйластық тілеймін.
- Мен сізге денсаулық тілеймін.
- Мен сізге сыпайылық тілеймін.


## Кіріспе

### 1. «*Ой қозғау*» кезеңі.

– Ал, құрметті қонақтар, бәрімізге ортақ сөзді анықтап алайық.

Бізге ортақ сөз, бізді біріктіретін сөз ол – «Отан» сөзі.

Олай болса, осы сөзге анықтама табайық.



2. «*Сөз маржанын терейік*» кезеңі. Мына сөздердің синонимін тап: *Отан, әдемі, азат*.

### І бөлім. «Жер - ана» тапсырмалары.

Тақырыбы: «Салмақты тапсырмалар».

Айдары: «*Жақсы болсаң, жердей бол, бәрін шыдап көтерген.*»

(Мәжіліске келген әр аймақ өкілі өз аймақтары туралы баяндайды.)

- Экономикалық аймақ атауы
- Орналасқан жері
- Табиғаты

## II бөлім. «Су-Ана» тапсырмалары.

Тақырыбы: «Таза, қатесіз тапсырмалар».

Айдары: «Таза болсаң, судай бол, бәрін жуып кетірген».

1. Сөздерге жақша ішіндегі жіктік жалғауын жалға. Үш жақта жікте.

- Мен үйге бара...

- Мен дәрігер...

- Мен дәріханадан дәрі сатып ала...

- Мен сабаққа бармай...

- Мен б-сынып оқушысы...

- Мен мектеп оқи...

- Мен тақтаны сұртті...

2. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қой.

Менің туған жер... , Отан... – Қазақстан. Қазақстан-көп ұлтты мемлекет.

Қазақстан... астана... – жаңа қала Астана. Қазақстан... тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

3. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

Қазақстан	бес елмен	әлемде тоғызыншы
	жері	орында
	жерінің үлкендігі	өте бай
	жөнінен	құрғақ
	ауа райы	шектеседі
	пайдалы қазбаларға	
	өсімдікке, жануарларға	

4. Бос орындарға тиісті сөздерді қой.

Қазақстанның \_\_\_\_\_ 16 млн. ұлттық  
Қазақстанның \_\_\_\_\_ 2717,3 мың \_\_\_\_\_ километр.  
шиаршы. Қазақстан \_\_\_\_\_ Азияда \_\_\_\_\_ . орналасқан  
Теңге – Қазақстанның \_\_\_\_\_ ақшасы. халқы

### III бөлім. «Отан-Ана» тапсырмалары.

Тақырыбы: «Ыстық тапсырмалар».

Айдары: «*Сен жанбасаң лапылдап, мен жанбасам лапылдап, біз жанбасақ лапылдап, заман қалай оңалмақ?*»

1. Отан, туған жер туралы әңгімелеу.
2. Отан, туған жер, тіл туралы өлең оқу.
3. Мақал-мәтелдер айту.
4. Мына өлең жолындағы көрсетілген сөздерді құрамына қарай талда:

Отаным – өзегім сен!

От алдым өзіңнен мен.

Жаралдым топырағыңнан,

Нәр алдым өзеніңнен.

### IV бөлім. «Ауа – Ана» тапсырмалары.

Тақырыбы: «Ұйқыашар» тапсырмалар.

1. «Блиц-турнир» ойыны.

1. Қазақстан қайда орналасқан?
2. Республикамыз неше елмен шектеседі?
3. Қазақстанның жер көлемі қандай?
4. Қанша пайызын өзен-көл алып жатыр?
5. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?
6. Геральдика ілімі нені зерттейді?
7. Көк түс нені білдіреді?
8. Сары түс нені білдіреді?
9. Қайда тудың?
10. Отан үшін отқа түссең, күйесің бе?
11. Отан үйден бастала ма?
12. Ел іші ағаш бесік пе?
13. ҚР кім басқарады?
14. 6-сыныпты кім басқарады?
15. Еліңнің патриоты боласың ба?

2. «Егер де мен .....» айдарымен өз ойларыңды қорытындылау.

- Егер де мен тау болсам, \_\_\_\_\_ (адамға ұлылық сыйлар ем)

- Егер де мен күн болсам, \_\_\_\_\_ (жүректерге жылылық берер ем)

- Егер де мен өзен-су болсам, \_\_\_\_\_ (бар жамандықты жуар ем)

- Ал бізше?

- Ал, сен бе, сен, осы айтқан армандарды мақсат жолына арнайтын адамның, халықтың, ұлы Отаныңның адал ұлқызы бол!

- **Ойласа келе, мәжіліске жиналған әр аймақ өкілдерінің шешім шығарады:**

1. Бүкіл қазақстандықтарды мерекемен құттықтау;

2. Қазақстан Республикасы азаматының антын қабылдау;

**«Мен, Қазақстан Республикасының азаматы, Отаным Қазақстанның дүние жүзінде алдыңғы қатарлы, әділетті, өркениетті ел болу үшін сапалы білім аламын. Жоғары мәдениетті азамат боламын. Туған халқымның ата – дәстүрін жалғастырамын. Мемлекетіміздің Президентін құрметтеймін. Конституциясы мен заңдарын бұлжытпай орындаймын, Елімнің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын сыйлап, қастерлеймін деп АНТ етемін!!!»**

3. «Жаса, Қазақстан!» фильмін тамашалау.

Сабақты қорытындылау.

**«Екіге жасыңды төккенше, беске терінді төк».** Оқушының білімін бағалау.

**Үйге тапсырма.** Материал жинақтау, «Туған өлкем» тақырыбына әңгіме жазу.



## ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІНДЕ – ЕСІМДІК

**Сабақтың мақсаты:** 1. Оқушыларды жаңа тақырыппен таныстыру. Жаңа сөздер арқылы сөздік қорларын байыту. 2. Сөйлем құрауға дағдыландыру, сұрақ-жауап арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту, сөзжұмбақ арқылы ойлау қабілеттерін арттыру, есімдік түрлерін орынды қолдана білуге үйрету. 3. Төрт түлік малды қорғауға және қастерлеуге баулу, табиғатты сүйуге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, аударма, қайталау. **Көрнекілігі:** бейнетаспа суреттер, таблица (кесте), үлестірмелі кеспелер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, дүниетану.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

1. Оқушылармен амандасу.  
2. Мемлекеттік Әнұранды айтқызу.  
3. Оқушыларды түгелдеу, сынып назарын бүгінгі сабаққа аудару.

4. Фонетикалық жаттығу.

Мақал.

Жақсы ат жанға серік,

Жақсы ит малға серік.

Мақалды оқытып аударту, талдау жасату.


- «ат» сөзінің омонимдік мағынасы қандай?

- «жан» сөзін қалай түсінесіңдер?

-«жанға, малға» сөздері қай септікте тұр?

## II. Үй тапсырмасын тексеру.

- 1) Өткен сабақты пысықтау.
- 2) Сөзжұмбақ шешкізу.



1. Тигр.
2. Волк.
3. Заяц.
4. Курица.
5. Лошадь.
6. Лев.
7. Лиса.
8. Гусь.
9. Корова.

## III. Жаңа сабақты қалыптастыру.

- 1) Сұрақ-жауап арқылы сөйлесу.

- Қазақ тілінде жануарларға қандай сұрақ қойылады?
- Ал, орыс тілінде қандай сұрақ қойылады?
- Сендер қандай жануарларды білесіңдер?
- Жануарлар қандай топтарға бөлінеді?
- Үй жануарларына нелер жатады?
- Олардың бізге беретін пайдасы қандай?

- Үй жануарларының төлдерін атаңдар.

Тақырып бойынша берілетін жаңа сөздер:

*Қоздау – ягниться – қоздайды;*

*Лақтау – окотиться – лақтайды;*

*Бұзаулау – отелиться – бұзаулайды;*

*Құлындау – ожеребиться – құлындайды;*

*Боталау – верблюдица окотилась – боталайды;*

*Мөңіреу – мычать – мөңірейді;*

*Маңырау-блеять – маңырайды;*

*Кісінеу – ржать – кісінейді;*

*Боздау – рыдать, верблюжий рев – боздайды;*

*Түлік – скот;*

*Төл – приплод.*

Жаңа сөздермен жұмыс:

Сурет бойынша сөз тіркестерін құрату.

- Жылқы не істейді?

- Сиыр не істейді?

- Түйе не істейді?

- Қой мен ешкі не істейді?

5. Мәтінмен жұмыс:

а) Мәтінді оқып беру.

**Үй жануарлары.**

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі үй маңайында тіршілік етеді. Сондықтан оларды үй жануарлары деп атайды. Олар адамға көп пайда келтіреді. Мысалы, жылқыны көлік ретінде пайдаланады. Сүтінен қымыз жасайды. Ал, сиыр сүт, ет, май береді. Түйе шұбат береді. Сондықтан адамдар оларға жылы қора жасайды, оларды бағып күтеді.

ә) Мәтінді бірнеше оқушыға оқытқызу.

б) Мәтінді аударту, есімдіктерді тапқызу.

Кесте бойынша есімдік түрлерін түсіндіру.

Қазақ тілінде есімдіктің жеті түрі бар. Олар: жіктеу, сілтеу, өздік, жалпылау, болымсыз, белгісіздік, сұрау есімдіктері.

Бізге оқулықта төрт түрі берілген, қазір солармен танысып, сөйлемдер құраймыз.

5) Дәптермен жұмыс.

6) Бірнеше оқушыға үлестірмелі кеспелер таратып, жазбаша орындатқызу:

1. ... жұмысқа кірістік. ... ауылға кетемін. ... кітапты Сәрсенге бер. ... тағам дәмді.

... менен аласа.

Көп нүктенің орнына тиісті есім сөздерді қойып жаз: бұл, ол, мен, біз, мына, сен.

2. Мына сөйлемдерден есімдіктерді тауып, қай есім түріне жататынын айт.

Мына жазушының әңгімесі қызықты. Мен бүгін кинотеатрға барамын. Ол кеше үйде демалды.

Бұл қыз өте әдемі. Сен бүгін қайда барасың?

3. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар.

Это книга очень интересная. Я купил себе новую футболку. Мы пошли на работу.

Ты где живешь? Они гуляют в парке.

- Дәптерлеріңе бүгінгі күнді, тақырыпты жазыңдар.

- 2-тапсырмадағы берілген сөздерге сілтеу есімдіктерін құрап жазыңдар.

IV. Сабақты бекіту және қорыту.

- Сонымен, бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

- Жануарлар әлемінде қандай жануарлармен таныстық?

- Оларды неге үй жануарлары деп атайды?

- Жылқыны не үшін пайдаланады?

- Сүтінен не жасайды?

- Сиыр не береді?

- Адамдар жануарларға не жасайды?

- Оларды не істеуіміз керек?

- Грамматикалық тақырып бойынша нені меңгердік?

- Есімдіктің қандай түрлерімен таныс болдыңдар?

- Жаңа тақырып бойынша сұрақтарың бар ма?

## V. Үйге тапсырма.

- 1) Мәтінді әңгімелеп келу.
- 2) Жаңа сөздерді жаттау.
- 3) Есімдік түрлерін жаттау.

VI. Бағалау: 1) үй жұмысы бойынша; 2) белсенді қатысқандар.



Бибігүл АЙКЕШҚЫЗЫ,  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
№8 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЛАУ РАЙ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру. «Сурет өнерінің қос тарланы: Ә.Қастеев пен О.Таңсықбаев» тақырыбы бойынша мағлұмат беру. **Міндеттері:** **білімділік** – қалау райға мысалдар келтіру арқылы тапсырмалар орындату. МАБ-қа дайындық жүргізу арқылы білімдерін тексеру; **тәрбиелік** – оқушыларды сурет өнерінің қос тарланы: Ә.Қастеев пен О.Таңсықбаевтың еңбектерін білуге, өнердің қай түрін болса да құрметтеуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың қисынды ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын қорыта біліп, коммуникативті қарым-қатынасқа түсе білу дағдыларын

калыптастыру.

**Түрі:** жаңа білімді беру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, пікір алмасу, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** дидактикалық материалдар, интербелсенді тақта, тест.

### **Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлемдесу, кезекшімен диалог, дәрісхананың сабаққа дайындығын тексеру.

### **II. Үй тапсырмасын тексеру.**

- Балалар, аға буын суретшілерге кімдерді жатқызуға болады? Олар өз суреттерінде нелерді бейнеледі?

**III. Оқушылардың қызығушылығын ояту. (Ой шақыру).**

Жаңа сабаққа кіріспе.

- Балалар, біз қазір қандай модульді өтіп жатырмыз? Қазақ сурет өнерінің негізін салушы кім?

- Дұрыс, Әбілхан Қастеев.

- Иә, сол Ә.Қастеев аталарыңмен бірге, бір жылы туған сурет өнерінің хас шебері Орал Таңсықбаев туралы да білетін боласыңдар.

- Ендеше, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Сурет өнерінің қос тарланы: Ә.Қастеев пен О.Таңсықбаев.

### **IV. Негізгі кезең. (Танымдылық кезең).**

#### **Жаңа сабақ.**

1. Сабақтың мақсатымен таныстыру. Оқушылар өздері айтады.

2. Сөздік жұмысын жүргізу.

*Бейнелеу өнері – изобразительное искусство;*

*Мемлекеттік сыйлық – государственная премия;*

*Еңбегі сіңген – заслуженный;*

*Тұлға – личность;*

*Халықаралық жүлде – международный приз;*

*Мерей – юбилей;*

*ЮНЕСКО көлемінде – в рамках ЮНЕСКО;*

*Тойланды – праздновали;*

*Түпнұсқа – оригинал;*

*Мойындады – признали.*

3. Жаңа тақырыпқа көшу. Мәтінді оқу. Түсініп оқу. Негізгі ойды анықтау.

### **Әбілхан Қастеев**

Ә.Қастеев – қазақтың халық суретшісі. Ол – қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы. Әбілхан Қастеев бұрынғы Талдықорған облысы, Панфилов ауданында 1904 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. Ол Алматыда, Мәскеуде сурет студиясында оқыды. 40 жасында халық суретшісі атанды. Ә.Қастеев қазақ суретшілер одағын басқарды. Бірнеше халықаралық жүлделерге ие болып, бүкіл әлемге танылды. Оның қылқаламынан мыңнан астам көркем сурет туындаған. Ә.Қастеев «Қазақстан таулары», «Таудағы көктем», «Түркістан темір жолы», «Колхоз тойы», «Колхоздағы алғашқы борозда», «Бие сауу», т. б. картиналар салды. Ол Абайдың, Жамбылдың, Ш.Уәлихановтың портреттерін жасады.

Ә. Қастеев – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Ұлы суретшінің 100 жылдығы 2004 жылы ЮНЕСКО көлемінде тойланды.

### **Орал Таңсықбаев**

Орал Таңсықбаев 1904 жылы Ташкентте көп балалы, жұмысшы отбасында өмірге келген. Қазақтың осы дарынды ұлы өмірінің соңына дейін Өзбекстанда тұрды. Соңына төрт мыңнан аса еңбек қалдырды.

Үңіліп қарасақ оның қылқаламынан туған полотноларынан қазаққа тән шексіз де шексіз кеңдік еседі. Жақсы суретші болу – оның ең асқақ арманы еді. Асыраушы әкеден айырылған соң көп балалы үйді асырау жас Оралдың мойнында болды. Ол жастайынан еңбекке араласты. Сөйте жүріп, суретшілермен араласып, көп ізденді. 1928 жылы Пенза қаласында 2 жылдай көркемсурет өнерін үйренді.

Алғаш рет Мәскеуде Ван Гогтың, Поль Гогеннің, Арни Матисстің еңбектерін түпнұсқадан көргенде, қатты толқып, шексіз әсер алды.

Ол көп еңбек етті. Оның қазақи жанын, болмысын, сағынышын «Көш» деген картинасынан көруге болады. Суретшінің: «Қазақтар», «Сырдария», «Ауылда», «Қазақ қызы», т.б. картиналары бар.

Орал: «Табиғатты әркім әр түрлі сүйеді. Біреу тыныштықты, адам аяғы баспаған, орман – тауды ұнатады. Ал мен табиғатты адаммен байланыстыра салғанды жақсы көрем», - дейді.

Қазақтар өз суретшісін баяғыдан-ақ танып, мойындады. Алматыда Орал Таңсықбаев атындағы көркемсурет училищесі бар.

4. Деңгейлік тапсырмалар.

III деңгей. Мәтіндегі етістіктерді қалау райда көрсетіңіздер.

II деңгей. Мәтін бойынша диалог дайындаңдар.

I деңгей. Суреттеріне қарап әңгіме құрыңдар.

**Рефлексия:** - Балалар, бұл тапсырма бізге қажет пе? Бұл тапсырма бізге не үшін қажет?

Оны қайда қолдануға болады? Осындай тапсырма бізге не үшін керек?

Неліктен керек?

5. Екі топ бір-біріне сұрақ қояды. Сұрақ – жауап әдісі.

**Рефлексия:** - Балалар, сонымен осы екі суретшінің ортақ қандай қасиеттері бар екен? Өзгешеліктері қандай?

6. Әр суретшінің ортақ белгілері мен айырмашылығын анықтау үшін Венн диаграммасын толтырамыз.

Туған жылы, туған жері, қандай отбасынан шықты?

Кімнен үйренді, кімдерге еліктеді?

Шығармалары, еңбектерінің жалпы саны қанша?



Жетістіктері қандай?

Олардың атында нелер бар?

Оқушылар Венн диаграммасын толтырады. Әр суретші туралы алған білімдерін дәлелдейді.

**Рефлексия:** - Балалар, біз бүгін кімдердің шығармашылығымен таныстық? Осындай тапсырма бізге не үшін қажет? Осы суретшілер туралы сұрақтар қайда кездеседі?

## **V. Грамматикалық бөлім:**

Тест тапсырмаларын орындату.

Жауап кілттері арқылы өздері орындаған тест тапсырмаларын өздері тексереді. Бағалау мөлшері бойынша өздерін-өздері бағалайды.

## **VI. Бекіту кезеңі.**

Мұғалім: - Балалар, қазақ сурет өнерінің негізін салушы кім? Түрксіб темір жолы картинасының авторы кім? Қырық жасында халық суретшісі атанған кім? Әбілхан Қастеевпен бір жылы туған тағы қандай суретшіні білеміз? Орал Таңсықбаев қайда туған?

Ол табиғатты қалай суреттегенді ұнатады?

Тест тапсырмаларын орындау.

**1. Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы кім екенін белгілеңіз:**

- а) Кәміл Шаяхметов;
- ә) Әбілхан Қастеев;
- б) Айша Ғалымбаева.

**2. Ташкентте туған суретшіні анықта:**

- а) О.Таңсықбаев;
- ә) Ә.Қастеев;
- б) Н.Хлудов.

**3. Қалау райдың жұрнағын көрсетіңіз:**

- а) -ғы,-гі,-қы,-кі;
- ә) -са,-се;

б) -сын,-сін.

**4. Қырық жасында халық суретшісі атанған кім екенін көрсетіңіз:**

- а) Қ.Телжанов;
- ә) О.Таңсықбаев;
- б) Ә.Қастеев.

**5. Төрт мыңнан астам еңбек қалдырған суретшіні белгілеңіз:**

- а) Ә.Қастеев;
- ә) М.Кенбаев;
- б) О.Таңсықбаев.

**6. Етістіктің неше райы барын анықтаңыз:**

- а) 2;    ә) 4;    б) 3.

**7. Орал Таңсықбаевтың елге деген сағынышын қай картинасынан көруге болады?**

- а) «Көш»;
- ә) «Демалыс»;
- б) «Ходжикент».

**8. «Түркіб темір жолы» картинасының авторы:**

- а) М.Кенбаев;
- ә) Н.Холдунов;
- б) Ә.Қастеев.

**9. Қалау райға қандай көмекші етістік қолданылатынын белгілеңіз:**

- а) тұр;
- ә) кел;
- б) отыр.

**10. Қай суретшінің мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланғанын анықтаңыз:**

- а) Әбілхан Қастеев;
- ә) Орал Таңсықбаев;
- б) Қанафия Телжанов.

Жауап кілттері:

1-Ә 2-А 3-А 4-Б 5-Б 6-Ә 7-А 8-Б 9-Ә 10-А

Тесттің бағалау мөлшері:

10-9 дұрыс жауапқа – «5»

8-7 дұрыс жауапқа – «4»

6-5 дұрыс жауапқа – «3»

5-тен төмен жауапқа – «2» деген баға қойылады.

Жауап кілттері арқылы өздері орындаған тест тапсырмаларын өздері тексереді. Бағалау мөлшері бойынша өздерін-өздері бағалайды.

## **VII. Сабақты қорытындылау (Рефлексия).**

<b>Нені білемін?</b>	<b>Нені білдім?</b>	<b>Нені білгім келеді?</b>
Әбілхан Қастеев	Орал Тансықбаев	Басқа да суретшілер туралы
Туған жылы, еңбектері.	Нені суреттеген еңбектері.	Басқа суретшілердің еңбегі

## **VIII. Бағалау.**

### **IX. Үйге тапсырма беру.**

1. Жаңа сөздерді жаттау. Олармен қалау райда сөйлем құрастыру.

2. Мәтін негізінде пікірталасқа дайындалу.

3. Екі суретшінің шығармашылығына ізденіс жұмысын жасау.

Шынар ҚАЛИАХМЕТОВА,  
Риддер аграрлы-техникалық  
колледжінің қазақ тілі  
пәнінің оқытушысы.

## СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

*Алтайдың асты да – алтын, үсті де – алтын*

*Алтайдың басы – байтақ, бауыры салқын...*

*Алтайдан алтынды алып алқымына*

*Қол салды, қойнын ашты менің халқым!*

*(Асқар Тоқмағанбетов).*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – сын есімнің жасалуын, «Алтын» тақырыбы бойынша сөздікті меңгеру арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру; **дамытушылық** – негізгі, туынды сын есімдерді, тақырыпқа байланысты сөздікті ауызекі сөйлеуде, жазба тілінде қолдана білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілді меңгеру арқылы мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Типі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелесу, кітап және оқулықпен жұмыс, сөздік, көрнекілік, демонстрация, тәжірибелік жаттығу. **Жұмыс формалары:** жеке, жұптық, топтық, ұжымдық. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет, тарих, мәдениеттану, геология. **Көрнекілігі:** видео, суреттер, кесте, тест сұрақтары, деңгейлік тапсырмалары бар кәртішкелер, презентация.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** а) амандасу; ә) оқушыларды түгелдеу; б) сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

- Мы с вами заканчиваем изучение раздела «Түсті металлдар». За время рассмотрения раздела изучили следующие темы: «Мырыш», «Қорғасын», «Мыс», «Қалайы», «Титан», «Магний», «Күміс». Тема нашего сегодняшнего урока – «Сын есімнің жасалуы».

## II. Үй тапсырмасын тексеру.

## III. Оқушылардың білімдерін жан-жақты тексеру:

а) Сұрақ - жауап жүргізу:

1. Сын есім дегеніміз не?
  2. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?
  3. Сөйлемдегі қызметі?
  4. Сын есімнің қандай түрлері бар?
  5. Сын есім заттың қандай түрлерін білдіреді?
- ә) Өлеңді мұқият тыңдау, сұрақтарға жауап беру.

1. Қандай түсті металлдар аталады?
2. Өлеңнен сын есімдерді табу.
3. Негізгі, туынды сын есімдерді табыңдар.
4. Туынды сын есімдер қалай жасалып тұр?

Өскеменім

Алмайтын ешбір тыным,  
Кенді Алтай, ғажап сырың.  
Шығыстан қарсы аласың  
Арайлы таңның нұрын.

Бірігіп алып күштер,  
Өркендеп өндірістер,  
Адамдар қолыменен  
Жасалды жарқын істер.

Қорытылған алтындары,  
Көгертер халқын әлі.  
Арулар құлағында  
Сырға болып жарқылдайды.

Алтын мен ақ күмісің,

Қорғасын, мыс,мырышың,

Осымен, Өскеменім,

Әлемге әйгілісің. (Қайырбек Оқасов)

**IV. Жаңа тақырыпты меңгеру.** Грамматикалық

тақырып: Сын есімнің жасалуы.

№	Жұрнақтар	негізгі түбір	туынды түбір
1.	-ды,- ді, -ты, -ті, -лы,-лі. (Указывает на отношение одного предмета к другому)	тау түс күн кен	
2.	-дай,-дей, -тай,-тей. (Указывает на качество предмета относительно другого предмета)	алтын күміс қыз	
3.	-лық, -лік, -дық,-дік,-тық,-тік. (Образуют прилагательные от слов заимствованных из русского предмета)	техника инженер геология аграр	
4.	-сыз,-сіз. (Отрицательные прилагательные)	бұлт ақыл	
5.	-қы,-кі,-ғы,-гі. (Указывает на отношение к месту или времени)	көктем кеш жаз	

Лексикалық тақырып:

а) текст «Золото» (опережающее задание).

1. Распространенность золота в природе.

2. Химические свойства.

3. Физико-механические свойства.

4. Применение золота в науке и технике.

5. Валютно-финансовое значение золота.

6. Связь с жизнью.

ә) сөздік: (сөздерді орыс тіліне аудару және алфавит ретімен жазу)

*золото – алтын;*

*плавление – балқыту;*

*разведка – барлау;*

*обогащение – байыту;*

*обработка – өңдеу;*

*освоение – игеру;*

*слиток – кесек;*

*раствор – ерітінді;*

*измельчение – ұсақтау;*

*тягучий – созылғыш;*

*месторождение – кен орны.*

б) Тақырыпқа байланысты бейнемәтінмен таныс болу.

Аудирование текста.

1. Мәтінде Шығыс Қазақстан облысының қандай өндіріс орындары аталды?

2. Шығыс Қазақстан облысында қандай түсті металлдар өндіріледі?

3. Мәтіннен алтын туралы не білдіңдер?

4. Алтын қалай өндіріледі?

**V. Алған білімдерін қолдану кезеңі:**

а) Деңгеймен берілген шығармашылық тапсырмаларды орындау.

Мағыналық жағынан тіркесе алатын сөздермен сызық арқылы белгілеп, сөйлем құрастыру, **туынды сын есімдерді табу және оларды орыс тіліне аудару.**

Алтын Д.И. Менделеевтің кейін натрий ерітіндісімен периодтық жүйесінің өңдеу арқылы алады.

Таза алтын сары түсті, I тобындағы химиялық созылғыш элемент.

Рудадан алтынды ұсақтау, химиялық инертті элемент. балқыту

Сұрақтарға жауап беру арқылы, сұрақ-жауап құрастыру.  
**Сөйлемдердегі туынды сын есімдердің астын сызу.**  
Жауаптарын орыс тіліне аудару.

1. Алтын қандай элемент?
2. Қандай металл?
3. Алтынның атомдық салмағы қандай?
4. Алтынның балқу температурасы қандай?
5. Рудадан алтынды қалай алады?
6. Алтын қайда пайдаланылады?

Берілген сөз тіркестері мен туынды сын есімдерді пайдаланып, мәтін құрастырыңыз.

Химиялық инертті элемент, асыл металл, алтынды ұсақтау, балқыту, натрий ерітіндісімен өңдеу, алтынмен бағаланады, пайдаланыла бастады, кесек түрлері, кен орыны.

ә) Алтынның қазіргі кездегі орны.

#### **VI. Үй тапсырмасы:**

а) ереже; б) сөздік; в) мәтін; сұрақ-жауап;

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қ.Ақышев. Қазақстанның көне алтыны. А., «Өнер», 1983.
2. Р.С.Әміренова. Қазақ, орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Көкшетау, 2003.
3. А.С.Сейдімбек. Қазақ тілі (жоғары сынып оқушылары мен студенттерге арналған). А., 1999.
4. А.Қ.Сейілхан, З.С.Советова. Туған өлке байлығы. Өскемен, 2003.





Алима КУБЕНОВА,  
Тараз қаласындағы  
№40 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## КІТАП – АЛТЫН ҚАЗЫНА

**Мақсаты:** білімділік – оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу; **тәрбиелік** – оқушылардың білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру; **дамытушылық** – оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Құрал-жабдықтар:** компьютер.

**Мұғалім:** - Бүгін біз «Тапқыр достар» сайысын бастаймыз. Егер біз сөзжұмбақты шешсек, бүгінгі сайысымыздың тақырыбы шығады. Слайд бойынша сөзжұмбақты шешу.



«Кітап – алтын қазына».

**Мұғалім:** - Бүгінгі сыныптан тыс іс-шарамыз бізді білімді, өнерлі болуға тәрбиелеп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектескен ақылдың кені – кітапқа арналады.

Ақылшы дос ұрпақтың,  
Көңілін көптің таба алған,  
Адамға бақыт сыйлаған,  
Кітабым – алтын қазынам.

**Мұғалім:** - Ал, енді, 3-сыныптар арасындағы «Кітап – алтын қазына» тақырыбы бойынша «Тапқыр достар» сайысын бастаймыз.

I топ – «Қарлығаш»

II топ – «Сандуғаш»

I. Таныстыру.

II. Сөз тапқанға.

III. Ойлан, тап.

IV. Сен білесің бе?

V. Мақал-мәтелдер жарысы.

VI. Үйден дайындалып келген өнер.

**I. «Таныстыру» кезеңі.** «Қарлығаш» тобы:

– Таныссақ, Шестакова Дашамын мен,

Талай биік асулардан асамын мен.

Өнерімді көрсетіп өздеріңе

Ән мен жырдың шашуын шашамын мен.

«Сандуғаш» тобы:

– Сабырлы да салмақты

Менің атым – Саодат.

Кітапты көп оқимын,

Достарымды сыйлаймын,

Ұстаздарды құрметтеп,

Ата-ананы құрметтеп.

Владислав жалғастырған Егай тегін,  
Қазақстан – Отаным, өскен жерім.  
Сүйемін қазақ тілін өз тілімдей,  
Себебі, қазақ халқы – туған елім.  
Риза болам қазағымның салтына,  
Жер жарған атағы мен даңқына.  
Алдарыңда – кәріс қызы Алина,  
Сәлем берді басын иіп халқына.

Салт-дәстүрді білетін,  
Елін, жерін сүйетін  
Хан Милена – жақсы қыз,  
Күлімдеп ылғи жүреді.  
Ойға білім тоқыған,  
4 пен 5-ке оқыған.  
Қазақ тілін сүйетін,  
Көп нәрсені білетін,  
Сабырлы да салмақты,  
Мінезі әркез салмақты.

**II. Сөз тапқанға.** Қатысушыларға әріп беріледі. Осы әріптерге байланысты сұрақтарға жауап беру.

Есімің кім?

1. Сабақ оқуға кім көмектеседі?

Кітапты қалай оқисың?

2. Мектепке қай уақытта барасың?

Кітапты қалай ұстайсың?

3. Таңертең тұрғанда анаңа не айтасың?

Неше жастасың?

4. Сөмкеңде не бар?

Мектепке кіммен келесің?

5. Ұйықтар алдында әжеңе не айтасың?

Бос кезде немен шұғылданасың?

6. Кітапты қалай оқисың?

Тоңазытқышта не бар?

7. Үстіңе не киесің?

Жақсы көретін тамағың?

8. Әженді сен қалай жақсы көресің?

Туған күнің қай айда?

9. Кіммен доссың?

Ең тәтті не?

10. Бос уақытыңда не істейсің?

**III. Ойлан тап.** Тұспалдап жасырып айту.

Экранда 10 сурет беріледі. Осы суретті антоним, синоним арқылы немесе қимылмен көрсетіп табу керек.

**IV. Мақал-мәтелдер сайысы.**

«Қарлығаш» тобы:

«Сандуғаш» тобы:

- |  |   |
|--|---|
| 1. Кітап оқығандыкі,<br>Білім тоқығандыкі.         | 1. Күш білімде, білім – кітапта.<br>2. Кітап – ғылым, тілсіз - мұғалім. |
| 2. Кітап – асыл қазына.                            | 3. Оқусыз білім жоқ,  |
| 3. Кітап – алтын сандық,<br>іші толған қазына құт. | Білімсіз күнің жоқ.   |
| 4. Оқу түбі – тоқу.                                | 4. Білім тозбайды,<br>ақыл азбайды.                                     |
| 5. Кітап – білім бұлағы,<br>Білім – өмір шырағы.   | 5. Кітап – ақылшы дос<br>Қойған жерде жатады,                           |
| 6. Әліппенің ар жағы -<br>білім бағы.              | Қолыңа алсаң тіл қатады.  |
| 7. Кітапсыз - білім жоқ,<br>білімсіз күнің жоқ.    | 6. Кітап - ең сабырлы ұстаз.  |
| 8. Ойна да күл,<br>Оқы да біл.                     | 7. Кітабың – сенің құралың,<br>жағар білім шырағың.                     |
| 9. Өзіңді – өзің білу үшін<br>кітап керек.         | 8. Білім – қымбат,<br>білу қиын.  |
|  | 9. Артық білім кітапта,<br>ерінбей оқып көруге.                         |

**V. Сен білесің бе?** Бұл ойын кезеңінде оқушылар

экрандағы ұяшықтардағы сұрақтарға жауап береді. Егер сұраққа дұрыс жауап берсе, ұяшықтағы ұпай санын алады.

1. Наурыз көже неше түрлі тағамнан жасалады.
2. Не артық? (орындық, төсек, үстел, компьютер)
3. Жалғаулық шылауды дұрыс жалға.
4. Асан дәптер (мен, бен, пен) кітап сатып алды.
5. Қазақ даласында мектеп салғызған, қазақ балаларына арнап «Әліппе» жазған кім?
6. Жұмбақты шеш.
7. Сұраулық шылауды дұрыс жалға. (ма? ме? па? пе? ба? бе?) Мынау кітап ... ?

## **VI. Үйден дайындалып келген өнер?**

«Қарлығаш» тобы

Көрініс. Салақ бала мен кітап.

Кітап: – Неге мені сыздың сен,  
Саған білім беріп ем,  
Мол мәлімет беруге,  
Асығып-ақ келіп ем,

Автор: – Деді кітап жылады,  
Асығып-ақ келіп ем,

Салақ бала: – Салақ бала ойланды,  
Өшіргішті қолға алды.  
Сызғандарын өшірді,  
Кітап оны кешірді,  
Сөйтіп кітап тазарды.

Ортаға кітап шығып сөйлейді.

– Мені адамдар сүйеді, құрметтейді. Маған арнап сөрелер жасап, үстіме шаң жуытпай таза ұстайды. Мені ұрпақтан – ұрпаққа мұра етіп қалдырады. Мен де адамды жақсы көремін. Қалтқысыз қызмет етемін. Адамға жақсы тұруды, бақытты өмір сүруді үйретеміз. Балаларға ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргенін, қандай өсиет қалдырғанын айтып беремін. Сондықтан мені таза, ұқыпты ұстандар.

«Сандуғаш» тобы.

Оқушы: - Сәлеметсіз бе, дәрігер?

Дәрігер: - Сәлеметсіз бе?

Оқушы: - Дәрігер, мен сізге кітабымды әкелдім. Ол науқас.

Дәрігер: - Жарайды, алдымен диагнозын анықтап алайық.

Мұңайма, емдеп жазамыз. Кітабыңа су тиген, беттері жыртылған.

Кітабыңды түптеймін, жыртылмасын.

Таза болсын, беттері кірлемесін.

Мен мынадай кеңестер айтамын, есіңе сақта.

Кітап мұқабасы бүгілмес үшін, қаптап жүр.

Кітап беттерін жыртпа.

Кітапқа сурет салма, жазба.

Тамақ ішіп отырып, кітап оқыма.

Кітапты жатып оқыма.

Кітап беттерінің арасына қарындаш, қалам салма.

Оқушы: - Жарайды, дәрігер, кеңестеріңізді үнемі еске сақтаймын.

Дәрігер: - Сау болыңыз!

Оқушы: - Оқушылар, оқы, ойна,

Оқу-білім, саған пайда,

Кітабыңның шетін жыртып,

Сияменен бояп қойма.

Оқы талмай, түй сана санаңа

Сыр құяды кітабың,

Жыр құяды санаңа,

Таза ұстап кітабыңды, қастерле.

- **Көрермендерге сұрақ.** Кітап туралы қандай жұмбақ білесіңдер.

Қабат-қабат қапталған,  
 Ақыл сөзбен апталған,  
 Парағы бар сөйлейтін,  
 Ол – қазына сөйлейтін.  
 Көп әңгіме, өлеңім,  
 Күнде ақыл береді,  
 Жақсы көрсе мені кім?  
 Мен де жақсы көремін.

Тілі бар да үні жоқ,  
 Өзін адам түсінген,  
 Жүрегі бар, қаны жоқ,  
 Сөйлейтұғын ішінен  
 Сөзі дана, үні жоқ,  
 Сөйлемейді, тілі жоқ,  
 Қолыма алсам шешен,  
 Ақылы асқан көсем.

(Кітап)

Кітап туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Бүктеме, балалар,  
 Кітаптың парағын.  
 Арманы бар онда  
 Атаның, бабаның.

Жыртпашы, балалар,  
 Кітаптың парағын.  
 Ақылы бар онда  
 Ақынның, дананың.

- Қазақ даласында мектеп салған, қазақ балаларына арнап

«Әліппе» жазған Ы.Алтынсаринның өлеңін кім айтып береді?

«Кел, балалар, оқылық» өлеңін оқушы жатқа оқиды.

**Ән. «Кітап» Қорытындылау.**

	«Қарлығаш» тобы	«Сұңқар» тобы
I. Таныстыру.		
II. Сөз тапқанға		
III. Ойлан тап.		
I. Мақал-мәтел сайысы		
Сен білесің бе?		
I. Үйден дайындалып келген өнер.		
Қорытынды.		



Гүлмира МОЛДЫБАЕВА,  
Ковыльный орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан.

## ОЙЫ КЕМЕЛ, ҚАЛАМЫ ШЕБЕР

**Сайыстың жоспары:** Сайыстың мақсатымен таныстыру: **білімділік** – Ғ.Мүсірепов пен С.Шәймерденов жерлестеріміздің шығармаларынан алған білімдерін тексеру және молайту; **дамытушылық** – тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын ояту, шығармашылық қабілетін арттыру, өздігінен жұмыс жасауға дағдыландыру; **тәрбиелік** – туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.

**Топты ұйымдастыру.**

**Мұғалім сөзі:** - Балалар, бүгінгі «Ғабит Мүсіреповтің 110 жылдығына және Сафуан Шәймерденовтің 90 жылдығына арналған «Білгірлер» атты сайысын өткіземіз. Алдын-ала берілген тапсырма бойынша екі топқа бөлініп, әр топ өзінің белгісін, ұранын, топтың атауын белгілеп келулері керек еді. Жарысты жүргізу үшін екі топқа жетекшілер сайлап алайық. Қай топ оқушыларының күштірек екенін анықтап беретін әділқазылар алқысын сайлап алайық.

Сөз кезегін топ жетекшілеріне береміз.

1-топ: - Тобымыз «Қыран» деп аталады Қыран деген атауды, балалар, бекер таңдағанымыз жоқ. Қыран құс біздің мемлекеттік туымызда күннің астында қалықтап ұшқан күйінде белгіленген. Осы қыран құстай білім биігінде самғап ұшуға ниеттіміз.



Біздің ұранымыз:

- Талпынбаса ғылымға, өнерге кім,  
Талаптыға төгілер сәулелі күн.  
Талпынамыз шыңдарға, асқарларға,  
Талпынамыз табысқа кенелуге.

2-топ: – Тобымыз «Тұлпар» деп аталады.

Қасиетті мемлекеттік елтаңбамыздың екі жағын қанатымен көмкеріп тұрған ертедегі тұлпарлар бейнеленген.

Тұлпардай жүйрік болыңдар!

Біздің ұранымыз:

- Әрбір күнде ғылымға аттанғанда,  
Кеуде соғар біз емес мақтанғанда.  
Қазақстан жазушыларын паш етеміз,  
Үміттерін бола ма ақтамауға?!

Топ жарысы: 1-ші кезең.

- Енді, балалар, сайысымыздың бірінші кезеңін бастайық.

«Сөздік жарыс сайысы». Берілген сөздерді 3 тілде айту.

«Қыран» тобына:

- деятель, ..., ...
- известный, ..., ...
- в бедной семье, ..., ...
- родился, ..., ...
- для блага народа, ..., ...
- более, ..., ...

«Тұлпар» тобына:

- общество писателей, ..., ...
- заслуженный деятель, ..., ...
- мастер своего дела, ..., ...
- редактор, ..., ...
- заместитель, ..., ...
- народный писатель, ..., ...

2-кезең. Аударылған сөздер көмегімен сөйлем құрастырыңдар. Обратите внимание на порядок слов.

(мысалы төменде берілген)

«Қыран» тобына:

а) Ғабит Мүсірепов көрнект қайраткерлердің бірі.

ә) Кедей шаруаның отбасында дүниеге келген.

«Тұлпар» тобына:

а) Сафуан Шәймерденов ҚР-ның халық жазушысы.

ә) “Әдебиет және өнер” баспасының бөлім меңгерушісі,

редактордың орынбасары.

- Әділқазылар алқасы! Жарысымыздың бірінші және екінші кезендері бойынша қорытынды шығаруларыңызды сұраймыз.

**3-кезең – «Сиқырлы қоржын ойыны».**

Екі топтың жетекшілері «Сиқырлы қоржыннан сұрақтар алып, топ мүшелері оған жауап береді»

«Қыран» тобына:

- Ғабит Мүсірепов кім?

- Ғабит Махмұтұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келген?

- Ғабит Махмұтұлы қай қалада, қай жоғары оқу орнында оқыды?

- Ғабит Махмұтұлының қандай әңгімелерін білесіңдер?

- Ғабит Махмұтұлы өз жазушылық еңбегіне кімді үлгі қылған? Орыс классиктері.

- Романдарын атап беріңіз.

- Қандай пьесалар жазған?

«Тұлпар» тобына:

- Сафуан Шәймерденов кім?

- Сафуан Шәймерденов қай жылы, қай жерде дүниеге келген?

- Қандай оқу орындарын бітірді?

- Сафуан Шәймерденовтің жұмыс істеген орындары?

- Алғашқы романы қай жылы шықты?

- Пьесаларын атап беріңіз.

- Кімнің шығармаларын қазақ тіліне аударған?

- Әділқазылар алқасы! Сайыстың 3-кезеңі бойынша қорытынды шығарыңыздар.

**Сайыстың 4-кезеңі: «Қыран» тобы мен «Тұлпар тобы» білім, оқу, тіл туралы қандай мақал-мәтелдер, өлең- тақпақтар біледі, сол бағытта жарысады.**

Отан ( ) да ыстық.

Туған жерге ( ) тік.

Туған жердің ( ) де,ыстық,  
де ыстық.

көтермегенді,тіл көтереді.

шаласынан,

Сөз шаласы жаман.

**Келесі кезек «Тұлпар» тобында.**

ойлағанды, тіл бітіреді.

көңілдің айнасы.

Тіл қылыштан да өткір.

Тіл көңілдің

**5-кезең: Өлеңді мәнерлеп оқу сайысы.**

**«Қыран» тобы:**

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба.

Құмарланып, шаттанба,

Ойнап, босқа күлуге.

Ғылым болмай немене,

Балалықты қойсаңыз.

Болмасаң да, ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз. (Абай)

Оқыған- адам ғой

Ізденіп көріңіз,

Ғылымды заман ғой.

Ауырсаң емің ғой.

Бәріңе жетеді,

Таусылмас көлің ғой. (Шәкәрім)

### «Тұлпар» тобы.

Білген сайын келеді, біле бергің,  
Біле беру емес пе тілегі елдің.  
Белден ассаң, алдыңа бел көрінсе,  
Қызыққаннан келмей ме жүре бергің.  
Сондықтан да келеді біле бергім,  
Білімдіні сүйерін білем елдің. (А.Токмағамбетов)

Ғалым болғым келеді,  
Жер байлығын ақтарған.  
Жалын болғым келеді,  
Гүл жасайтын тастардан.  
Артқа тастап ғасырды,  
Тасып кеткім келеді.  
Алатаудай асылды  
Асып кеткім келеді. (Х.Талғаров)

– Әділқазылар алқасы! Жарыстың 4-кезеңі бойынша

қорытынды шығарыңыздар.

#### 1. Ғ.Мүсірепов кім?

- а) ақын;
- ә) би;
- б) айтыскер;
- в) жазушы.

#### 2. Ғ.Мүсірепов қай жылы дүниеге келді?

- а) 1802 ж.;
- ә) 1942 ж.;
- б) 1912 ж.;
- в) 1902 ж.;

3. Ғ.Мүсірепов Қазақстанның қай облысында дүниеге келді?

- а) Оңтүстік Қазақстан облысы;
- ә) Солтүстік Қазақстан облысы;

б) Шығыс Қазақстан облысы;

в) Батыс Қазақстан облысы.

**4. Алғашқы көлемді туындысы:**

а) Тулаған толқында;

ә) Қос шалқар;

б) Қазақ солдататы;

в) Кездеспей кеткен бір бейне.

**5. “Қазақ солдататы” романы қай жылы жарық көрді?**

а) 1950 ж.;            ә) 1940 ж.

**6. Сафуан Шәймерденов қай жылы дүниеге келген?**

а) 1922;

ә) 1935;

б) 1920;

в) 1940.

**7. Сафуан Шәймерденовтің туған жері?**

А) Оңтүстік Қазақстан;

ә) Батыс Қазақстан;

б) Солтүстік Қазақстан;

в) Шығыс Қазақстан.

**8. С.Шәймерденовтің алғашқы романы?**

А) Болашаққа жол;

ә) Шалдуар;

б) Қарғаш;

в) Мінез.

**9. Қай жылы мемлекеттік сыйлықпен марапатталды?**

а) 1975;

ә) 1988;

б) 1964;

в) 1960.

**10. Қандай оқу орынын бітірді?**

А) ҚарМу; ә) Әл Фараби ат. ҚазҰУ; б) Абай ат. ҚазҰПУ.

**Қорытынды:** Осы турда жеңіп шыққан топ марапатталады.

## ТІЛ БІЛГІРІ

**Мақсаты:** оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, өз тілін дұрыс меңгеріп, таза сөйлей білуге, ана тілін қастерлеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** қанатты сөздер, гүлдер, шарлар, суреттер, буклеттер.

**Сайыстың барысы:**

**Мұғалім:** - Қымбатты оқушылар! Елімізде жыл сайын тамыз-қыркүйек айлар аралығында Қазақстан халқы тілдер фестивалі өтеді. Осы фестиваль аясында біз 6-сыныптап арасында «Тіл білгірі» сайысын өткізгелі жатырмыз. Сайысымызға қош келдіңіздер!

Тілден асқан асқар жоқ,

Тілден асқан байлық жоқ,

Тілден асқан теңіз жоқ,- дей келе бүгінгі сайысқа қатысатын оқушыларды шақыртайық.

Оқушылар өздерін таныстырады.

**Мұғалім:** - Сайыскерлеріміздің білімін, шешендік шеберліктерін бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстырайық.

Сайысымыз 3 турдан тұрады. Әр жауап 5 ұпаймен белгіленіп отырады. Кім бірінші көк жалауды көтерсе, сол топ жауап береді. Сұрақтар, тапсырмалар қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша қойылады.

**I тур – «Бәйге».**

1. Қазақ тілінің әліпбиі неше әріптен тұрады? (42)
  2. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? (9)
  3. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар? (15)
  4. Қазақ тілінде буынның неше түрі бар? (үш: ашық, бітеу, тұйық)
  5. Қазақ тілінде неше септік бар? (7)
  6. Жалғаудың неше түрі бар? (4)
  7. Тәуелдік жалғауын дұрыс жалғандар: менің үй..., сенің сап..., оның пәтер..., менің дәптер..., сіздің сағат..., оның сауық..., сенің сызғыш..., менің балығ...;
  8. Жаңылтпашты тез оқы: жайлауға көш көшті, көш кеш көшті.
  9. «Өз орныңды тап» ойыны. 81-бет, «Дидактикалық материал», 5-сынып.
  10. «Сөзді аяқта» ойыны немесе «Жоқ дыбысты, жоқ буынды тап», 74-бет, «Дидактикалық материал», 5-сынып.
- Ал келесі II тур орыс тілінде өтеді, яғни, сөз кезегі орыс тілі пәнінің мұғалімі Т.И.Собескаяға беріледі.

## **II тур.**

1. Определите, сколько раз встречается звук (а) в следующем предложении: Я люблю свою лошадку.
2. Найдите четвертое лишнее слово: зодчий, редька, след, усадьба.
3. Напишите слова, которые образуются, если прочитать в обратном порядке транскрипцию слов (Люк, ожог, киль, сад, краб, араб, куб)
4. Какое слово отличается от других по составу (Пушкина, трещинка, морщинка, овчинка)
5. Сколько здесь однокоренных слов: жало, жаль, жали, жалованье, жалюзи, жалоба
6. В каких словах окончание – ая? (большая, до мая, приемная, скучая, из сарая, включая, стая)

7. Какие слова можно понять и как существительные и как глагол. Бой, вой, пой, рой, стой, лечь, печь, речь.

8. Какие существительные относятся к женскому роду. Сирота, шасси, гроздь, Таити, какаду, вуаль, ворота, Боржоми, сопрано.

9. Какие глаголы относятся ко II спряжению – выспаться, выгладеть, вытереть, вытерпеть, выстоять, вынести.

10. Сколько существительных стоит в предложном падеже? Подойти к забору, купить свеклу, прыгнуть с разбегу, сварить кофейку, сидеть в аэропорту, держаться на клею, ползать по полу, прятаться в шкафу, отвечать директору.

Ответы:

1. 4 раза (йа л.убл. у свайу лашатку)

2. Лишнее слово – усадьба.

3. Куль, кожа, лик, таз, толь, парк, пара, пук.

4. Пушкинка.

5. Только два – жаль и жалоба.

6. Большая и приемная.

7. Вой, рой, речь.

8. Гроздь и вуаль.

9. Ко II спряжению относится глагол – вытереть.

10. Сидеть в аэропорту, держаться на клею, спрятаться в шкафу.

Би орындалады.

III тур ағылшын тілінде өтеді, яғни, сөз кезегі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Т.А.Карпачка беріледі.



Ботагөз СӘРСЕКЕЕВА,  
Астана қаласындағы  
№31 мектеп-гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## САЛТЫН СҮЙГЕН – ХАЛҚЫН СҮЙЕР

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – мемлекеттік тілді меңгерту арқылы сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту; **дамытушылық** – оқушыға қазақ халқының салт-дәстүрлерінен түсінік бере отырып дүниетанымын кеңейту, халықтық педагогика элементтерін киелі 7 саны арқылы түсіндіру; **тәрбиелік** – халықтық дәстүрді сыйлауға, үлкенді құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** саяхат сабақ. **Әдістері:** әңгімелесу, түсіндіру, ойландыру, жаттықтыру, баяндау, іздену, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** сабақтың картасы, суреттер, киелі 7 саны, кесте, плакаттар.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Оқушылармен амандасу, сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.

**Мұғалім:**-Балалар, сабағымыздың түрі – саяхат болғандықтан тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлермен танысып, 7 санының төркініне үңіліп, мерекелерге саяхат жасаймыз.

**Мұғалім:** - Бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлерді кім атап бере алады?

1. Шілдеhana тойы.
2. Балаға ат қою.

3. Бесік тойы.

4. Баланы қырқынан шығару.

5. Тұсаукесер тойы.

6. Тілашар тойы.

7. Атқа мінгізу тойы.

8. Сүндет тойы.

9. Тоқым қағар.

Мұғалім: - Осы аталған тойлардың ішінде біз «Балаға ат қою», «Бесікке салу» «Тұсау кесу» дәстүрлеріне кішкене тоқталайық.

1. «Балаға ат қою»

(Бір оқушы бұл дәстүр туралы әңгімелейді).

2. Мұғалім оқушының әңгімесін қорытады.

Балаға тіл-көз тимесін деген ниетпен Тезекбай, Ошақбай, Жаманбай деген аттар қойылған.

Ал елдің ардақты азаматтарының атын жаңа туған нәрестеге солардай батыр, дана, өнерлі болсын деген ниетпен қояды. Мысалы: Абай, Ғабит, Мұхтар, Нұрсұлтан, т.б.

3. Бесікке салу (көрініс).

«Әлди бөпем» әні орындалады.

4. Бала тәрбиесіне байланысты тағы бір дәстүріміз- «Тұсау кесу».

(Оқушы сурет бойынша әңгімелейді).

- Мына суретте апалар сәбидің тұсауын кесіп, өмірге жолдама беріп отыр.

- Мұғалім: - Бала тәрбиесіне байланысты қандай мақал-мәтелдер, өлеңдер айтып бересіңдер?

Оқушылар: 1) *Балапан ұяда не көрсе,*

*Ұшқанда соны іледі.*

2). *Алдыңғы арба қайда жүрсе,*

*Соңғы арба сонда жүрер.*

3). *Қарағайға қарап тал өсер,*

*Қатарына қарап бала өсер.*

4). *Әдепті бала- арлы бала*

*Әдепсіз бала –сорлы бала.*

5) «Бала- бал» өлеңін жатқа айту.

Мұғалім: - Халқымыздың 7 деген саны киелі сан болып есептеледі.

Сабағымыздың түрі саяхат болғандықтан осы 7 саны арқылы саяхатымызды жалғастырамыз( картадан көрсету). Осы 7 деген киелі санның қайдан пайда болғанын сіздерге айтып берейін. («Жеті нан» деген аңызды айту). Осы санға байланысты қандай ұғымдар бар екенін мен сендерге ұйтапсырмасы ретінде бергенмін.

Оқушылардың жауаптарын тексеріп болған соң «7-киелі сан» деген кестені толтыру.

### **7-киелі сан**

Жеті қазына

1. Ер жігіт.

2. Сұлу әйел.

3. Ақыл, білім.

4. Жүйрік ат.

5. Қыран бүркіт.

6. Берен мылтық.

7. Жүйрік тазы (ит).

Жеті жұт

1. Құрғақшылық.

2. Жұт ( мал қырылу).

3. Өрт.

4. Оба ( ауру).

5. Соғыс.

6. Топан су.

7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті ғашық

1. Ләйлі-Мәжнүн.

2. Фархат-Шырын.

Жеті ата

1. Ата.

2. Бергі ата.

3. Арғы ата.

4. Баба

5. Ұлы ата.

6. Түп ата.

7. Тек ата (ата тек)

Жеті жоқ

1. Жерде өлшеуіш жоқ.

2. Аспанда тіреуіш жоқ.

3. Таста тамыр жоқ.

4. Тасбақада талақ жоқ.

5. Аллада бауыр жоқ.

6. Аққуда сүт жоқ.

7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті көк

1. Ай.

2. Күн.

Жеті күн

1. Бүгін.

2. Ертең.

3. Бүрсүгіні.

4. Арғы күн.

6. Соңғы күн.

7. Азына.

- |                  |                           |
|------------------|---------------------------|
| 3. Таһир-Зухра.  | 3. Есекқырған (Меркурий). |
| 4. Арзу-Қамбар.  | 4. Шолпан.                |
| 5. Уәлик-Ғарра.  | 5. Қызыл жұлдыз (Марс).   |
| 6. Уәки-Күлшаһ.  | 6. Сатурн.                |
| 7. Жүсіп-Зылиха. | 7. Мүштәри (Юпитер).      |

**V. Мұғалім:** - Біз сабағымыздың басында баланы бесікке бөлеу туралы айтып кеткенбіз, сол бесіктің үстіне де 7 нәрсе жабылады екен.

- 1) бесік, көрпе; 2) шапан; 3) кебенек;  
4) тон; 5) жабу; 6) жүген; 7) қамшы.

*Тон, шапан, жабу* - ержеткенде халықшыл болуына, жүрген- тез өсіп, ат үстінде ойнақ салсын, кебенек пен қамшы- ел қорғайтын ер болсын деген тілек.

**VI.** Халқымыз ежелден мал бағып күнін көрген халық.  
- Ендігі саяхатымыз мал жайында болмақ.

Жыл қайыруды ретімен атаңдар.

- |                   |            |
|-------------------|------------|
| Оқушы: 1. Тышқан. | 7. Жылқы.  |
| 2. Сиыр.          | 8. Қой.    |
| 3. Барыс.         | 9. Мешін.  |
| 4. Қоян.          | 10. Тауық. |
| 5. Ұлу.           | 11. Ит.    |
| 6. Жылан.         | 12. Доңыз. |

**Мұғалім:** - Тағы да 7 санына тоқталып өтейік. 7 санының астында жылқы жылы тұр. Жылқы туралы біз не білеміз? (оқушы жылқы туралы айтып береді)

**VII.** Тарихта аттары қалған жылқылар да бар. Олар- ер азаматқа серік болған аттар.

- Жетеуін атап беріңізші.

1. Кендебайдың Керкұласы.
2. Қобыландының Тайбурылы.
3. Алпамыстың Байшұбары.
4. Ақанның Құлагері.
5. Ертарғынның Тарланы.

6. Қараманның Қара аты.

7. Райымбектің Көк ойнағы.

VIII. Төрт түлік жайында қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

1. Малды бақсаң, қойды бақ,  
Май кетпейді шарадан.

Ит асырасаң сырттаннан,  
Қой бермейді қорадан.

2. Жалғыз түйе – бақырауық,  
Жалғыз бала – жылауық.

3. Сиыр сипағанды білмейді,  
Жаман сыйлағанды білмейді.

3. Жақсы адамға мал бітсе,  
Ағайынның жоғына қарасады.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Көрінгенмен итше таласады.

(Мақалдарды орыс тіліне аударып, мағынасын түсіндіру).

IX. - Ал, 7 санына байланысты қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

1. *Жеті рет піш, бір рет кес.*

2. *Жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары.*

X. Қорытынды сөз.

- Бүгін саяхат сабағымызда айтылған салт-дәстүрлеріміздің өзі маусымдық мерекеге сай келіп тұр.

- Қазір жылдың қай мезгілі, қай айы?

- Наурыз айында қандай халықтық мереке тойланады?

- Наурыз мейрамы туралы біз не білеміз?

Оқушы наурыз мейрамы туралы айтып береді.

Келесі оқушы «Наурыз көже» деген өлеңді жатқа айтып береді.

Мұғалім: - Наурыз көжеге 7 түрлі ас салынады екен.

1. Су. 2. Сүр ет. ( қазы, шұжық) 3. Сүт. 4. Құрт. 5. Бидай. 6. Тұз. 7. Тары.

# КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКОГО НАРОДА

**Цель урока:** ознакомление учащихся с культурой и бытом казахского народа, развитие интереса к родному краю, уважения к традициям казахского народа.

## **Благодатная юрта**

До наших дней казахский народ донес свою древнюю культуру, в том числе сохранил юрту – основное жилище тюркских народов.

Казахи относились и относятся к юрте как к священному имуществу, с уважением и почитанием. Значение юрты огромно. В свое время Ч.Валиханов отметил, что в XII-XIII вв. даже названия государств – Алтын орда (Золотая орда), Ақ орда (Белая орда), Көк орда (Синяя орда) – были связаны именно с юртой.

Юрта – это передвижное сборное жилище, изготовленное из дерева, кошмы, войлока, тростника, выделанных шкур, отделанное украшениями, изготовленными из металла (серебра). Всемирно известные ученые и искусствоведы, оценивая смекалку степных жителей, на всесоюзных и международных этнографических выставках давали высокую оценку творчеству казахского народа.

В 1861 году некий Алмас привез юрту на Всемирную этнографическую выставку в Париж и получил приз. В 1876 году Мейрам-хажы Жанайдарулы (главный батыр Кенесары-хана, сын Жанайдара) доставил юрту в Петербург, а в 1890 году Ибраим Адиллов показал юрту на выставке в Казани. В 1872 году хан Бокейской Орды Жангир подарил юрту

российскому царю Николаю I, чему царь был очень рад.

К примеру, в начале 90-х годов, в дни чествования Абылай хана, батыров Кабанбая, Богенбая, Шакшака Жанибека, Бухара жырау, великого Абая, акына Жамбыла поставили сотни юрт, за лучшую из которых был назначен приз. Всех поразила своей красотой и убранством торгайская юрта. Об этом помнят до сих пор. В 1991 году впервые в Кокшетау на поминках Абылай хана была выставлена 12-створчатая юрта, позже ее объем был увеличен на 18 створок. Торгайская юрта была выставлена в 1992 году на Всемирном курылтае казахов, в 1993 году – на празднике Есет батыра, на поминальном асе батыра Шакшака Жанибека, в 1994 году – на юбилее великого казахского поэта Абая. Эта юрта получила немало призов.

### **Отношение народа к юрте, приметы, связанные с ней.**

В сознании народа юрта священна. Один из самых торжественных моментов в жизни казахов,- передача юрты отцом сыну. Слово *шанырак* (*купол*) включает понятия «дом», «семья». Про новобрачных говорят: «*Шанырак котерди* – создали новую семью». Если благопожелание «Да будет ваш *шанырак* высоким!» самое святое, то проклятие «Пусть ваш *шанырак* обрушится на середину!» (то есть будет потеряна опора семьи) самое тяжелое. Через *шанырак* не перешагивают. Во время кочевья *шанырак* везут первым, возложив на верблюда. Невеста приезжает в аул жениха на «*шаңырақ түйе*» (түйе-верблюд), на которого вместе с невестой садятся мать, сноха, младшие сестры невесты.

Выражений со словом *кереге* также немало. Благословение «Пусть *кереге* будет широким!» означает пожелание дому множества гостей, чтобы он был просторным и благодатным.

*Бақан* (*шест*) означает для казаха – мощь. Выражение «*Бақандай бес жігіт*» - в переводе «Сила, как у пяти

джигитов».

Очень много метких выражений связано с дверью юрты. Каждый человек про свой родной дом с теплотой и гордостью говорит: *алтын босагам* (*алтын* - золото, *босага* - порог). Про посещение зятем дома родителей жены могут сказать: «*Есік көре келді*» (*есік* – дверь, *көре* – посмотреть, *келді* – пришел, приехал). «*Келін болып түсті*» - «в дом пришла сноха» (перешагнула порог) – с уважением говорят о снохе. Запрет «Не наступай на порог» призывает к прилежности.

Народ знал цену святому *кара шаныраку* (дому главы большой семьи). В устном народном творчестве юрта занимает особое место как средство воспитания и познания окружающего мира, самого себя, своего народа. До сего времени дошли пословицы и поговорки, скороговорки и загадки, песни и стихи, в которых казахи упоминают юрту и ее составляющие.

Широкая казахская степь – как сама душа гостеприимного, простого, трудолюбивого, приспособленного к степной жизни народа. Названия юрты и ее составных частей отразились во многих названиях нашей земли: *Ордабасы*, *Керегетас*, *Ақ отау*, *Босага*, *Қызылорда*.

### Прикладное искусство

«Мастер – золотые руки»,- говорят в народе. Культура народа проявляется не только в произведениях мастеров слова. Большое впечатление оставляют произведения декоративно-прикладного искусства, созданные истинными мастерами, которые из куска дерева и железа творили чудеса, из шерсти и драгоценных камней создавали шедевры, из золота и серебра - неповторимые украшения.

Казахские мастера изготавливали прекрасные инкрустированные изделия из кости и рога: музыкальные инструменты, шкатулки, посуду и домашнюю утварь,



чехлы, кнутовища, изящные бусы, пуговицы, броши. Изделия из рога комбинировали с деревом, медью, железом, золотом, серебром, различными драгоценными камнями. Высушенные сухожилия крупного рогатого скота сапожники использовали для шитья обуви, конской сбруи и других кожаных изделий.

Жженой костью уплотняли войлок юрты, чтобы он становился прочнее и не пропускал влагу.

Из слоновой кости (*дандан*), очень редкого материала, мастера изготавливали гребни, рукояти сабель и ювелирные украшения, которые можно встретить и поныне.

Народные умельцы использовали в своей работе крылья, кости и перья птиц, а также когти беркута, совы, высушенные кости черепа змеи. Для красоты на девичий головной убор прикреплялись перья. Перьями писали. Крыльями крупных птиц пользовались вместо веника.

Мастера знали секреты придания тому или иному предмету неповторимого изящества. Самыми подходящими для изделий были кости тайной молодой лошади. Каждый мастер имел свои инструменты и приспособления.

### **Материалы, используемые ремесленниками**

Народные мастера прикладного искусства использовали в своих работах камни – драгоценные (сапфир, рубин, бриллиант, александрит, изумруд, жемчуг и т.д.), полудрагоценные и поделочные (агат, янтарь, кораллы, малахит, яшму, лунный камень, яхонт, хризолит, бирюза, флюорит, сердолик, мрамор, гранит); а также металлы (золото, серебро, алюминий, сталь, медь, свинец, чугун) и ткани (бархат, шелк, тафту, плюш, вельвет, велюр, сукно, парчу, драп, атлас, ситец, бумазею, бязь, сатин, батист, миткаль, марлю, чесучу, штоф, тик.

В культурно-бытовом укладе казахского народа *камча* (плетка) занимала особое место. Камча – произведение искусства, вещь, придающая силу, неотъемлемый аксессуар жигита и девушки, подарок. К сожалению, немногие знают, что камчой не только погонщики пользовались, она была также инструментом дисциплины. Жигит с камчой в руках выглядел настоящим мужчиной. Множество песен сложено народом о камче.

*В руках держу камчу шестиветковую,*

*Не желаю красавицу видеть иную.*

*Поймешь меня, взглянув в глаза,*

*Не сравнить с плохим жигитом меня!*

Так пели жигиты своим возлюбленным.

Камча плетется из обработанной шкуры крупного рогатого скота. В каждом ауле были шорники, которые с особым мастерством и вкусом умело плели *божы* - вожжи, *ноқта* - подузки, *шідер*, *тұсамыс*, *шыбыртқы* (*бишік*) - кнуты. Плетение было не простым, а плотным, накрученным, граненым. Камчи плели из 3-40 шнуров. С увеличением количества шнуров плетение было толще и сложнее, а отсюда менялись и названия камчи.

Камча – неотъемлемая часть облика казаха. Его трудно было представить без лошади и без камчи. В традициях и обрядах были свои правила использования камчи. Когда просили слова для выступления, бросали камчу на середину. Пеший человек держал камчу, сложив ее вдвое. Держать камчу не сложенной - знак враждебности.

У казахов существовала национальная спортивная игра – *қамшы ойыны*. Среди прочего широко распространилось искусство *қамшыгерлік* (здесь: умение пользоваться камчой). Рассечь надвое растянутую шкуру крупного рогатого скота

одним ударом камчи, обороняться от врагов и волков умел каждый.

Камча служила также и единицей измерения: *камшы сабындай* (длиной в рукоять камчи) – небольшая длина; *камшы жетер жерде* (на длину камчи) – близкое расстояние.

### **Особенности казахской национальной одежды**

Национальная одежда казахов разнообразна и оригинальна. Одежда шилась на четыре сезона и на все случаи жизни. Дать описание всей одежды почти невозможно, поэтому мы остановимся на наиболее характерных дорогих видах одежды.

**Тымақ** – малахай, мужской зимний головной убор из овчины, пушнины, имеющий особый крой.

Раньше казахи могли определить по *тымаку*, из какого жуза, рода его владелец. Великий Абай в деталях описал *тымак*, воспевая его в своих стихах.

*Тымак* – священный головной убор. Его нельзя обменивать. *Тымак* почитаемых людей оставляли в наследство. В былые времена недоношенного младенца держали в *тымаке* ровно столько дней, сколько ребенок был недоношен.

**Бөрік** – один из широко распространенных головных уборов. Его носят как мужчины, так и девушки. *Бөрік* покрывали дорогой тканью, нижнюю часть обшивали мехом пушных зверей.

Молодые жигиты, певцы, люди искусства, акыны носили вышитый борик с перьями филина. Раньше жигиты и взрослые мужчины не ходили без головного убора.

Мужские головные уборы были разнообразными: колпак, малахай, тубетейка и др.

**Сәукеле** – очень дорогой головной убор невесты, имеющий конусообразную форму. Высота саукеле – 40-50 см. По народной примете, его макушку венчали перья

филина, оберегающие от сглаза. Обшитый дорогой тканью драгоценными камнями, украшенный орнаментом, вышитым золотыми и серебряными нитями, нитями кораллов, бирюзы, сердолика, жемчуга, рубина, отороченный мехом саукеле стоил очень дорого. С боков *саукеле* на грудь спускались вязанные ленты, придававшие ему особую красоту. От макушки убора до самой земли струился белый нежный шелк.

*Саукеле* шили истинные мастерицы. Надевали такие головные уборы только девушки из богатых и знатных семей. По головному убору невесты оценивали состояние ее семьи.

*Саукеле* – не только дорогой головной убор невесты, но и воплощение высокого эстетического вкуса и менталитета казахского народа. Он подчеркивает трепетное отношение казахов к своим дочерям. По обычаю, саукеле надевают только невесты, его не обменивают, не дают во временное пользование.

**Тон** – теплая шуба (тулуп) из обработанной овечьей шкуры. После обработки овечью шкуру красят хной или краской из коры ивы, после чего она приобретает коричневый, серый или пепельный цвет. Из этой овчины мехом внутрь шьют шубу. Ворот и рукава оторачивают мехом пушных зверей. Длина шубы может быть разной. Плечи, рукава, подол женской шубы вышиваются орнаментом.

**Қамка тон** (парчевая) – одна из самых дорогих, теплых, красивых шуб (тулупов). Раньше такие тулупы носили ханы, бии, баи, мырзы, жены ханов, знаменитые и обеспеченные люди. Их шили из ондатры, норки и других пушных зверей. В XIX веке потомки Абылай хана носили шубы из лебяжьих шкурок. Камка тон шили также из крашеной дубленой овчины и оторачивали мехом ценных пушных зверей.

**Шапан** – это старинная одежда из дорогой крепкой ткани

со стеганным подкладом. Ворот и низ рукавов вышиваются национальным орнаментом, иногда оторачиваются мехом пушных зверей или тканью с узорами. К чапану пришивают пуговицы или крючки, нередко вместо застежки используют пояс. Ныне снова можно увидеть пожилых людей в *чапане*. Писатель Г.Мустафин в пожилом возрасте носил *чапан*.

По традиции *чапан* дарили уважаемым гостям, сватам. В наше время в *мушел жас* (*мушел* – старинное исчисление возраста человека двенадцатилетними циклами: 13, 25, 37, 49, 61, 78, 85, 97 лет) преподносят чапан с добрыми пожеланиями.

**Қалпақ** – высокий мужской головной убор из белого войлока или из плотной ткани. Шили калпак из нескольких клиньев, края выворачивали наверх. Клинья вышивали национальным орнаментом, на макушку прикрепляли небольшую кисть. Калпак носили, как правило, авторитетные, знаменитые люди.

**Қамзол** – женская одежда из дорогой ткани с воротником, рукавами и без них, украшенная национальными узорами и орнаментом из золотых серебряных нитей. Женские украшения – ожерелье, нагрудник и другие ювелирные изделия – придавали камзолу национальный колорит.

**Жаулық** – белый платок замужних женщин, который придавал им неповторимый облик. У **казахского** народа есть почтительное выражение *ақ жаулықты* (в белом платке), связанное с понятиями «мать» и «бабушка». Матери и бабушки Арки (местность) носили двойной *жаулық*, верхний и нижний. Раньше *жаулық* носили старшие жены.

Пожилые женщины носят *кимешек* – платок вырезом для лица, покрывающий плечи. Передняя часть платка по овалу лица украшается вышивкой.

**Көйлек** – женское платье из яркой ткани, женские платья

шили с воротником-ойкой и длинными рукавами. Подол украшали юрками в два ряда.

**Белбеу** – пояс-ремень, опоясывающий теплую одежду мужчин и женщин. Ремень, изготовленный ювелирами из серебра и крашеной кожи, инкрустированной серебром или золотом, особенно ценился богатыми людьми.

На широком мужском ремне делали небольшой патрон-таш и чехол для ножа. Такой ремень называли *кисе белбеу*, он застегивался медной дугой или специальным крючком; его цена равнялась цене одной лошади.

Женский пояс делали тонким, узким и мягким.

Нередко вместо ремня использовали крепкую ткань, сложенную в несколько слоев.

**Етік** – женская и мужская обувь (сапоги) из кожи или хрома для зимы и лета. Сапожники для прочности прошивали сапоги нитями из сушеной кожи и пробивали деревянными гвоздями.

**«Вдоль спины заплетенные косы лежат...»**

*Вдоль спины заплетенные косы лежат,*

*И шолны отвечают движениям в лад.*

*Взор под шапкой бобровой волнует меня.*

*Нет, такой красоты не встречал еще взгляд! Абай.*

(Перевод Вс. Рождественского)

Коса испокон веков считалась украшением красавицы. Красоту девушки оценивали по ее волосам и стану.

Украшением женщины были *қолаң шаш* (густые волосы) и *сұмбіл шаш* (шелковые волосы). Волосы, заплетенные в две косы, называли *қос бұрым*, в одну – *жалғыз бұрым*. Длинная коса с вплетенными в нее специальными украшениями для волос (*шолны*), подчеркивала красоту девушки и придавала ей таинственность.

Поэты, вдохновленные красотой девушек и звоном этих украшений, слагали стихи, композиторы сочиняли музыку.

Для блеска волос использовали *шашмай* (бальзам для волос), который готовили из смеси сливочного масла и яичного белка. Среди прочих украшений особое место занимали *шолты* (прикреплялись к кончику косы). *Шолты* не только украшали, но и способствовали росту волос. Красивые *шолты* со звоном носили только девушки и молодые женщины.

Разновидностей *шолты* было очень много: со звоном, с ремешком, с бусами, с колокольчиками.

*Шолты* в красивых косах сверкали на солнце, невольно притягивая взор и звенели при каждом движении девушки, подчеркивая ее красоту и статью. Казахи говорили: «Хрустальному звону смеха вторит звон *шолты*».

### **Понятия, относящиеся к национальной казахской кухне**

Лексика национальной кухни многообразна и интересна. Это неотъемлемая часть богатого казахского языка и казахской культуры.

**Тамақ (тагам)** – пища, еда.

**Дастарқан** (скатерть) – стол с едой, угощение, по нему судили о щедрости и богатстве хозяина.

**Ақ** – молочные продукты.

**Айран** – кислое молоко.

**Бауырсақ** – кусочки дрожжевого теста, обжаренные в масле.

**Ет** – мясо по-казахски: вареная баранина, конина, говядина, верблюжье мясо, отваренные в бульоне.

**Қатық** – кисломолочный продукт.

**Құймақ** – оладьи.

**Құрт** – сушеный творог в виде шариков.

И много других названий национальной еды.

*(Продолжение следует).*

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 16.10.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1400. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№10, 2012 ж., 144 бет, Алматы.